



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК: 30 ЖЫЛДЫҚ ТАБЫСТЫ ДАМУ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2020

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



DAMU
КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ

МАЗМҰНЫ

Жылдың негізгі оқиғалары	2						
Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	4						
Басқарма төрайымының үндеуі	6						
1. Қор туралы	8	3.6. Халықаралық ынтымақтастық	27	9. Корпоративтік басқару	54	10. Жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер	78
1.1. Қордың тарихы	10	3.7. Жарнамалық қызмет және БАҚ-пен жұмыс	28	9.1. Корпоративтік басқару жүйесі	55	№1 қосымша	85
1.2. Қор қызметінің географиясы	11	4. Қызмет нәтижелері	30	9.2. Ұйымдық құрылым	56	№2 қосымша	91
1.3. Қордың даму стратегиясы	12	4.1. Даму жоспарының көрсеткіштерін орындау	30	9.3. Жалғыз акционер	57	№3 қосымша	92
2. Қазақстандағы ШОК талдау. Даму перспективалары	14	4.2. Активтерді тиімді басқару	32	9.4. Директорлар кеңесі	57	Мекенжайлар мен байланыстар	93
3. Қызметтің негізгі бағыттары	18	4.3. Қаржылық нәтижелер	33	9.5. Басқарма	66		
3.1. Кәсіпкерлерді қаржылық қолдау	18	5. 2021 жылға арналған жоспарлар	34	9.6. Сыйақы беру саясаты	71		
3.2. Қаржылық бағдарламаларды мониторингтеу	22	6. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	38	9.7. Еншілес компаниялар	72		
3.3. Күрделі активтермен жұмыс	24	7. Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты	42	9.8. Ірі мәмілелер туралы ақпарат	72		
3.4. Клиенттік сервис	24	8. Экологиялық саясат	52	9.9. Ішкі аудит	74		
3.5. Ақпараттық технологияларды дамыту	26			9.10. Сыртқы аудит	75		
				9.11. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу	75		

ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

1 Қор Азия Даму Банкінің микро-, шағын және орта бизнесті Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілімен 200 млн доллар жалпы сомасын құрайтын несиелік желісі бар екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдары арқылы қаржыландырудың тұрақтылығына қолдау көрсету жөніндегі АДБ жобасын іске асыру үшін тартылған

47 МЛРД ТЕҢГЕ

мөлшеріндегі қарыз қалдығын толығымен өтеді.

2 Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру мақсатымен Республикалық бюджет қаражатының есебінен Қор

30 МЛРД ТЕҢГЕ

мөлшерінде қосымша капиталдандырылды. Бөлінген қаражатты Қор ЕДБ-ге, ЛК-ға, МҚҰ-ға орналастыру арқылы толық көлемде игерді.

3 2020 жылғы 11 тамызда «Жаңартылатын энергия көздеріне инвестиция салу тәуекелдерін азайту» жобасының аясында Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасының қолдауымен «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасының алаңында «жасыл» облигацияларды дебюттік орналастыруды ойдағыдай жүзеге асырды. «Жасыл» облигацияларды шығару арқылы Қор

200 МЛН ТЕҢГЕ

мөлшерінде қаражат тартты.

4 Кәсіпкерлерге исламдық қаржы құралдары арқылы ұзақ мерзімді қаржылық қолдау көрсету кезінде басшылыққа алынатын исламдық қаржыландыру қағидаттарының негізінде ШОКС несиелеу бойынша Қордың жаңа бағдарламасы іске қосылды. Бір жылдың ішінде бағдарлама бойынша Қор ЕДБ-ге/ЛК-ға

12,3 МЛРД ТЕҢГЕ

мөлшерінде қаражат бөлді.

5 «Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына үкіметтің дағдарысқа қарсы шаралары аясында өзгертулер енгізілді:

- Салалық шектеулер алынып тасталды;
- Соңғы қарыз алушының мөлшерлемесі

6%-ҒА ДЕЙІН

сәйкестендірілді;

- Субсидиялау бойынша 5 жұмыс күнге дейін және кепілдендіру бойынша 10 жұмыс күнге дейін өтімді қарау мерзімдері қысқартылды;
- Субсидиялау бойынша 7 млрд теңгеге дейін және кепілдендіру бойынша 1 млрд теңгеге дейін несиелердің максималды сомалары көбейтілді;
- «Шағын, соның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін қолдау» бағдарламасының 1-бағыты өзгертілді. Бұл бағытқа сәйкес кәсіпкерлерге сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін қоржындық субсидиялау және несиелер/микронесиелер бойынша ішінара кепілдендіру түрінде қаржылық қолдау шаралары көрсетіледі.

6 2020 жылы автоматтандыру бойынша жұмыс жалғасын тапты. 2020 жылдың қорытындысы бойынша автоматтандыру деңгейі

94%-ДЫ ҚҰРАДЫ.

7 Қордың барлық ақпараттық жүйелерін, коммерциялық Дата орталықтарды инфрақұрылымды әкімшілендіру функцияларын мердігерлік ұйым тарапына табыстай отырып, бұлттық инфрақұрылымға ауыстыру. Бұл өзгертулердің енгізілуіне бұлттық технологияларды пайдалану бөлігіндегі жалпыәлемдік трендтер, сондай-ақ COVID-19 пандемиясы жағдайында ақпараттық ресурстардың жоғары қолжетімділігін және өнімділігін қамтамасыз ету қажеттігі себепші болды.

8 Қор COVID-19 пандемиясының салдарынан ең көп зардап шеккен экономика секторларында қызметін іске асыратын кәсіпкерлерге қолдау көрсетті – 543 млрд теңге несиесі сомасына

9 332 ЖОБА

мақұлданды, оның ішінде 8 454 жоба бойынша 16,8 млрд теңге сомасына субсидия төленді.

9 2020 жылғы 23 қыркүйекте онлайн-форматта «COVID-19 салдары туралы ортақ ой-пікірлер: тәжірибе алмасу, МШКОС-ке қолдау көрсету және жаңа мүмкіндіктер» халықаралық Online SME Development Forum ұйымдастырылды. Іс-шараға Қордың халықаралық серіктестерінің өкілдері - USAID, Азия Даму Банкі, KOSGEB Түрік Республикасының ШОБ қолдау агенттігі, KOBIA Әзірбайжан Республикасының Шағын және орта бизнесті дамыту агенттігі, PARP Польша кәсіпкерлікті дамыту агенттігі, «ШОК Банк» АҚ (Ресей), Қырғыз Республикасының «Кепілдік Қор» ААҚ, «Kazakh Export» АҚ, «Астана» халықаралық қаржы орталығы, «Kazakh Invest» АҚ, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ қатысты.

10 2020 жылдың ақпанында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының шешімімен Қордың жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді.

11 COVID-19 пандемиясына байланысты Қордың қызметкерлері HR тұрғысында бизнес-үдерістері өзгертілмей қашықтан жұмыс істеуге ауыстырылды. Барлық жұмыс орындары сақталып қалды.

12 Елбасының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын іске асыру бойынша Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 5-тармағын іске асыру аясында Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен (№ 12/2020 хаттама) Қордың

374 БІРЛІККЕ

тең жалпы саны бекітілді.



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Әлемдік пандемия кезеңінде Қазақстан Үкіметі экономиканың, оның ішінде микро-, шағын және орта бизнес секторының тұрақтылығын сақтау мәселелеріне көп көңіл бөледі, ол елдің ЖІӨ-нің 31,7%-ын құрайды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша микро-, шағын және орта кәсіпкерлік арасында ең танымал бағдарламалардың бірі – «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасына сұраныс артты, оның негізгі операторы «Даму» қоры болып табылады. Осы бағдарлама шеңберінде 2020 жылы 18 916 жоба, ал 2019 жылы барлығы 4 128 жоба қолдау тапты.

Бұл бағдарламаның жетістігі шарттарды барынша жеңілдетумен байланысты. Бірінші кезекте кәсіпкер төлейтін сыйақы мөлшерлемесі біріздендірілді – жылдық 6%. Екіншіден, салалар бойынша шектеулер алынып, өтімді қарау мерзімі қысқартылды – субсидиялар бойынша 5 күн және кепілдіктер бойынша 10 күн. Несиелердің ең жоғары сомасының мөлшері субсидиялау бойынша 7 млрд теңгеге дейін және кепілдік беру бойынша 1 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Үшіншіден, «БЖК 2025» бағдарламасының «Шағын, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін қолдау» бірінші бағытын өзгерту арқылы сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін қоржындық субсидиялау және несиелер/микронесиелер бойынша ішінара кепілдік беру түріндегі қаржылық қолдау шаралары микробизнеске де көрсетіле бастады. Микроқаржыландыру аясында 6 мыңнан астам жобаға қолдау көрсетілді.

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылғы 23 наурыздағы төтенше жағдай жөніндегі комиссия отырысында сөйлеген сөзінде ШОБ-қа салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерін айыппұл мен өсімпұлды есептемей, 3 ай мерзімге төлеу мерзімін кейінге қалдыруды тапсырды. Тапсырманы орындау аясында 1,6 млн-нан астам азамат және 11,5 мың ШОБ субъектісі жалпы сомасы 360 млрд теңгеден астам несие алды. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде мемлекет Басшысы экономиканың неғұрлым зардап шеккен секторларында ШОБ несиелері бойынша мөлшерлемені 6%-ға дейін төмендетуді тапсырды. Осы тапсырмалардың барлығы орындалды.

Ел экономикасын тиімді қолдаған мұндай нәтижеге ел басшылығы мен Үкімет қабылдаған экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспардың арқасында қол жеткізілді, ол іскерлік белсенділікті ынталандыру, жұмыспен қамтуды қолдау және халықтың табысын арттыру жөніндегі 10 бағыт пен 172 жүйелі және салалық шаралардан тұрады. Қабылданған шаралар қаржыландыру және жеңілдікті несие беру, оның ішінде микробизнес тетіктерін едәуір кеңейтуге, кепілдік беру және экспорттық шығындарды өтеу құралдарын белсенді қолдануға мүмкіндік берді. Бұдан басқа, форвардтық және ұзақ мерзімді оффтейк-келісімшарттар жасасу тәжірибесі енгізілді, бизнеске салық жүктемесі төмендетілді және оны әкімшілендіру оңайлатылды, салықтар мен қарыздар бойынша преференциялар мен кейінге қалдырулар қолданылды, жекелеген айыппұлдар мен алымдар алынып тасталды, әкімшілік кедергілер барынша азайтылды.

Осы шаралардың барлығы елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқаратын, ауылдар мен қалалар тұрғындарының тұрақты жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін, жұмыссыздықты төмендететін микро-, шағын және орта бизнестің белсенді жұмысын қолдауға ықпал етті.

Нәтижесінде 2020 жылы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бойынша өсім 0,4%-ды, қолданыстағы субъектілер бойынша – 2%-ды құрады. 2010 жылдан бастап 2020 жылға дейін тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бойынша өсім 35%-ды, қолданыстағылар бойынша – 105%-ды құрады.

Өткен жылы жоспарланған бастамалар енгізілді, оның ішінде исламдық қаржыландыру қағидаттарында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру жөніндегі «Даму» қорының жаңа бағдарламасы іске қосылды, ол арқылы кәсіпкерлерге исламдық қаржы құралдары арқылы ұзақ мерзімді қаржылық қолдау көрсетіледі.

«Даму» қорының БҰҰ Даму бағдарламасымен және Жаһандық экологиялық қормен ынтымақтастығы аясында «Жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялау тәуекелдерін төмендету» жобасы бойынша БҰҰДБ қатысуымен «Даму» қорының «жасыл» облигациялары шығарылды және «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасына орналастырылды. Бұл облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты «жасыл» жобаларды іске асыратын Қазақстанның шағын және орта бизнес субъектілеріне одан әрі несие беру үшін екінші деңгейдегі банктерге, микроқаржы ұйымдарына жіберуге мүмкіндік берді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша жаһандық экономиканың құлдырауы, әлемдегі сауда-экономикалық белсенділіктің төмендеуі және елеулі шектеу шаралары жағдайында «Даму» қоры жүргізіп жатқан жұмыс жаңа және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлердің өсуін сақтауға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары,
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
Ә.А. Смайылов



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Былырғы 2020 жыл көптеген аспектілерде күрделі болды. Қазақстанда да, бүкіл әлемде де экономикалық жағдай COVID-19 пандемиясының және оның салдарының әсерінде болды. Осыған байланысты кейбір экономика салаларында өсімнің баяулағаны, онымен қоса, кейбір секторларда қалпына келу және өсу құбылыстары байқалды.

Пандемия салдарын еңсеру кезеңінде «Даму» қорының жұмысы екі негізгі бағытпен жүзеге асты. Бірінші кезекте, бұл ЖІӨ динамикасының қалпына келуін қамтамасыз етуге және Қазақстан Үкіметі қабылдаған Экономикалық өсуді қалпына келтіру жоспарының шегінде экономиканы сапалы трансформациялау үшін жағдай жасауға тиіс 164 шараның қатарына кіретін МШОК қаржылық қолдау бойынша шараларды іске асыру. Екінші – «Даму» қорының мемлекет экономикасының дүниежүзілік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жоғары қосылған құн әкелетін экономиканың өңдеуші секторларында отандық тауар өндірушілерді қолдауды арттыру және Қазақстанның ішінде импорт алмастыру бағытының да маңызы зор.

2020 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпкерлер тарапынан мемлекеттік қолдау шараларына сұранысы қайта қаржыландыру мақсаттарына қолдау көрсетілген жобалардың, сондай-ақ айналым қаражатын толықтырудың есебінен айтарлықтай жоғарылады. «Даму» қоры экономиканың барлық, соның ішінде пандемия кезінде ең көп зардап шеккен секторларының кәсіпкерлеріне субсидиялауды уақтылы іске асыру үшін жаңа бағдарламаларды іске қосудың және қолдау шараларын кеңейтудің сын-тегеуріндерін сәтті еңсерді.

«Даму» қоры Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры қаражатының есебінен өңдеуші өнеркәсіпті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын (1, 2 және 3 транштар), «БЖК 2025», «Еңбек» бағдарламасын; микро-, шағын және орта бизнесті, соның ішінде халықаралық қаржы институттары – Азия Даму Банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкінен тартылған қаражат шегінде әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бағдарламаларын; Әкімдіктермен бірлесіп өңірлік қаржыландыру бағдарламаларын және микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың өз бағдарламаларын – «Даму-Микро», «Даму Өңірлер III», «Даму Оптима» және т. б. іске асыруда.

Нәтижесінде 2020 жылы «Даму» қоры 1,7 трлн теңге несиелер сомасына қаржы құралдарын қолдана отырып, Қазақстанның МШОК 32,0 мың жобасына қолдау көрсетті.

2019 жылдың ішіндегі деректер де осыған ұқсас: «Даму» қоры 612,0 млрд теңге несиелер сомасына 24,3 мың жобаны қолдады. Осылайша, «Даму» қоры қаржыландырылған жобалар санын 1,3 есе және кәсіпкерлерге көрсетілген қолдаудың несиелік қоржын мөлшерін 2,7 есе көбейтті.

Бір айта кететіні, 2020 жылы Қор Азия Даму Банкінің 47 млрд теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілімен несиелік желісінің сомасы жалпы 200 млн АҚШ долларын құрайтын екінші деңгейдегі банктер және микроқаржы ұйымдары арқылы микро-, шағын және орта бизнесті қаржыландырудың тұрақтылығына қолдау көрсету бойынша АДБ жобасын іске асыру үшін тартылған қарыз қалдығын толық өтеді. Тартылған қаражат есебінен 107,7 млрд теңге сомасына шамамен 33,5 мың кәсіпкерге қолдау көрсетілді.

«Даму» қоры республиканың бірде-бір өңірінде өз қызметін, соның ішінде оңтайландырылған және автоматтандырылған үдерістердің арқасында бір күнге де тоқтатқан емес. Бұл жұмыс сонау 2016 жылы тұрақты институционалдық дамудың стратегиялық міндетін іске асыру мақсатында басталған болатын. Оның нәтижелері бойынша 2019 жылы онлайн қызметтерді көрсету, өтінімдерді қарау мерзімдерін жылдамдату және клиенттер үшін қосымша қолайлылықтарды енгізу үшін online.damu.kz порталы ашылды. Сөйтіп, соңғы төрт жылдың ішінде жүргізілген жұмыстың арқасында кәсіпкерлер қозғалу бойынша шектеулер енгізілген кезде үйден шықпай қолдауға онлайн өтінім бере алды.

Мемлекеттік қолдау шараларын қолданған кәсіпкерлер Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосады. Атап айтқанда, 2020 жылдың ішінде «Даму» қоры қолдау көрсеткен кәсіпкерлер алдын ала деректер бойынша 7,9 трлн теңге сомасына өнім шығарды (жиынтық жылдық кіріс), 474 млрд теңге сомасына салық төледі және шамамен 10 мың жұмыс орнын құрды.

2019 жылы «Даму» қоры іске қосқан Online Damu интернет-порталы қаржылық супермаркет қағидаты бойынша, сондай-ақ EGOV.KZ порталы карантиндік шектеулер және ТЖ режимі жағдайында барлық өтінімдерді қашықтан қабылдау форматын ретке келтіруге көмектесті. Субсидиялауға қабылданған барлық өтінімдердің 97%-ға жуығы және кепілдік беру бойынша қызметтердің 90%-ы былтыр онлайн-форматта жүргізілді.

2021 жылы «Даму» қоры әдеттегідей 2020 жылмен салыстырғанда қолдау көрсетілген жобаларды 15%-ға арттыру бойынша жұмысын жалғастырады.

Еуропалық инвестициялық банкпен жасалған келісімнің шегінде 200 млн еуродан 5 млн еуроға баламалы ұлттық валютадағы сомаға транш тарту жоспарланып отыр.

«Бизнестегі әйелдер» бағдарламасының дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Ол үшін шартталып орналастыру бағдарламаларының шегінде «Бизнестегі әйелдер» ЕҚДБ бағдарламасына ұқсас бағдарламаға қосымша қаражат бөлу көзделген.

МШОК арасында сұранысқа ие «Кепілдендіру» өнімі «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасының лизингтік мәмілелерінде де, «Даму» қорының өз бағдарламаларында да қолданылады, сондай-ақ кепілдендірудің электрондық шарттары енгізіледі.

2021 жылы «Даму» қорының жұмысының маңызды аспектісі МШОК саласында талдамалық қызметті күшейту болады. Ол үшін Power BI құралдарын және т. б. қолдана отырып, микро-, шағын және орта кәсіпкерлік саласында халықаралық даму ұйымдарының талдамалық зерттеулерін сараптамалық сүйемелдеу құрылады, сондай-ақ «Құзыреттер орталығы» ұйымдастырылады. Одан басқа, тұрақты даму жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатымен Қор 2021 жылы экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару практикаларына бағалау және жетілдіру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрайымы
Г.А. Бурибаева

БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2025

КЕПІЛДЕНДІРУ*

МАКСИМАЛДЫ СОМА 1 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН

КЕПІЛДІК МӨЛШЕРІ НЕСИЕ СОМАСЫНАН 85%-ҒА ДЕЙІН

МЕРЗІМІ НЕСИЕ МЕРЗІМІНЕН АРТЫҚ ЕМЕС

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

6 797

ЖОБАЛАР САНЫ

214,8

МЛРД ТЕҢГЕ
НЕСИЕ СОМАСЫ

*қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау

1. ҚОР ТУРАЛЫ

Қор – мақсаты Қазақстан Республикасында қаржылық қолдау көрсету арқылы жеке кәсіпкерлікті сапалы дамытуды қолдау болып табылатын ұлттық даму институты.

Қор кәсіпкерлер үшін ауқымды өнімдер мен қызметтер спектрін ұсынады, ЕДБ, МҚҰ, ЛК және басқа да заңды тұлғалар арқылы несиелеу бағдарламасының аясында қаржыландыруды, несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды, несиелерді кепілдендіруді, консультациялық қолдауды, ақпараттық-талдамалық материалдарды таратуды ұсынады.

ҚОРДЫҢ БИЗНЕС-МОДЕЛІ



1.1. ҚОРДЫҢ ТАРИХЫ

Қордың құрылуы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 қаулысы).*

2002

2002 жылдан бастап меншікті қаражат есебінен шағын бизнесті тікелей несиелеу: «Республикалық бюджет қаражатынан шағын бизнес субъектілерін несиелеу бағдарламасы» және «2004–2006 жылдарға арналған шағын қалаларды дамыту бағдарламасы» іске асырылды.

2005

2005 жылдан бастап жобалық қаржыландыру және лизинг бағдарламаларын, Қазақстанда микронесиелеу жүйесін дамыту бағдарламасын, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің екінші деңгейдегі банктерде алынатын несиелерін кепілдендіру бағдарламасын іске асыру арқылы шағын кәсіпкерлікті қолдау жүзеге асырылды.

2007

2007 жылдан бастап Отандық тауар өндірушілерді қолдау, сондай-ақ Азия Даму Банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкінің несиелік желілері бойынша шаралар бағдарламасына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражатын пайдаланудың есебін жүргізу және оны бақылау жөніндегі агенттің функцияларын жүзеге асыру.

2007 жылдан бастап тартылған және меншікті қаражаттардың есебінен қаражатты шартталып орналастыру бойынша оператордың функцияларын жүзеге асыру.

*Қордың бұрынғы атауы: «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

2010

2010 жылдан бері Қор кәсіпкерлердің несиелері/лизингтік мәмілелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және банктердің/лизингтік компаниялардың алдындағы кәсіпкерлердің несиелерін кепілдендіру жөніндегі қаржы агенттігі болып табылады.

2013

2013 жылы Жалғыз акционер – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ ауысты.

2016

2016 жылы Қор 2017–2021 жылдарға арналған Өнімді жұмысбастылықты және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы жөніндегі Қаржы агенті болып тағайындалды.

2017

2017 жылы Қордың 2014–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын өзектендіру жүзеге асырылды.

2018


2018 жылы Қор «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында облигациялардың бірінші шығарылымын жүзеге асырды.

2020

2020 жылы Қор «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасының алаңында «жасыл» облигацияларды сәтті дебюттік орналастыруды жүзеге асырды.

1.2. Қор қызметінің географиясы

Қор Қазақстанның барлық өңірлерінде жұмыс істейді. Оның өңірлік желісін барлық облыс орталықтарындағы, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы 17 филиал және Семей мен Жаңаөзен қалаларындағы 2 өңірлік орталық құрайды.



Кәсіпкерлердің

10 019

жобасы

Қор бағдарламалары бойынша ЕДБ/МҚҰ/ЛК мақұлдағанға дейін сүйемелденді.

Жаңадан бастап келе жатқан және ағымдағы кәсіпкерлерге

18 502

консультациялық қызмет көрсетілді.

1.3. Қордың даму стратегиясы

Қордың миссиясы

Қордың миссиясы кешенді және тиімді қолдау құралдарын іске асыру арқылы Қазақстанда микро-, шағын және орта кәсіпкерлікті тұрақты дамытуда белсенді рөл атқару болып табылады.

Қордың пайымы

2023 жылдың ішіндегі Қордың пайымы – ұлттық даму институты – микро-, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі бағдарламалардың бастамашысы және іске асырушысы.

Қордың даму стратегиясы Қазақстанның микро-, шағын және орта кәсіпкерлік секторын дамытуға бағытталған және микро-, шағын және орта кәсіпкерлікті (бұдан әрі - МШОК) дамытудың мемлекеттік және меншікті бағдарламаларын сәтті және тиімді іске асыру тәжірибесін ескереді. Қордың микро-, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың 20 жылдан астам тәжірибесі, және Даму стратегиясын тиімді іске асыруды арттыруда және қойылған мақсаттар мен міндеттерге жетуде қолданыс тауып жүрген басқа да бірқатар күшті жақтары бар.

Қордың негізгі стратегиялық даму бағыттары

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

Жаңадан бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерді қолдау және дамыту

Қордың тұрақты институционалдық дамуы

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Микробизнесі несиелеуді кеңейту, МҚҰ мен несиелік серіктестіктерді қолдау құралдарын әзірлеу және іске асыру
Жұмыс істеп тұрған МШОК-ді Қордың қаржылық бағдарламаларымен қамту үлесін арттыру
МШОК қолдайтын кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін жоғарылату

Қосымша қаржыландыру көздерінің қаражатын тарту
Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне жету
Бизнес-үдерістерді автоматтандыру
Корпоративтік басқару деңгейін арттыру

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Даму стратегиясы (бұдан әрі – Қордың Даму стратегиясы) Қордың Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 3 шілдедегі шешімімен бекітілген.



УК Триплекс

«ДАМУ-ӨНДІРІС»

Компанияның негізгі қызметінің түрі жерде жүретін барлық көлік пен арнайы техника, сондай-ақ өндіріс пен құрылысқа, шаруашылық қызметтің барлық саласында қажеттілігін тапқан, әйнектің кең спекторлі өнімдерін шығару.



Қарапайым заттар экономикасы

КЕПІЛДЕНДІРУ*

МАКСИМАЛДЫ СОМА 5 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН

КЕПІЛДІК МӨЛШЕРІ НЕСИЕ СОМАСЫНАН 50% АРТЫҚ ЕМЕС

МЕРЗІМІ НЕСИЕ МЕРЗІМІНЕН АРТЫҚ ЕМЕС

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

123

ЖОБАЛАР САНЫ

46,8


МЛРД ТЕҢГЕ
НЕСИЕ СОМАСЫ

*қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау

2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОК ТАЛДАУ. ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

2020 жылы Қазақстанда тіркелген ШОК субъектілері санының 0,4%-ға, 1 610 мың бірлікке дейін аздап көбейгені байқалды. Бұл ретте олардың еліміздегі шаруашылық жүргізуші субъектілер санындағы үлесі 96,3% құрады. Жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер саны 2,1% көбейді. (1-кестені қараңыз)


1. ҚР-ғы тіркелген ШОК субъектілер санының динамикасы



■ Тіркелген ШОК субъектілері, мың бірл.
■ Жұмыс істеп жатқан ШОК субъектілері, мың бірл.
■ Шар. субъектілерінің жалпы санындағы ШОК субъектілерінің үлесі, %

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

2. ҚР-да жұмыспен қамтылған халық санының динамикасы




■ Экономика саласында жұмыс істейтіндер, мың ад.
■ ШОК-те жұмыс істейтіндер, мың ад.
■ ШОК-те жұмыс істейтіндердің үлесі, %

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

ҚР СЖЖРА Статистика бюросының деректері бойынша 2020 жылдың соңына қарай жұмыспен қамтылған халық саны 8 732 мың адамды құрайды. Бұл ретте ШОК-те жұмыс істейтіндер саны – 2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 3 370 мың адам (барлық жұмыс істейтіндердің 38,6%) болды.

Былтырғы жылмен салыстырғанда ШОК-те жұмыс істейтіндер саны 2,3% азайды. Сонымен бірге ҚР-да жұмысбасты халық санының 0,6%-ға жалпы азайғаны байқалды. Бұл нәтижелер COVID-19 пандемиясынан туындаған дағдарыспен байланысты. (2-кестені қараңыз)

3. ҚР-ғы ЖІӨ және ШОК өнім шығаруының динамикасы




■ ЖІӨ, млрд теңге
■ ШОК шығарған өнімі, млрд теңге
■ ЖІӨ құрамындағы ШОК ЖҚК үлесі, %

*2020 жылдың 9 айының ішіндегі деректер бойынша ҚР ЖІӨ-гі ШОК үлесі
Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

Соңғы 8 жылдың ішінде Қазақстанның ЖІӨ нақты шамада өсуді көрсетті. Сонымен бірге, 2020 жылы Қазақстанда да, бүкіл әлемде де экономикаға жағымсыз әсер тигізген COVID-19 пандемиясымен байланысты бірқатар шектеулер енгізілді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша ҚР ЖІӨ 2,6%-ға азайып, 70 134 млрд теңгені құрады. Тауарлар өндірісі ЖІӨ-ң 38,4% (с.і. өнеркәсіптік өндірістің есебінен 27,0%), қызметтер өндірісі – 55,8%, азық-түліктерге салынған салықтар – 5,8%-ды құрады.

ҚР СЖЖРА Статистика бюросының деректері бойынша 2020 жылы ШОК өнімдерінің өндірісі 32 725 млрд теңгені құрады. Былтырғы жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш (салыстырмалы бағамен алғанда) 5,4%-ға азайған. 2020 жылы ШОК өнімдер көлемінің 68,9%-ын шағын кәсіпорындар, 19,7%-ын – орта кәсіпорындар және 11,4 %-ын – дара кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары шығарған. Алдын ала деректер бойынша 2020 жылдың 9 айының ішіндегі ЖІӨ құрамындағы ШОК жалпы қосылған құнының үлесі 30,5%-ға тең деп бағаланып отыр. (3-кестені қараңыз)

4. Экономиканы және шағын кәсіпкерлікті несиелеудің жыл сайынғы көлемдері




Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz).

Кәсіпкерлікті несиелеу көрсеткіштері және Қордың несиелеудегі үлесі

Жалпы алғанда, 2020 жылы банктік несиелеу көлемдері 3,7%-ға 14,6 трлн теңгеге дейін төмендеді. Оған 2019 жылмен салыстырғанда тұтынушылық мақсаттарға берілген несиелер сомасының 15%-ға, сондай-ақ айналым қаражатын толықтыруға несиелердің 20%-ға азаюы себеп болды.

2020 жылы кәсіпкерлік мақсаттарға берілген несиелер сомасының аздап азайғанына қарамастан, үлестің 66,7%-ға дейін жоғарылағаны байқалды. Сондай-ақ 2020 жылдың қорытындысы бойынша 2019 жылмен салыстырғанда шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелер сомасы 46%-ға өсті. Шағын кәсіпкерлікке берілген несиелердің күрт өсуіне 2019 жылмен салыстырғанда сауда саласында берілген несиелердің 75,6%-ға немесе 643,7 млрд теңгеге көбеюі себеп болды. (4-кестені қараңыз)

5. Экономиканың басым секторларындағы жобаларға берілген несиелердің динамикасы




Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

2020 жылы Қор қаражатты ЕДБ-де, ЛК-да, МҚҰ-да шартталып орналастыру, кәсіпкерлердің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және несиелерді кепілдендіру бағдарламаларын іске асыруды жалғастырды.

Жалпы, Қорды қолдау бағдарламаларының аясында былтырғы жылдың ішінде ЕДБ арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне 1 305 млрд теңге (экономиканың ең көп зардап шеккен секторын қолдауды ескере отырып) несиелер сомасына қолдау көрсетілді. Кәсіпкерлік мақсаттарға банктік несиелеудің жалпы сомасында Қор бағдарламаларының қатысушыларына берілген несиелердің үлесі 13%-ды құрады. Бұл көрсеткіш Қордың елімізде кәсіпкерлікті қолдаудағы жоғары рөлін дәлелдеп отыр.

Экономиканың басым секторларын қаржыландыруға баса назар аудара отырып, Қордың салымын қарау кезінде 18,5%-ға дейін күрт өсім байқалды. Бұл былтырғы жылдың көрсеткішінен 7,6 пайыздық тармаққа жоғары болып табылады. (5-кестені қараңыз)

6. Өңдеуші өнеркәсіптегі жобаларға берілген несиелердің динамикасы



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

Қордың өңдеуші өнеркәсіптегі несиелерінің үлесі де артып, 29,0% құрады. Бұл ретте Қордың өңдеуші өнеркәсіп саласында берген несиелерінің сомасы бойынша 2019 жылмен салыстырғанда 2 еседен артық өсім байқалады. (6-кестені қараңыз)

Экономиканың басым секторларында, соның ішінде өңдеуші өнеркәсіпте берілген несиелер сомасының өсуіне басым жобаларды («Қарапайым заттар экономикасы») жеңілдікпен несиелеу механизмінің, сондай-ақ соның жанында дағдарысқа қарсы шаралардың іске асырылуы себепші болды. Аталған шаралардың аясында кәсіпкерлікті несиелеудің мемлекеттік бағдарламаларының бюджеті көбейтілді.

Қазақстанда экономика мен ШОК дамуының 2021 жылға арналған перспективалары

2020 жылы COVID-19 коронавирусының пандемиясы Қазақстанда да, әлемнің басқа да мемлекеттерінде қабылданған алдын алу және карантиндік шаралардың нәтижесінде өндірістік-өткізу тізбектерінің ажырауына және іскерлік белсенділіктің төмендеуіне алып келді. Пандемияның нәтижесінде дүниежүзілік ЖІӨ бейбіт заманындағы рекордтық 3,5% деңгейге төмендеді. Қазақстанда терең залал алған салалардың ішінде: авиациялық индустрия, туризм саласы, қызмет көрсетулер саласы, сауда саласы бар. Туризм, сауда және қызметтер саласы ғана 1,3 млн-нан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отырған ШОКС-ң жалпы санының 50%-дан астам бөлігін құрайды.

2020 жылдың соңында вакциналардың жасап шығарылуы және вакцина егудің басталуы салдарынан әлемдік экономиканың қалпына келіп жатқаны байқалды. Бұл энергия ресурстарына сұранысты арттырды және мұнай бағаларының оң трендін белгіледі.

Іскерлік белсенділікті жандандыру және экономиканың ең көп зардап шеккен секторларын Үкімет пен даму институттары тарапынан қолдау үшін ауқымды шараларды іске асыру коронавирустың таралуының жағымсыз салдарын нивелирлеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты, экономиканы дамытудың базалық сценарийі ретінде ҚР ҰЭМ 2021 жылғы мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін 50 АҚШ долларын құрайтын сценарийді алды. Бұл сценарийде экономиканың жоспарланып отырған өсімі 3,1%-ды құрайды.

2020 жылы ҚР Үкіметі экономикалық белсенділікті ынталандыратын бірқатар дағдарысқа қарсы шараларды қабылдады. 2021 жылға арналған макроэкономикалық саясаттың аясында Үкімет барлығы бірге экономиканың болжанып отырған өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін іскерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталған көптеген шараларды ұсынады.

ЕҢБЕК

КЕПІЛДЕНДІРУ*

МАКСИМАЛДЫ СОМА

8 000 АЕК Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Атырау, Шымкент

6 500 АЕК қалаларда, моноқалаларда

КЕПІЛДІК МӨЛШЕРІ **НЕСИЕ СОМАСЫНАН 85% АРТЫҚ ЕМЕС**

МЕРЗІМІ **НЕСИЕ МЕРЗІМІНЕН АРТЫҚ ЕМЕС**

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

326

ЖОБАЛАР САНЫ

4,0

МЛРД ТЕҢГЕ
НЕСИЕ СОМАСЫ

*қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау

3. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Өз миссиясы мен пайымын іске асыру мақсатында Қор дамудың екі негізгі стратегиялық бағыттары бойынша жұмыс жүргізеді, жаңадан бастап келе жатқан және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлерді қолдауды және дамытуды жүзеге асырады, сондай-ақ тұрақты институционалдық даму мәселелерін іске асыруды қамтамасыз етеді.

Осы стратегиялық бағыттардың шегінде микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері ЕДБ, МҚҰ және ЛК арқылы қаржыландырылады, сыйақы мөлшерлемелері субсидияланады және несиелер кепілдендіріледі, қосымша қаржыландыру көздерінің қаражатын тарту жүзеге асырылады, бизнес-үдерістер автоматтандырылады, кәсіпкерлердің жобаларын сүйемелдеу бойынша жұмыс жүргізіледі, халықаралық ынтымақтастық мәселелері пысықталады, ақпараттық белсенділік дамытылады.

3.1. Кәсіпкерлерді қаржылық қолдау

Қаражатты шартталып орналастыру

2020 жылдың ішінде ЕДБ-де, МҚҰ-да және ЛК-да қаражатты шартталып орналастыру бағдарламалары бойынша несиелердің жалпы сомасы шамамен 207,6 млрд теңгені құрайтын 11 136 қарыз алушы қаржыландырылды.

2020 жылдың ішінде Қор 56,5 млрд теңге сомасына қаражатты шартталып орналастыру бағдарламалары/өнімдері бойынша қаражатты ЕДБ-де/қаржы ұйымдарында, оның ішінде МҚҰ-да – 9,9 млрд теңге сомасына орналастырды.

Осы қызмет бағытының шегінде маңызды міндет қаражатты, соның ішінде мемлекеттік емес көздерден қаражатты МШОК несиелеу мақсатымен қаражатты қаржы институттарында одан әрі шартталып орналастыру үшін мемлекеттік емес көздерден тарту болып табылады.

Бюджеттік қаражатты тарту және орналастыру

2020 жылы Қор «Еңбек» Бағдарламасының шегінде қаржы тартқан жоқ, себебі қалалардағы және моноқалалардағы жобаларды қаржыландыру үшін көзделген 2020 жылдың қаражатын ҚР ҰЭМ жергілікті атқарушы органдар арқылы «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ-на жіберді. Бағдарлама Қордың 2017–2019 жылдары облыстық бюджеттерден тартқан қаражат есебінен жүзеге асырылды. 2020 жылдың ішінде бағдарлама бойынша 1 118 МШОК субъектісі осы бағдарлама шегінде бұрын бөлінген қаражат бойынша жаңартпалы берілімдерді ескере отырып, 13,5 млрд теңге жалпы сомасына қаржыландырылды.

2020 жылы Қор облыстық бюджет қаражатымен бірге ортақ қаржыландыру шарттарымен ШОК субъектілерін Өңірлік қаржыландыру бағдарламасын іске асыруды жалғастырды. Айталық, 2020 жылы 5 әкімдіктен жалпы сомасы 4,825 млрд теңгені құрайтын қаражат тартылып, олар «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ қаражатымен және Қордың өз қаражатымен жалпы 12,35 млрд теңге сомасына ортақтасып қаржыландыру шарттарымен ЕДБ-де орналастырылған 4,825 млрд теңге қаржы тартылды. 2020 жылдың ішінде бағдарлама бойынша осы бағдарлама шегінде бұрын берілген қаражат бойынша жаңартпалы берілімдерді ескере отырып, 13,3 млрд теңге сомасына 314 ШОК субъектісі қаржыландырылды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қаражатынан бағдарламаларды іске асыру жалғастырылды (2014–2015 жж. берілген 200 млрд теңге). 2020 жылы аталған бағдарламалар бойынша аталған бағдарламалар шегінде бұрын бөлінген қаражат бойынша жаңартпалы берілімдерді ескере отырып, 102,5 млрд теңге сомасына 441 ШОК субъектісі қаржыландырылды.

Халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын тарту және орналастыру

2020 жылғы 11 тамызда Қор Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасының қолдауымен «Жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялау салудың тәуекелдерін азайту» жобасының аясында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасының алаңында «жасыл» облигацияларды дебюттік орналастыруды ойдағыдай жүзеге асырды. «Жасыл» облигацияларды шығару арқылы Қор 200 млн теңге сомасына қаражат тартуды жүзеге асырды. Бұл қаражат жеке кәсіпкерлік субъектілерінің «жасыл» жобаларын қаражатты ЕДБ-де/МҚҰ-да шартталып орналастыру арқылы қолдауға арналған.

2020 жылдың қарашасында Азия Даму Банкімен ынтымақтастық аясында ЕДБ/МҚҰ арқылы МШОК несиелеу бағдарламасы аяқталды. 2020 жылдың ішінде бағдарлама бойынша аталған бағдарлама шегінде бұрын бөлінген қаражатынан бойынша жаңартпалы берілімдерді ескере отырып 18,8 млрд теңге жалпы сомаға 7 855 МШОК субъектісі қаржыландырылды.

Сонымен қатар 2020 жылы Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің қаражатынан Қордың кепілімен, с.і. әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға көзделген бағдарламаларды іске асыру жалғастырылды. 2020 жылдың ішінде аталған бағдарлама шегінде бұрын берілген қаражат бойынша жаңартпалы берілімдер ескеріле отырып, 9,3 млрд теңге жалпы сомасына 179 ШОК субъектілері қаржыландырылды. Бұл ретте 5,2 млрд теңге жалпы сомасына әйелдер кәсіпкерлігі субъектілерінен 106 МШОК қаржыландырылды.

Қордың Даму стратегиясын іске асыру аясында 2020 жылдың ішінде келесі іс-шаралар жүргізілді:

1. ШОКС-ты исламдық қаржыландыру қағидаттарының негізінде несиелеу бойынша жаңа бағдарламаны іске асыру басталды. Соның көмегімен кәсіпкерлерге исламдық қаржы институттары арқылы ұзақ мерзімді қаржылық қолдау көрсетіледі. Бұл бағдарлама Қазақстанда сынағалы бағдарлама болып табылады, Қазақстанда исламдық қаржыландырудың дамуына түрткі болады және соның арқасында кәсіпкерлердің бизнесті дамыту үшін баламалы

қаржы алу мүмкіндігі пайда болады. Бағдарлама исламдық қаржыландыру құралдарын пайдаланып ЕДБ/ЛК қаржыландыру мақсатымен тауарларды тауар биржасында сатып алу арқылы іске асырылады. 2020 жылдың ішінде «Al Hilal» Ислам Банкі» АҚ мен «Казахстанская Иджара Компания» АҚ-да жалпы сомасы 12,25 млрд теңгені құрайтын қаржы орналастырылды. Жыл қорытындысы бойынша бағдарламаға сәйкес 11,4 млрд теңге жалпы сомаға 31 ШОК субъектісі қаржыландырылды.

2. 2020 жылдың ішінде қаражатты шартталып орналастырудың белсенді бағдарламалары қайта бағдарланды:
 - «Даму өңірлер III» Қор өнімі бойынша жобалардың салалық қатыстылығы бойынша шектеу алынып тасталды. Енді өнім қаржылық және сақтандыру қызметінен басқа кез келген экономика секторларында жобаларды қаржыландыруды көздеп отыр.
 - «Даму-Лизинг» Қор өнімі бойынша несиелеу мақсаттары мен лизинг заттары тізбесі кеңейтілді – тізбеге ғимараттар, құрылыстар, машиналар, жер телімдері кіргізілді және т/ж мен әуе жолы көліктерімен толықтырылды.
 - «Исламдық қаржыландыру» Қор өнімі бойынша да «Даму-Лизинг» өнімі сияқты несиелеу мақсаттары мен лизинг заттары мақсаттарының тізбесін кеңейтуге толықтырулар енгізілді.

Субсидиялау

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау «БЖК 2025» аясында іске асырылады. «БЖК 2025» іске асыру кезінде субсидиялау құралы кәсіпкерлердің арасында кеңінен таралды, экономиканың басым секторларында несиелеу тарту жағынан нәтижелілігін көрсетті.

Экономиканы әртараптандыру, өндіріс көлемдерінің өсу қарқынын арттыру, яғни өңдеуші өнеркәсіпті дамыту және оның жұмыс істеуін жүзеге асыру мақсатында ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз ету бойынша Басым жобаларды несиелеу механизмі іске асырылды: 2018–2020 жылдары өңдеуші және агроөнеркәсіптік салаларда қызмет жасайтын жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін ЕДБ қаржыландырудың жапы көлемі 1 трлн теңгеге дейін жетті. Бұл ретте осы Механизм шегінде субсидиялау үшін республикалық бюджеттен 30 млрд теңге бөлінді.

2020 жылы Қор субсидиялау құралы бойынша қолдау көрсетті:

1. «БЖК 2025» аясында 400 млрд теңге несиелік қоржын сомасына 3 665 жобаға қолдау көрсетілді, төленген субсидиялар сомасы 35,1 млрд теңгені құрады;
2. Басым жобаларды несиелеу механизмінің шегінде 335 млрд теңге несиелік қоржын сомасына 386 жобаға қолдау көрсетілді, төленген субсидиялар сомасы 12,4 млрд теңгені құрады;
3. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының шегінде 23 млрд теңге несиелік қоржын сомасына 25 жобаға қолдау көрсетілді, төленген субсидиялар сомасы 2,2 млрд теңгені құрады;
4. «Төменкөміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар» Қазақстан қалаларында энергосервистік бастамаларды қолдау бағдарламасының шегінде 1 млрд теңге несиелік қоржын сомасына 6 жобаға қолдау көрсетілді, төленген субсидиялар сомасы 140 млн теңгені құрады;
5. қоржындық субсидиялау шегінде 11 млрд теңге несиелер сомасына 2 143 жобаға қолдау көрсетілді, зардап шеккен экономика секторлары шегінде 426 млрд теңге сомасына 8 454 жобаға қолдау көрсетілді, төленген субсидиялар сомасы 16,8 млрд теңгені құрады.

Кепілдендіру

2020 жылы Қор кепілдендіру құралы бойынша қолдау көрсетті:

1. «БЖК 2025» 215 млрд теңге несиелік қоржын сомасына 6 797 жобаға қолдау көрсетті, кепілдік сомасы 81,1 млрд теңгені құрады;
2. «Еңбек» Бағдарламасының шегінде 3,9 млрд теңге несиелік қоржын сомасына 326 жобаға қолдау көрсетті, кепілдік сомасы 1,6 млрд теңгені құрады;
3. «ДАМУ ОПТИМА» Кепілдендіру бағдарламасының шегінде 9,7 млрд теңге несиелік қоржын сомасына 100 жобаға қолдау көрсетті, кепілдік сомасы 4,1 млрд теңгені құрады;
4. Басым жобаларды несиелеу механизмінің шегінде 46,8 млрд теңге несиелік қоржын сомасына 123 жобаға қолдау көрсетті, кепілдік сомасы 20,3 млрд теңгені құрады.

«БЖК 2020» және «Еңбек» Бағдарламасының шегінде сонау 2018 жылы іске асырылған қоржындық кепілдендіру «ДАМУ ОПТИМА» Кепілдендіру бағдарламасының шегінде 2020 жылы іске асырылды.

Қоржындық кепілдендірудің мәні қаржылық серіктестің (ЕДБ, МҚҰ) Қор кепілдіктерін пайдалануға әрбір жеке жобаны Қормен келісусіз белгілі бір шектеу беру болып табылады. Қоржындық кепілдендіру бойынша Қор қаржылық серіктестерге (ЕДБ, МҚҰ) қойылатын анық критерийлер, ШОК қойылатын критерийлер анықталған әдістемені әзірлеп шығарды. Аталған критерийлерді сақтаған жағдайда несиелеу қоржындық кепілдендіру әдісін қолдана отырып, берілуі мүмкін.

Осы кепілдендіру әдісін Қор мен ЕДБ/МҚҰ арасында Қоржындық кепілдендіру туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) жасалған жағдайда қолдануға болады.

Қоржындық кепілдендіру аясында келесі ЕДБ-мен Келісімдер жасалды:

1. «Сбербанк России» ЕБ АҚ
2. «АТФБанк» АҚ
3. «Еуразиялық банк» АҚ
4. «Нұрбанк» АҚ
5. «First Heartland Jýsan Bank» АҚ
6. «ВТБ Банк» ЕБ АҚ
7. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
8. «Банк ЦентрКредит» АҚ
9. «Альфа Банк» ЕБ АҚ
10. «ForteBank» АҚ

2020 жылдың ішінде қоржындық кепілдендіру шегінде 5 276 кепілдік шарттары жасалды.

Бұл әдістің іске асырылуы МШОК үшін де, Қордың қаржылық серіктестері (ЕДБ, МҚҰ) үшін де бірқатар мүмкіндіктерін көрсетіп отыр:

- жеткілікті кепіл болмаған жағдайда да несиелерге қолжетімділік;
- Қор кепілдігімен несиелеу жылдамдығын арттыру;
- кепілді бағалауға және рәсімдеуге уақыт шығынын азайту;
- басқа банктердің алдындағы бәсекелі артықшылық.

Қаржылық бағдарламаларды іске асырудың қорытындылары

	НАҚТЫ 2017 ж.	НАҚТЫ 2018 ж.	НАҚТЫ 2019 ж.	НАҚТЫ 2020 ж.
Қаражатты ЕДБ/МҚҰ/ЛК шартталып орналастыру арқылы кәсіпкерлерді қаржыландыру				
Қатысушылардың саны, бірл.	8 305	18 656	18 933	11 136
Қаржыландыру сомасы, млн теңге	230 469	272 912	239 508	207 588
Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау				
Қатысушылардың саны, бірл.	2 310	1470	2 647	14 679
Несиелер сомасы, млн теңге	275 660	198 380	269 786	1 197 058
Несиелерді кепілдендіру				
Қатысушылардың саны, бірл.	1317	1950	2 674	7 346
Несиелер сомасы, млн теңге	42 845	65 455	102 740	275 546

3.2. Қаржылық бағдарламаларды мониторингтеу

Қордың қаржылық бағдарламалары аясындағы, сондай-ақ агенттік келісімдер мен Қордың мониторинг функцияларын жүзеге асыруына негіз болып табылатын басқа да шарттар аясындағы жобаларды мониторингтеу туралы ақпарат.

МОНИТОРИНГТІҢ АТАУЫ	НАҚТЫ ТЕКСЕРІЛГЕНІ (ЖОБАЛАР САНЫ)				
	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Қор қаражатын шартталып орналастыру бағдарламаларының шегіндегі жобаларды мониторингтеу (17 бағдарлама)	226	2 334	1 238	1 548	1 712
Өңдеуші өнеркәсіп саласында қызмет жасайтын ШОКС қолдау бағдарламаларының шегіндегі жобаларды мониторингтеу (ҚР ҰҚ қаражаты)	725	576	896	1 610	1 029
БЖЗҚ (ҰБ, ҚДБ) жобаларын мониторингтеу жөніндегі агенттік келісімдер	0	777	737	321	5
Субсидияланатын жобаларды мониторингтеу	3 068	2 595	2 339	2 793	2 912
Кепілдендірілетін жобаларды мониторингтеу	1 170	989	1 131	2 257	1 919
Гранттарды мониторингтеу	406	183	522	523	834
ЖИЫНЫ	5 595	7 454	6 863	9 052	8 411


Ескертулер/бұзушылықтар бойынша қабылданған шаралар

МОНИТОРИНГТІҢ АТАУЫ	ЕСКЕРТУЛЕРДІҢ/ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ САНЫ	ЕСЕПТЕЛГЕН АЙЫППҰЛДАР, МЛН ТЕҢГЕ		ӨНДІРІЛГЕН АЙЫППҰЛДАР, МЛН ТЕҢГЕ		ҚАРАЖАТТАРДЫ МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАҢУ БОЙЫНША ЕСКЕРТПЕЛЕР, МЛН ТЕҢГЕ		АЛМАСТЫРУ ЖАСАЛДЫ, МЛН ТЕҢГЕ	
		САНЫ	СОМАСЫ	САНЫ	СОМАСЫ	САНЫ	СОМАСЫ	САНЫ	СОМАСЫ
Қор қаражатын шартталып орналастыру бағдарламаларының шегіндегі жобаларды мониторингтеу (17 бағдарлама)	53	16	12,5	15	11,9	53	857,4	53	857,4
Өңдеуші өнеркәсіп саласында қызмет жасайтын ШОКС қолдау бағдарламаларының шегіндегі жобаларды мониторингтеу (ҚР ҰҚ қаражаты)	9	4	9,4	3	1,3	9	265,7	9	265,7
Субсидияланатын жобаларды мониторингтеу	22	Субсидияланатын жобалар бойынша анықталған бұзушылықтар							
Кепілдендірілетін жобаларды мониторингтеу	20	с.і. 9 кепілдіктің күші жойылды және 11 жоба бойынша кепілдік сомасы азайтылды							
Гранттарды мониторингтеу	136	Анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама Бағдарламаның Өңірлік үйлестірушісінің, Конкурстық комиссияның мекенжайына жіберілді.							
ЖИЫНЫ:	240	20	21,9	18	13,2	62	1 123,1	62	1 123,1

Бағдарламалардың тиімділігін мониторингтеу

«Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау және дамыту мемлекеттік бағдарламасы. Қордың болжамдық деректері бойынша «БЖК 2025» қатысатын кәсіпорындар мен кәсіпкерлер бойынша 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өнім шығару көлемі 29,1 трлн теңгені құрады, соның ішінде 2020 жылдың ішінде – 3,7 трлн теңгені құраған.


7. «БЖК 2025» қатысушыларының шығарған өнімі, млрд теңге



* МКК алдын ала деректері бойынша

«БЖК 2025» шегінде пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және несиелерді кепілдендіру кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштерінің жақсаруына жағдай жасайды. Бұл қазіргі экономикалық жағдайда аса маңызды болып табылады. Өз кезегінде, кәсіпорындардың қызметіндегі жақсартулардың есебінен бюджетке түсетін ақша көлемі көбейеді, бағдарламаның бюджеттік әсері және оның экономикалық негізділігі жақсарады. 2021 жылғы 1 қаңтардағы бағалау бойынша «БЖК 2025» қатысушылардың төлеген салықтарының жалпы сомасы 2,2 трлн теңгені құрады, соның ішінде

8. «БЖК 2025» қатысушыларының төлеген салықтары, млрд теңге



* МКК алдын ала деректері бойынша

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - МКК) алдын ала деректері бойынша – 2020 жылдың ішінде 573 млрд теңгені құраған. (7-8-кестелерді қараңыз)


«БЖК 2025» кәсіпкерлік секторының кеңінен қамтылуы және ШОК субъектілері тарапынан бағдарламаға артып келе жатқан қызығушылық халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етуді білдіретін оны іске асырудан болатын әлеуметтік әсерді бағалауға мүмкіндік береді. Айталық, «БЖК 2025» қатысушылары 2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша шамамен 424 мың ағымдағы жұмыс орнын сақтап қалды және 112 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құрды. (9-кестені қараңыз)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатының есебінен өңдеуші өнеркәсіптегі ШОК қолдау бағдарламасы. 2014–2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен өңдеуші өнеркәсіптегі ШОК қолдау бағдарламасына қатысушылардан түскен кәсіпорындардың түсімі шамамен 6,9 трлн теңгеден асты, соның ішінде 2020 жылдың ішінде алдын ала деректер бойынша – 1,6 трлн теңгені құраған.

3.3. Күрделі активтермен жұмыс

2020 жылдың ішінде «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ мен «Capital Bank Kazakhstan» АҚ-ң 6,6 млрд теңге мөлшеріндегі берешегі толығымен өтелді, оның ішінде:

9. Құрылған және қолдау көрсетілген жұмыс орындарының саны, бірл.



* МКК алдын ала деректері бойынша

Осы Бағдарламаның аясында қаржыландыруға ие болған кәсіпкерлер 2014–2020 жылдардың ішінде 440 млрд теңге, соның ішінде 2020 жылдың ішінде алдын ала деректер бойынша – 96 млрд теңге сомасына салық төлеген.

Қолдау көрсетілген кәсіпорындар 2014–2020 жылдардың ішінде 18,2 мыңға жуық жұмыс орнын, соның ішінде 2020 жылдың ішінде кемінде 180 бірл. жұмыс орнын құрды.

- жылжымайтын мүлікпен – 4,9 млрд теңге;
- бағалы қағаздармен – 0,790 млрд теңге;
- қарыз қоржынын берумен – 0,898 млрд теңге;
- ақша қаражатымен – 0,013 млрд теңге.

Есепті кезеңнің соңында «БЖК 2025» шегінде іске асырылатын «ШОК топ-менеджментін оқыту» компонентінің шегіндегі тыңдаушылар саны 3 821 кәсіпкерді құрады, соның ішінде 2020 жылы 440 адам оқудан өтті.

2020 жылдың ішінде Өңірлік филиалдар 12 000 клиентке қызмет көрсетті, оларға 18 502 кеңес берілді.

3.4. Клиенттік сервис

Қаржылық қолдау бағдарламаларымен қатар 2020 жылы Қор оқыту бағдарламаларын іске асыру және кәсіпкерлерге кеңес берулік қолдау көрсету бойынша жұмысын жалғастырды.

2020 жылы «Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтан қолдау» жобасының аясында edu.damu.kz веб-платформасының негізінде 9 490 адам оқудан өтті.

Сүйемелденген жобалар аясында 2020 жылдың қорытындысы бойынша Өңірлік филиалдар ЕДБ/ЛК/МҚҰ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қор құралдары бойынша қаржылық қолдау алуға өтінімдерін мақұлдағанға дейін 10 019 жобаны сүйемелдеді.

Осылайша, Қор ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсарту бойынша жұмысын жалғастырып келеді, және сол үшін офлайн және онлайн арналарды пайдаланады.

Қашықтан оқыту

«Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтан қолдау» Жобасының аясындағы қашықтан оқыту кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға және Қазақстан өңірлеріндегі халықтың кәсіпкерлік біліктіліктерін арттыруға бағытталған.

Жаңадан бастап келе жатқан кәсіпкерлерді қашықтан оқытудың мақсаты әлеуетті кәсіпкерлердің өз ісін ашу мүмкіндіктеріне қызығушылығын ояту үшін кәсіпкерлік негіздері бойынша қажетті білім беру және бизнес жүргізу дағдыларын дарыту болып табылады.

Жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлерді қашықтан оқытудың мақсаты бизнес жүргізу, соның ішінде сату көлемдерін көбейтудің маркетингтік құралдарын пайдалану, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелерін бақылау және жобаларды басқару бойынша білімдерін тереңдету және тәжірибелік дағдыларын кеңейту, сондай-ақ сату бөлімінің жұмысын құру және басқару бойынша дағдыларды жетілдіру және жақсарту болып табылады.

Қашықтан оқыту барлық ниет білдірген кәсіпкерлерге міндетті түрде интернеті болу шартымен білім алушының орналасқан жеріне қарамастан өз кәсіби деңгейін үздіксіз арттыру мүмкіндігін береді. Мұндай оқудың барысында кәсіпкерлер оқу-әдістемелік материалдарды интерактивті режимде өз бетінше меңгереді,

тәжірибелік тапсырмаларды орындайды, тестілеуден өтеді. Тестілеуді сәтті тапсырған жағдайда білім алушыға оқудан өткені туралы сертификат беріледі.

Барлығы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 8 тақырыптамалық курс орналастырылды.

2020 жылдың ішінде осы жоба бойынша оқудан 9 490 адам өтті. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 12%-ға артық болып отыр.

ШОК топ-менеджментін сервистік қолдауды және оқытуды іске асыруды мониторингтеу

Қор «БЖК 2025» аясында «Шағын және орта кәсіпкерлік топ-менеджментін оқыту» компонентін мониторингтеу және «Ағымдағы кәсіпкерлік қызметті жүргізуге сервистік қолдауды ұсыну» құралы бойынша жұмысын жалғастырып келеді.

2020 жылы ШОК топ-менеджментін оқыту аясында оқудан өткен қатысушылардың саны 440 адамды құрады, сервистік қолдау қызметтерін алуға 34 065 ШОКС өтініш берді, оларға 39 653 қызмет көрсетілді.

Байланыс орталығы

Сонымен қатар кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардың өтініштерін өңдеу, оларды Қор мүдделері үшін әртүрлі байланыс арналары бойынша ақпараттандыру орталығы - Қордың Байланыс Орталығы да өз жұмысын жалғастыруда.

2020 жылы Байланыс Орталығының қызметкерлері 49 959 клиентке, оның ішінде 42 501 (85,1%) жеке кәсіпкерлік субъектісіне кеңес берді. BPM жүйесінде 25 827 клиент тіркелді. Жауап берілмеген қоңыраулардың үлесі – 2,3%-ды құрады.

3.5. Ақпараттық технологияларды дамыту

COVID-19 жаһандық пандемиясы Қор қызметкерлерінің алдына жаңа сын-тегеуріндерді қойып, сонымен бірге IT-өнімдерді дамыту үшін түрткі болды. Мысалға, Қордың бизнес-үдерістерінің жұмысқа қабілеттілігі сақтала отырып, қашықтан жұмысты қамтамасыз ететін өнімдерге деген ерекше мұқтаждық пайда болды. Қордың локдаун кезінде қашықтан жұмыс режимінде үздіксіз жұмыс істеуі мақсатында бейнеконференцияларды өткізу үшін Қор өзінде қолданылып жүрген Cisco Jabber, Bitrix24 сияқты құралдарды, сол сияқты Cisco Meeting App және Zoom сияқты жаңа құралдарды жедел түрде меңгерді және пайдалануға берді. Қор желісі периметрінен тыс СЭД Documentolog, BPM Online сервистерінің, Microsoft Exchange электрондық пошта сервисінің қызмет жасауы қамтамасыз етілді. Қауіпсіздік мақсатында Қор периметрінен тыс қолжетімді болмауға тиіс сыни IT-сервистермен (1С:Бухгалтерия, 1С:Субсидиялар сияқты) жұмыс істеу үшін Қор желісіне VPN арқылы қашықтан қосылу жөніндегі шешім ұсынылды.

Демалыссыз және тәулік бойы десе де болатын қашықтан жұмыс істейтін пайдаланушыларды қолдау ұйымдастырылды.

Бұдан бөлек, 2020 жылдың тамызында Қордың ескірген желілік коммутаторларын өзекті техникалық қолдауы бар жаңа желілік жабдыққа ауыстыру жөніндегі жоба іске асырылды. Ал, 2020 жылдың қазанында Қордың ақпараттық жүйелерін, оның ішінде сыртқы қызмет көрсетуге серверлік және виртуалды инфрақұрылымның жүйелік әкімшілендіру бағыттарын, операциялық жүйелер мен жүйелік БЖ сертификатталған мамандарға беру арқылы, IaaS қағидаты бойынша бұлтты инфрақұрылымға көшіру жөніндегі жоба іске асырылды. Осылайша, серверлік инфрақұрылымды үздіксіз жаңарту, сыни сервистер үшін өнімділігі жоғары ресурстарды бөлу қажеттігі туралы мәселе шешілді.

2020 жылдың желтоқсанында Қор Басқармасының шешімімен 2020–2023 жылдарға арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ақпараттық технологияларын дамыту стратегиясы және Қордың Директорлар

кеңесінің 2020 жылғы 24 ақпандағы шешімімен (№02/20 хаттама) бекітілген Қордың IT-аудитінің қорытындысы бойынша Түзету іс-қимылдары жоспарын орындау шегінде 2020–2023 жж. арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясын (2020 жылғы 25 желтоқсандағы №114/2020 хаттама) іске асыру бойынша 2020–2023 жж. арналған Іс-шаралар жоспары бекітілді.

Сонымен бірге, 2020 жылы Қордың бизнес-үдерістерін автоматтандыру және цифрландыру бойынша жұмыс жалғастырылды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша келесі негізгі жобалар іске асырылды:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан қаржыландыруға және қаражат бөлуге ЕДБ-ң, МҚҰ-ң және ЛК-ң өтінім беру және олардан түскен өтініштерді қарау үдерісінің барлық қадамдарын автоматтандыруға және цифрландыруға бағытталған «т(ПИ)» жобасы;
2. Online Damu интернет-порталын дамыту – Порталдың функционалдылығын кеңейту және юзабилити арттыру (Порталда ЭЦҚ қолданып электрондық форматтағы шарттарға қол қою, мемлекеттік бағдарламалар аясында субсидиялау бойынша кәсіпкерлермен өзара әрекеттесу интернет-терминалының функционалының орнын ауыстыру, мобильдік қосымшаға арналған API-интерфейстер, жаңартылған өзара әрекеттесу интерфейстері және интернет-порталдың дизайны, бірнеше құжатқа бір түрту арқылы қол қою механизмін енгізу, кепіл туралы мәліметтерді беру үшін Қордың ақпараттық жүйелерімен интеграциялауды кеңейту, sms-хабарламаларды икемді теңшеу, бағдарламаларды ықшамдап іріктеп алудың жаңартылған механизмі, өтінімдерді интернет-портал арқылы беру кезінде электрондық бейнелерді және электрондық құжаттарды пайдаланудың функционалдылығын кеңейту);
3. ЕДБ/МҚҰ/ЛК арналған рейтингтік модель – енгізудің мақсаты автоматтандырудың есебінен ЕДБ/МҚҰ/ЛК бойынша рейтингті есептеуге жұмсалатын еңбек шығындарын азайту болып табылады.

3.6. Халықаралық ынтымақтастық

2020 жылы Қор халықаралық қаржы институттарымен және шетелдік ұйымдармен өзара әрекеттесудің кеңейту бойынша жұмысын жалғастырды, нәтижесінде мыналар жасалды:

1. «Жаңартылатын энергия көздеріне инвестиция салу тәуекелдерін азайту» БҰҰДБ-ГЭФ Жобасын орындау аясында Қазақстандағы БҰҰДБ мен Қордың арасындағы жауапты тараппен келісім;
2. Америка Құрама Штаттарының Даму Агенттігінің Кәсіпкерлік пен бизнес-ортаны дамыту жөніндегі жобасының (USAID) аясындағы «Palladium International» жауапкершілігі шектеулі компанияның өкілдігімен ынтымақтастық туралы келісім;
3. Еуропалық Инвестициялық Банктің теңгедегі баламада 200 млн еуроға қаржыландыру туралы қолданыстағы несиелік желіге түзетулер мен толықтыруларды енгізу туралы қосымша келісім.

Келісімдерді жасасу бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесі 200 млн теңге сомасына «Астана» халықаралық қаржы орталығының АIX биржасында «жасыл» облигацияларды Қазақстан БҰҰДБ қолдауымен сәтті дебюттік орналастыру, сондай-ақ Кәсіпкерлік пен бизнес-ортаны дамыту жөніндегі жобаның USAID қолдауымен кәсіпкерлер үшін бірқатар онлайн-іс-шараларды өткізу болып табылады.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде тәжірибе алмасу іс-шараларын ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілді:

1. 2020 жылдың ақпанында Қор қызметкерлерінің Польша Кәсіпкерлікті дамыту агенттігінде және Credit Suisse (Швейцария) тағылымдамасы ұйымдастырылды. Польшада тағылымдамадан өтуі барысында Қор қызметкерлері кәсіпкерлерді қолдау құралдарымен, «жасыл» жобалар аясында қолдау шараларымен және кәсіпкерлікті интернационалдандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыспен таныстырылды. Credit Suisse-гі тағылымдама Қор қызметкерлеріне ESG қағидаларын қолдану, бизнестегі әйелдерді қолдау, бизнес үдерістерді цифрландыру бойынша ең ірі швейцариялық қаржы конгломератының тәжірибесін зерделеуге мүмкіндік берді;

2. 2020 жылдың маусымында және желтоқсанында Қазақстан кәсіпкерлеріне қосымша қаржылық емес қолдау көрсету үшін KOSME Корея ШОК және стартаптар агенттігімен бірлесіп корейлік және қазақстандық кәсіпкерлердің арасында онлайн B2B кездесулер ұйымдастырылды. Корея тарапынан 18 компания трансферт үшін өз технологияларын ұсынып, іс-шараға қатысты. Әрбір корейлік компания өз презентациясын ұсынды және өз қызметі мен ықтимал ынтымақтастық бағыттары туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Презентация аяқталған соң бұрын келісілген кесте бойынша әрбір қазақстандық кәсіпкерге корейлік тарап өкілдерімен келіссөз жүргізу үшін уақыт бөлінді;
3. 2020 жылдың қыркүйегінде Қор өзінің жергілікті, шетелдік және халықаралық серіктестері үшін «COVID-19 салдары туралы бірлескен ой-тұжырымдар: тәжірибе алмасу, МШКОС қолдау көрсету және жаңа мүмкіндіктер» халықаралық онлайн-форумын ұйымдастырды. Іс-шараға USAID, Азия Даму Банкі, KOSGEB Түрік Республикасының ШОБ қолдау агенттігі, KOBIA Әзірбайжан Республикасының Шағын және орта бизнесті дамыту агенттігі, PARP Польша Кәсіпкерлікті дамыту агенттігі, «ШОК Банк» АҚ (Ресей), Қырғыз Республикасының «Кепілдік Қор» ААҚ, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, «Kazakh Export» АҚ, «Астана» Қоры және Халықаралық қаржы орталығы, «Kazakh Invest» АҚ қатысты;
4. 2020 жылдың қарашасында АҚШ Сауда министрлігінің SABIT Арнайы американдық тағылымдамалар бағдарламасының Үйлестірушісімен бірлесіп Қор бағдарламаға қатысу шарттары бойынша кәсіпкерлерге арнап вебинар өткізді;
5. 2020 жылдың желтоқсанында БҰҰДБ Қор қызметкерлеріне «жасыл» жобалар бойынша оқу (вебинар) жүргізді.

3.7. Жарнамалық қызмет және БАҚ-пен жұмыс

Бүкіл әлемнің және Қазақстанның экономикасына, сондай-ақ еліміздің микро-, шағын және орта кәсіпкерлігіне көп жағымсыз әсер тигізген COVID-19 пандемиясының күрделі кезеңінде Қор жүйелі, ретті және тиімді сыртқы коммуникацияларды орнатты. Олардың мақсаты – Қор арқылы іске асырылатын барлық мемлекеттік қолдау шаралары туралы кәсіпкерлер мен жұртшылыққа кеңінен ақпарат беру болып табылады.

Қордың тарамдалған өңірлік филиалдар желісі бар болғандықтан коммуникациялар мүдделер мен өңірлердегі аудитория қажеттіліктерін ескере отырып, құрылған. Ақпарат телевидение, радио, баспа басылымдар және электрондық БАҚ арқылы таратылды. Карантиндік шектеулер болмаған кездері Қор өңірлерде де, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі арқылы да баспасөз конференцияларын жүргізді.

Нәтижесінде, 2020 жылы БАҚ-да мемлекеттік бағдарламалар мен Қор бағдарламаларының іске асырылуы туралы 430-дан астам материал жарияланды. 3 баспасөз конференциясы, 17 баспасөз туры өткізілді. Телевидениеге 43 сюжет, радиоға 11 эфир, ақпараттық агенттіктер мен баспа басылымдарында 133 мақала шығарылды.

Қор микро-, шағын және орта бизнес өкілдерінің қолайлылығы үшін цифрлық арналарды дамытуды жалғастырды. Ең маңызды цифрлық коммуникациялар арналары Қордың кәсіпкерлер мен халыққа қызмет нәтижелері, қабылданған өзгертулер немесе Қор іске асыратын жаңа қолдау бағдарламалары туралы жедел ақпараттандыруға, сондай-ақ ең өзекті проблемалар бойынша кері байланыс алуға мүмкіндік беретін www.damu.kz корпоративтік сайты болып табылады. Сайтта сондай-ақ нарықтар және қазақстандық экономика секторлары бойынша кәсіпкерлер шешім қабылдау кезінде зерделей алатын және зерттеулерге сүйене алатын барлық аналитикалық ақпарат жиналған.

Қор өнімдерін ілгері бастыру <https://online.damu.kz/> порталында шоғырланған. Микро-, шағын және орта

бизнесті дамыту және қолдау мемлекеттік институтына келіп түскен барлық өтінімдердің көбі – 98% сол арқылы өңделеді. Портал пандемия және карантиндік шаралар кезінде ерекше өзектілікке ие болды.

Барлық дерлік бағыттар мен PR-кампаниясының аспектілері әлеуметтік желілер арқылы іске асырылады: олар аудиторияға Қордың өнімдері мен бағдарламалары туралы жүйелі және мақсатты түрде ақпарат беріп отыратын контент-стратегия, кәсіпкерлермен қатынас, жарнамалық компанияларды, акцияларды, конкурстардың өткізу, аудиторияның көңіл-күйін анықтау, ниеттікті арттыру болып табылады. Digital-маркетингтің осы бағытын дамытудың арқасында 2020 жылдың ішінде Instagram мен Facebook-та 1 273 жарияланым жарық көрді. Әлеуметтік желілердегі Қорға жазылушылардың жиынтық аудиториясы 70 мың адамнан асады.

COVID-19 пандемиясы және одан кейін экономиканы қалпына келтіру кезінде микро-, шағын және орта бизнесті ақпараттандырудың ерекше маңыздылығын түсіне отырып, Қор «2014–2023 жж. арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ коммуникациялық стратегиясының және «2019–2023 жж. арналған «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ PR-стратегиясының» ережелерінің негізінде «2021–2023 жж. арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ коммуникациялық стратегиясын» әзірледі. Бұл құжат аудиториямен даму институтының коммуникациясының сапасын өзгертуге: оны бұрынғыдан сапалы әрі қолжетімді етуге арналған. Коммуникациялық стратегияда коммуникациялық жұмысты жүргізу кезінде көзделетін екі негізгі мақсат анықталған:

1. тәжірибелік мақсат – әртүрлі бағдарламалар шеңберінде Қордың қолдауына жүгіну санын көбейтуге қолдау көрсету;
2. имидждік мақсат – кең аудиторияның Қордың қызметі туралы хабардарлық деңгейін арттыру және Қордың заманауи, ашық және қолжетімді қаржылық институт ретіндегі беделін қалыптастыру.



ЗЕНЧЕНКО ЖӘНЕ КОМПАНИЯ

«ДАМУ-ӨНДІРІС»

«Зенченко және Компания» КС – Солтүстік Қазақстан облысындағы әлеуметтік маңызы бар ірі кәсіпорындардың бірі.

«Зенченко және Компания» КС:

- Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және сату (жарма, картоп, көкөністер);
- Жоғары сапалы сүтті өндіру және өңдеу;
- Ет өндіру және сату;
- Асыл тұқымды сиырлар мен бұқаларды сатумен айналысады.



БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2025

СУБСИДИЯЛАУ*

МАКСИМАЛДЫ СОМА **7 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН**
 СУБСИДИЯ МӨЛШЕРІ **ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА АҚЫРҒЫ МӨЛШЕРЛЕМЕ 6%**
 МЕРЗІМІ **5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН**

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

14 262

ЖОБАЛАР САНЫ

838,4

МЛРД ТЕҢГЕ
 НЕСИЕ СОМАСЫ

*қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау

4. ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

4.1. Даму жоспарының көрсеткіштерін орындау

	2019 ж.		2020 ж.		КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛМАУ/АСЫРА ОРЫНДАЛУ СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНДІРМЕЛЕР
	НАҚТЫ	ЖОСПАР	НАҚТЫ	ЖОСПАР-ДЫҢ ОРЫН. %	
1 Қордың несиелік қоржынындағы МҚҰ қоржынының үлесі, %	16,2	13,07	22,3	170,6%	МҚҰ-да қаражатты орналастыру көлемін арттырудың есебінен көрсеткіш асыра орындалған. «БЖК 2025» бірінші бағытының шегінде қоржындық субсидиялауды және кепілдендіруді енгізудің есебінен кепілдендіру құралы, субсидиялауға қатысу үшін шарттарды кеңейтудің есебінен субсидиялау құралы бойынша, сондай-ақ экономиканың ең көп зардап шеккен секторларындағы жобалар санының есебінен жоспарды асыра орындау, ҚШО бойынша жоспарды асыра орындау қаражатты ЕДБ/ЛК/МҚҰ орналастыру көлемін асыра орындаумен байланысты.
2 Қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің жалпы санындағы микро-, шағын және орта кәсіпкерлердің үлесі, %	87,5	85,4	88,7	103,9%	«БЖК 2025» бірінші бағытының шегінде қоржындық субсидиялауды және кепілдендіруді енгізудің есебінен кепілдендіру құралы, субсидиялауға қатысу үшін шарттарды кеңейтудің есебінен субсидиялау құралы бойынша, сондай-ақ экономиканың ең көп зардап шеккен секторларындағы жобалар санының есебінен жоспарды асыра орындау, ҚШО бойынша жоспарды асыра орындау қаражатты ЕДБ/ЛК/МҚҰ орналастыру көлемін асыра орындаумен байланысты.
3 Қаржылық қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің нарықтағы ағымдағы МШОК субъектілерінің жалпы санына қатынасы, %	6,2	6,9	8,5	123,2%	«БЖК 2025» бірінші бағытының шегінде қоржындық субсидиялауды және кепілдендіруді енгізудің есебінен кепілдендіру құралы, субсидиялауға қатысу үшін шарттарды кеңейтудің есебінен субсидиялау құралы бойынша, сондай-ақ экономиканың ең көп зардап шеккен секторларындағы жобалар санының есебінен жоспарды асыра орындау, ҚШО бойынша жоспарды асыра орындау қаражатты ЕДБ/ЛК/МҚҰ орналастыру көлемін асыра орындаумен байланысты.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ АТАУЫ	2019 ж.		2020 ж.		КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛМАУ/АСЫРА ОРЫНДАЛУ СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНДІРМЕЛЕР
	НАҚТЫ	ЖОСПАР	НАҚТЫ	ЖОСПАР-ДЫҢ ОРЫН. %	
4 Еңбек өнімділігінің артуын және өткізу нарықтарының кеңеюін ескере отырып, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңарту және кеңейту бойынша жобалардың және жаңа жобалардың саны, 2014 жылдың ішінде жиналғанын қоса алғанда (Мем. бағдарламалар/Қор Бағдарламалары), бірл.	82 603	95 157	115 764	121,6%	«БЖК 2025» бірінші бағытының шегінде қоржындық субсидиялауды және кепілдендіруді енгізудің есебінен кепілдендіру құралы, субсидиялауға қатысу үшін шарттарды кеңейтудің есебінен субсидиялау құралы бойынша, сондай-ақ экономиканың ең көп зардап шеккен секторларындағы жобалар санының есебінен жоспарды асыра орындау, ҚШО бойынша жоспарды асыра орындау қаражатты ЕДБ/ЛК/МҚҰ орналастыру көлемін асыра орындаумен байланысты.
5 Жеке меншік құрылыс компанияларының субсидияланатын несиелерінің көлемі, млрд тг	50	20	23	115%	2020 жылдың ішінде 25 жобаға қол қойылды. 74 мың ш.м. қолданысқа енгізілді.
6 Қордың несиелік қоржынындағы жеке меншік сектордың үлесі, %	100	100	100	100%	-
7 Қолдау алған кәсіпкерлік субъектілерінің өндірген өнімінің көлемі, млрд теңге	25 099	27 466	30 530	111,2%	Экономиканың ең көп зардап шеккен секторларындағы дағдарысқа қарсы шаралар шегінде кәсіпкерлерді қолдау көлемін арттырудың есебінен көрсеткішті жоспардан асыра орындау.
8 Қордың қолдауын алған кәсіпкерлік субъектілерінің төлеген салықтарының өсімі, млрд теңге	44	15	71	473%	Экономиканың ең көп зардап шеккен секторларындағы дағдарысқа қарсы шаралар шегінде кәсіпкерлерді қолдау көлемін арттырудың есебінен көрсеткішті жоспардан асыра орындау.
9 Есепті жылдың ішіндегі жалпы қарыз алу құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі, %	52,1	3,9	3,9	100%	-

	НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ АТАУЫ	2019 ж.		2020 ж.		ЖОСПАРДЫҢ ОРЫН. %	КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛМАУ/АСЫРА ОРЫНДАЛУ СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНДІРМЕЛЕР
		НАҚТЫ	ЖОСПАР	НАҚТЫ	ЖОСПАР		
10	Қордың негізгі бизнес-үдерістерін автоматтандыру, %	94,4	100	94,4	94,4	94,4%	Көрсеткіш жыл сайын өлшенеді. 72 негізгі бизнес-үдерістердің 68-і автоматтандырылды. Қалған 4 үдерісті SaaS моделі бойынша басқарушылық есептіліктің автоматтандырылған жүйесін құру бойынша жобаның шегінде автоматтандыру жоспарланған. Холдингінің Цифрландыру кеңсесінің 04.09.2020 ж. №2/5 шешімімен жобаға жұмсалатын шығындардан бас тартылды
11	МШОК субъектілерінің «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметіне сенімін және қанағаттанушылығын бағалау, %	86,15	Кемінде 80	94,5	94,5	118%	Микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің Қордың 2020 жылдың ішіндегі қызметіне сеніміне және қанағаттанушылығына берген бағасы 94,5%-ды құрады. Бағалауды «Home angel» ЖШС тәуелсіз компаниясы жүргізді.

4.2. Активтерді тиімді басқару

Қордың активтері мен пассивтерін басқару – бұл баланстың активтер мен пассивтерінің стратегиялық көрсеткіштерге жетуді, пайдалылықты сақтап тұруды, қаражатты тарту және орналастыру сомалары мен мерзімдерінің сәйкестігін және ақталмаған тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ететін құрылымын құру және ұстап тұру үдерісі. Қордың активтері мен пассивтерін басқарудың басты міндеті активтер мен пассивтерді Қордың қызметінің жоғары қаржылық көрсеткіштеріне тәуекелдерді барынша азайта отырып жететіндей реттеу болып табылады.

Қазіргі жағдайларда Қордың активтері мен пассивтерін тиімді басқару қажеттілігі төмендегілермен анықталады:

- жаңа күрделі өнімдердің пайда болуымен;
- тартылған ресурстар құрылымындағы өзгерістермен;
- экономиканың тұрақсыздығымен;
- Қордың қызметін оның барлық бағыттары бойынша үйлестіру қажеттігімен;
- тәуекелдерді басқарудың жалпы шектерінде контрагенттерге қаражат ұсынудың тәсілдерін үйлестіру қажеттігімен.

Активтер мен пассивтерді басқару кезіндегі Қордың негізгі міндеттері өтімділікті ақша ағындарының

барлық қажеттіліктерін жабу, мүмкін болса – өтімділіктің артылған бөлігін тиімді орналастыру, кез келген іскерлік тәуекелдерді жабу үшін капиталдың жеткілікті мөлшерін ұстап тұру, уақытша бос тұрған қаражаттың сақталуын, ағымдағы міндеттемелер бойынша төлем қабілеттілігін, пайда болып жатқан инвестициялық мүмкіндіктерді қаржыландыру қабілетін қамтамасыз ету үшін жеткілікті деңгейде ұстап тұру болып табылады.

2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қордың активтері 358,1 млрд теңгені құрады және 2019 жылмен салыстырғанда 20,6 млрд теңгеге өсті.

Активтер құрылымында негізгі үлесті (61%) қарыз қоржыны құрайды. Ақша қаражатының үлестік салмағы жиынтық активтердің 11%, «Кері РЕПО» операцияларының – 14% құрайды. Қордың бағалы қағаздары активтердің 6% құрайды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қордың міндеттемелері 238,4 млрд теңгеге жетті, бұл былтырғы жыл кезеңінің көрсеткішінен 12,9 млрд теңгеге төмен.

2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша меншікті капитал 119,7 млрд теңгені құрады.

4.3. Қаржылық нәтижелер

2020 жылдың ішінде Қордың жалпы кірістері 35,0 млрд теңгені, оның ішінде негізгі қызмет бойынша кірістер – 28,4 млрд теңгені, негізгі емес қызметтен түскен кірістер – 6,6 млрд теңгені құрады.

2020 жылдың ішіндегі Қордың жалпы шығыстары 28,8 млрд теңгені құрады. Қордың шығындарында негізгі үлес резервті құру және сенімсіз талаптарды

шығынға жазу бойынша шығындар (44 %) құрайды, қаржыландыруға жұмсалған шығындардың үлесі 38%-ға, әкімшілік шығыстар 16%-ға тең.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қордың қаржылық нәтижесі 4,8 млрд теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 38% артық болып отыр.

Қызметтің рентабельділік көрсеткіштері

АТАУЫ	2018 (НАҚТЫ)	2019 (НАҚТЫ)	2020 (ЖОСПАР)	2020 (НАҚТЫ)
ROA, активтердің рентабельділігі	-3,8%	1,10%	1,09%	1,37%
ROE, капиталдың рентабельділігі	-13,7%	4,8%	3,37%	4,63%
УБА орташа салмақталған кірістілігі	8,6%	8%	8,50%	10,15%
Қызметтің рентабельділігі	-28,6%	20,6%	12,44%	16,51%
NI margin	-28,6%	19,2%	17,05%	23,08%
Борыш/ меншікті капитал	3,0	2,9	1,51	1,99
Активтердің құрамындағы несиелік қоржынның үлесі	71,8%	77,9%	59,97%	61,27%

Активтердің рентабельділік көрсеткіші осы көрсеткіштің болжамдық мәнінен 0,28% артық болып тұр. Оған есепті кезеңде негізгі емес қызметтен түскен кірістер (ағымдағы шоттарға түскен сыйақылар, «Кері РЕПО» операциялары, депозиттер бойынша кірістер) бойынша жоспардың асыра орындалуына байланысты жоспарлы мәннен 0,3 млрд теңгеге асатын пайданың түскені себеп болды.

Есепті күнгі активтердің құрамындағы несиелік қоржынның үлесі 61,27% құрайды, бұл аталған көрсеткіштің жоспарлы мәнінен артық болып отыр. Оған есепті кезеңнің ішінде Қордың несиелік қоржынының (219,4 млрд теңге) нақты құнының жоспарлы құннан 23% (178,1 млрд теңгеге) артық болуы себеп болып табылады.

Рейтинг

2020 жылы S&P Global Ratings «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ шетелдік және ұлттық валютадағы

міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингтерін «BB+/B» деңгейінде растады.

Сонымен бірге ұлттық шкала бойынша рейтинг «kzAA-» деңгейінде расталды.

Moody's Investors Service сараптамалық пікіріне сәйкес 2020 жылы Қордың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелік рейтингтері «Вaa3» деңгейінде расталды.

Рейтингтердің өзгеруінің болжамы «Тұрақты» болып табылады.

Даму жоспарлары

Қызметінің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне жету үшін Қор жоспарлаудың және бюджеттеудің бірыңғай тәсілдерін енгізу, басқарушылық есептілік жүйесін құру, негізгі қызмет көрсеткіштерін орнату бойынша жұмыс жүргізеді.

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ

СУБСИДИЯЛАУ*

МАКСИМАЛДЫ СОМА ШЕКТЕУСІЗ

СУБСИДИЯ МӨЛШЕРІ ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА АҚЫРҒЫ МӨЛШЕРЛЕМЕ 6%

МЕРЗІМІ 10 ЖЫЛҒА ДЕЙІН

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

386

ЖОБАЛАР САНЫ

334,9

МЛРД ТЕҢГЕ
НЕСИЕ СОМАСЫ

*қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау

5. 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2021 жылы Қор бірқатар төмендегі іс-шаралар мен жобаларды іске асыруды көздеп отыр:

1. Қор тәуелсіз бағалау жүргізуді және экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару (ESG) практикаларын жетілдіруді жоспарлап отыр. Бағалаудың нәтижелері бойынша ESG жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары құрылады.
2. Жасыл климаттық қорда аккредитация алу үшін іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр.
3. Елдегі және әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты қызметкерлердің басым бөлігі үшін қашықтан жұмыс істеу режимін сақтап қалу жоспарланып отыр.
4. Қордың Еуропалық Инвестициялық Банкпен ынтымақтастығы аясында халықаралық институт қаражатының есебінен ШОКС несиелеудің жаңа өнімін әзірлеу және енгізу жоспарланып отыр.
5. БҰҰДБ-ме ынтымақтастық аясында БҰҰДБ-ГЭФ «Жаңартылатын энергия көздеріне (ЖЭК) инвестиция салу тәуекелдерін азайту» БҰҰДБ-ГЭФ жобасының аясында ШОКС әрі қарай қаржыландыру үшін ЕДБ/МҚҰ-да қаражатын шартталып орналастырудың жаңа өнімін іске асыру жоспарланып отыр. Өнім инвесторлық базаны кеңейтуге және ЖЭК саласындағы кәсіпкерліктің сапалы дамуына қолдау көрсетуге бағытталған.
6. Капиталдың үздіксіз айналымын қамтамасыз ету кезінде ШОКС мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған факторингтік мәмілелерді қаржыландыру бағдарламасын өзекті ету жоспарланып отыр.
7. Басым жобаларды несиелеу механизміне және «БЖК 2025» лизингтік мәмілелерді кепілдендіру бойынша мәселені пысықтау жоспарланып отыр.
8. Кепілдіктерді электрондық құжат түрінде беру мәселесін пысықтау жоспарланып отыр. Бұл ретте электрондық нысанға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылады.
9. Азия Даму Банкімен ШОБ субъектілерін микроқаржы ұйымдары арқылы қаржыландырудың жаңа жоспарының тұжырымдамасын пысықтау жоспарланып отыр.
10. Француз Даму Агенттігімен бірлесіп Қазақстанның ШОБ тұрақты дамуын қаржыландыру бағдарламасын әзірлеу жоспарланып отыр.
11. Қазақстан Республикасының Азиядағы Өзара әрекеттестік және сенім шаралары бойынша кеңесте (ӨӘСШК) төрағалық етуі шеңберінде «Экономиканы цифрландыру саласында ӨӘСШК мемлекеттерінің ынтымақтастық мүмкіндіктері» тақырыбына семинар өткізу жоспарланып отыр.
12. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ қайта ұйымдастыру үдерісі аяқталған соң қолданыстағы ұйымдық құрылымға өзгерту енгізу жоспарланып отыр.
13. Басқарушылық есептілікті енгізу жөніндегі жобаның шеңберінде басқарушылық есептілік порталын іске қосу, «БЖК 2025» I бағытының шегінде несиелер/микронесиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін қоржындық субсидиялау және ішінара кепілдендіру үдерісін автоматтандыру жоспарланып отыр.
14. COVID-19 пандемиясының еңбек нарығына жағымсыз әсерімен күресу, халықтың ең осал топтарына әсерді азайту және дағдарыстан кейінгі кезеңге жаңа салалары, мамандықтары және жұмыс орындары бар мемлекетті дайындау мақсатында құрылған ынтымақтастық қоры бойынша Қордың БҰҰ Даму бағдарламасына қатысуы жоспарланып отыр.

Қордың қолданыстағы бағдарламалары бойынша жұмыс жоспары:



1. Өңірлерде кәсіпкерлерді қолжетімді және ұзақ мерзімді қорландырумен қамтамасыз етіп жатқан нүктелік өңірлік бағдарламаларды іске асыру үшін ЖАО-дан қаржы тарту бойынша жұмыс жалғастырылады.



2. Халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық шеңберінде жұмыс жалғастырылады, соның ішінде COVID-19 салдарынан зардап шеккен кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсету үшін А несиелік желісінің шегінде Еуропалық Инвестициялық Банктен бірінші транш қаражаты тартылады.



3. B2B кездесулерді, форумдарды, семинарларды және консультацияларды ұйымдастыру арқылы шетелдік серіктестермен бірге қаржылық емес көмек көрсету бойынша жұмыс жалғастырылады.



4. «БЖК 2025» аясында ең көп зардап шеккен салалардағы кәсіпкерлердің жобалары бойынша қосымша түзетулерді енгізу жұмысы жалғастырылады, атап айтқанда:

- ЭҚЖЖ тізбесі толықтырылады;
- несиелер бойынша сыйақының номинал мөлшерлемесі қайта қаралады;
- үкімнің және/немесе басқа құжаттың және/немесе ҚНА бұйрығының, соның ішінде 2021 жылғы 9 сәуірдегі №127 ҚНА бұйрығының негізінде несиелер бойынша сыйақының номинал мөлшерлемесін төлеу мерзімін кейінге қалдыру кезінде мерзімі бар балама бойынша субсидиялау мерзімі ұзартылды.



5. «БЖК 2025» жобаларының шеңберінде қарызды мерзімінен бұрын ішінара өтеген кезде өзгертілген төлемдер кестесін рәсімдеу үдерісін оңтайландыру бойынша жұмыс жалғастырылады және бұл ЕДБ мен Қордың ішкі процедураларын жеңілдетеді және жаңартылған төлемдер кестелері бойынша субсидиялар сомаларын төлеуді жаңарту уақытын қысқартады.



ЖЫЛЫЖАЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

«БИЗНЕСІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2025»

«Қазақстанның жылыжай технологиялары» ЖШС-нің жалпы ауданы 3,5 га. Қазіргі уақытта өндірісте жылына 2,5 мың тонна өнім өсіріледі. Мұнда «жұқа қабатты жылжымалы науалар технологиясы» қолданылады. Ол науаларда салат өсіріледі. «Қазақстанның жылыжай технологиялары» аздан тамшылатып суару технологиясын пайдаланады. Өнімдер Степногорск, Көкшетау, Қарағанды, Нұр-Сұлтан, Павлодар қалаларында сатылады.



НҰРЛЫ ЖЕР тұрғын үй бағдарламасы

СУБСИДИЯЛАУ*

МАКСИМАЛДЫ СОМА **ШЕКТЕУСІЗ**
СУБСИДИЯ МӨЛШЕРІ **7% СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕДЕН**
МЕРЗІМІ **3 ЖЫЛҒА ДЕЙІН**

*қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

25

ЖОБАЛАР САНЫ

23,1

МЛРД ТЕҢГЕ
НЕСИЕ СОМАСЫ

6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі Қордың атқарушы органы мен басқару органын тәуекелдер және олардың азайту бойынша шешімдер туралы уақтылы дер кезінде ақпаратпен қамтамасыз ететін үдерістер мен процедуралардан құралады.

Қордың тәуекелдерін басқару үдерісінің негізгі элементі оның ұйымдық ерекшелігімен, негізгі қызмет қағидаларымен, бизнес-үдерістерімен интеграциясы және әр қызметкердің тәуекелдерді басқару үдерісіне тартылғандығы болып табылады.


Қордың тәуекелдерді басқаруының корпоративтік жүйесінің (әрі қарай – ТБКЖ) реттілігі және қызметінің үздіксіздігі төмендегі сызбада көрсетілген.

Қазіргі кезде ТБКЖ тәуекелдерді басқарудың төрт деңгейінен құралады: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекел-менеджмент департаменті, құрылымдық бөлімшелер (тәуекелдердің иелері).

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ағымдағы тәуекелдер және олардың көлемдері бойынша жалпы пайымды ең «әлсіз» жерлерін анықтау үшін базалық саралауды жүзеге асыру арқылы ұсынуға бағытталған. Бұл үдеріс қолданылатын әдістерді және негізгі тәуекелдерді басқару процедураларын бағалауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару деп жағымсыз әсерді және шығындардың болу ықтималдығын азайтуға немесе Қор қызметінің тәуекелдерімен байланысты шығындар пайда болған кезде қаржылай өтемақы алуға мүмкіндік беретін шараларды құру және іске асыру үдерісін айтады.

Тәуекелдерді басқару жүйесі ШОК жобаларын кепілдендіру бойынша бағдарламалар шеңберінде несиелік тәуекелдерді кешенді талдау қағидаларын іске асыруға бағытталған. Бағдарламаны іске асырудың маңыздылығын ескере отырып, Қор жыл сайын жобалық тәуекелдерді бағалау әдістемесін жетілдіріп тұрады,



және бұл несиелік тәуекелдерді ерте кезеңде барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Кепілдік беру туралы немесе оларды беруден бас тарту туралы шешім қабылдау барысында Қор несиелік тәуекелдерді бағалаудың өз кешенді әдістемесінің нәтижелерін қолданады. Бұл әдістеме жобаның қаржылық көрсеткіштеріне жағымсыз әсер тигізуі және сәйкесінше, берілген кепілдіктер қоржыны бойынша Қордың несиелік тәуекелінің деңгейін арттыруы мүмкін тәуекелдердің өзара байланысты факторларын жан-жақты талдауға негізделген.

Қаржылық тәуекелдерді басқару кезінде 2020 жылы әдеттегідей тәуекелдердің үш аймағы бөліп шығарылды: ЕДБ-гі шартталған несиелер, бағалы қағаздар қоржыны және ЕДБ-гі уақытша бос қаражат. Олардың азайту үшін контрагент банктермен жасалатын активті операцияларға шектеу қою әдістемелері, ЕДБ, ДК және корпоративтік эмитенттердің несиелік тәуекелдерін қашықтан талдау қолданылды.

Шектеу әдістемелерін Тәуекел-менеджмент департаментінің қаржы тәуекелдерін басқарудың әдіснамалық және техникалық базаларын жетілдіру бойынша жасаған жұмысының нәтижесінде қолдануға мүмкіндік туды.

Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу басталған сәттен бастап Қорда тәуекелдерді басқару бойынша базалық әдістемелік құжаттаманы енгізу бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ орталықтандырылған іс-шараларының аясында сыртқы кеңесшісі болып табылатын PWC-мен бірге тәуекелдердің барлық жекелеген түрлерін (несиелік, нарықтық, операциялық тәуекелдер, бизнес-тәуекелдер, жылжымайтын мүлік тәуекелі) басқарудан және бағалаудан, қалыпты және күйзелістік жағдайларды ескере отырып тәуекелдердің жиынтық шамасын анықтаудан, ішкі капиталдың жеткіліктілігін анықтаудан және тәуекел-аппетитті (капиталдың жеткілікті болуы, кірістілік және өтімділік тұрғысында) қалыптастырудан құралатын банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің талаптарын ескере отырып, ең үздік халықаралық практикаға сәйкес әзірленген тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді.

Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Қордың Басқармасы тоқсан сайын Директорлар кеңесіне шоғырландырылған негіздегі Тәуекелдер бойынша есепті негізгі тәуекелдердің сипаттамасы мен талдауын, тәуекелдер бойынша шектеулердің сақталуы туралы ақпаратты, сондай-ақ негізгі тәуекелдерді азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру туралы мәліметтерді ұсынады.

2020 жылы операциялық тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс жалғастырылды. Тәуекелдер базасын, тәуекелдер тіркелімін автоматтандыру бойынша іс-шаралар жүргізілді. Осы бағыттағы жұмыс кезінде Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері қатыстырылды, кешенді пакеттер құжаты бекітілді, соның ішінде: тәуекелдер тіркелімі мен картасы, тәуекелдерді басқару бойынша тәуекелдер картасы жаңартылды.

Барлық сәйкестендірілген және бағалау тәуекелдері тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекелдер картасы әр тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын (басқа тәуекелдермен салыстырғанда) бағалауға, сондай-ақ сыни болып табылатын және оларды басқару бойынша іс-шараларды әзірлеуді талап ететін тәуекелдерді бөліп шығаруға мүмкіндік береді.

Корпоративтік басқару тәуекелдерінің тіркелімі және Қордың тәуекелдер картасы стратегиялық, қаржылық (несиелік, нарықтық, өтімділік тәуекелі), құқықтық және операциялық тәуекелдер топтарына жататын тәуекелдерді қамтиды. «Қызыл» аймаққа кіретін тәуекелдердің Қор қызметінің тәуекеліне шалдығу ықтималдығы жоғары. «Жасыл» аймаққа кіретін тәуекелдердің тәуекелдерге шалдығу деңгейі ең төмен болады.

Барлық тәуекелдер бойынша іс-шаралар жоспары/тәуекелдерді азайту бойынша бақылау процедуралары құрастырылған:

1. тәуекелдердің негізгі индикаторлары (ТНИ) бекітілген;
2. іске асырылған және ықтимал тәуекелдер базасын үнемі қолдау тәжірибесі енгізілді;
3. Қор қызметін қалпына келтіру, Қор қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің шегінде Қорды дағдарысты басқару жоспарлары құрастырылған.

Негізгі тәуекелдер. Қорда негізгі тәуекелдер келесі санаттарға бөлінеді.

- a. Қор контрагенттерінің несиелік тәуекелі бұл ЕДБ, МҚҰ және ЛК-ң Қор алдындағы міндеттемелерін орындамауы салдарынан оларда орналастырылған қаражатты жоғалту тәуекелі.
- b. Қаржылық тәуекел – валюталар бағамдарының құбылуы және пайыздық мөлшерлемелердің теңдестірілмеген құрылымының салдарынан шығындардың пайда болу ықтималдығы.
- c. Операциялық тәуекел – әдеттен тыс немесе қате ішкі үдерістердің, персоналдың іс-әрекеттерінің, жүйенің жұмыс істеуінің нәтижесінде шығынға, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың іске асырылуы себебінен шығынға алып келетін тәуекел, соның ішінде құқықтық тәуекел (стратегиялық және беделден айрылу тәуекелін қоспағанда).
- d. Құқықтық тәуекел – заңнама талаптарын, нормативтік құқықтық актілерді, келісімдерді, қабылданған практиканы немесе әдеп нормаларын бұзу немесе сақтамау себебінен туындайтын әлеуеттік тәуекел.

Ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі және бизнес-үдерістердің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды элемент болып табылады.

Қорды ішкі бақылаудың қолданыстағы жүйесін жетілдіру мақсатында келесі іс-шаралар жүргізіледі:

1. COSO (Тредвей Комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитеті) моделіне сәйкес Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатқа (Қордың Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы №14/2018 шешімімен бекітілген) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін жақсартуға бағытталған процедураларды қосу бөлігінде өзгертулер/толықтырулар енгізілген.

2. Ішкі бақылау жүйесінің қатысушылары, олардың құзыреті, сондай-ақ өкілеттіктері мен міндеттері белгіленетін ішкі бақылауды қорғаудың үш желісі егжей-тегжейлі сипатталған «ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру» ұғымына жан-жақты түсіндірме берілген.
3. Бақылау ортасынан, тәуекелдерді бағалаудан, бақылау процедурасынан, ақпараттық қамтамасыз ету жүйесінен және ақпаратпен алмасудан, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін мониторингтеуден және бағалаудан құралатын ішкі бақылау жүйесінің бес өзара байланысты компоненттері (COSO моделіне сәйкес) егжей-тегжейлі сипатталған.

Ішкі бақылау жүйесіндегі тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтау мақсатында анықталған бұзушылықтарды/ескертулерді жою және Қордағы ішкі бақылауды жетілдіру бойынша кешенді шаралар қабылданады. Тәуекел-менеджмент департаменті жүйелі негізде мыналарды жүргізеді:

1. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындауды мониторингтеуді;
2. сыртқы аудит жүргізудің нәтижелері бойынша ұсынылған ұсынымдарды орындауды мониторингтеуді;
3. Қордың Жалғыз акционері – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен Қордың тәуелсіз директорларының ұсынымдарын орындауды мониторингтеуді.

ІБЖ тәуелсіз бағалау Қор регламентіне сәйкес үш жылда бір рет жүргізіледі. «Делойт» ЖШС-ң Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауының нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесін тәуелсіз бағалаудың қорытынды балы – 88% құрады.

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАСЫНДАҒЫ ШОҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

НЕСИЕЛЕУ*

МАКСИМАЛДЫ СОМА 1 МЛРД 850 МЛН ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН

НЕСИЕ ПАЙЫЗЫ 6%-ДАН АРТЫҚ ЕМЕС

МЕРЗІМІ 10 ЖЫЛҒА ДЕЙІН

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

441

ЖОБАЛАР САНЫ

102,5

МЛРД ТЕҢГЕ
НЕСИЕ СОМАСЫ

*қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау

7. КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК САЯСАТЫ


Адами капитал – басты құндылық және негізгі ресурс, Қор қызметкерлерінің кәсіпқойлық деңгейі мен қызметкерлерінің қауіпсіздігіне Қордың қызмет нәтижелері тікелей байланысты.

Қор қызметкерлерінің штаттық саны 2020 жылдың соңына қарай 374 адамды құрады. Ерлер 48%, әйелдер – 52% құрайды. (10-кестені қараңыз)

2020 жылдың соңындағы персоналдың құрылымы

КӨРСЕТКІШ	БАРЛЫҒЫ (АД.)	ГЕНДЕРЛІК ТОПТАР БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ, %		ЖАСТЫҚ ТОПТАР БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ, %		
		ЕРЛЕР	ӘЙЕЛДЕР	30 ЖАСҚА ДЕЙІН	30-50 ЖАС	50 ЖАСТАН ЖОҒАРЫ
Персоналдың орташа тізімдік саны, барлығы	359	48	52	10	84	5
Жоғары басшылық	5	80	20	0	100	0
Орта буын басшылары	47	66	34	4	87	9
Қызметкерлер	307	45	55	11	83	6

10. Гендерлік топтар бойынша құрылымы, %




2020 жылдың деректері бойынша Қор қызметкерлерінің орташа жасы 38 жас болып табылады. (11-кестені қараңыз)

Персоналдың тұрақтамауы

2020 жылы персоналдың өз еркімен тұрақтамауы жоспарлы 14%-ға артық емес бола тұра, 5,8%-ды құрады. 2020 жылы Қордағы ашық тұрған бос орындар

11. Жастық топтар бойынша құрылымы, %




саны 38-ді құрады, оның ішінде әкімшілік қызметтерге 35 бос орын және басқарушы мен жетекші лауазымдарға 3 бос орын болды. Әкімшілік лауазымдарға бос орындардың 62,9%-ын ішкі үміткерлер жапты, бос орындардың 37,1% - сырттан келген үміткерлер жапты, басқарушылық және жетекшілік лауазымдарға бос орындардың 75%-ы Қордың Кадрлар резервінде тұрған ішкі үміткерлермен жабылды, бос орындардың 25%-ын сыртқы үміткерлер жапты. (12-кестені қараңыз)

2020 жылдың ішіндегі персоналдың тұрақтамауы және жалдап алынған қызметкерлер саны

КӨРСЕТКІШ	БАРЛЫҒЫ	СОНЫҢ ІШІНДЕ ГЕНДЕРЛІК ТОПТАР БОЙЫНША		СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАСТЫҚ ТОПТАР БОЙЫНША		
		ЕРЛЕР	ӘЙЕЛДЕР	30 ЖАСҚА ДЕЙІН	30-50 ЖАС	50 ЖАСТАН ЖОҒАРЫ
Персоналдың тұрақтамауы, %	5,8	2,2	3,6	0,8	5	-
2020 жылдың ішінде жалдап алынған қызметкерлердің саны, ад.	50	21	29	19	31	0

12. 2018–2020 жылдардың ішінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ персоналының тұрақтамау деңгейі



Кадрлық резерв

Қордың кадрлық әлеуетін құру және дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде. 2020 жылдың ішінде Қордың кадрлық резервіне 26 штаттық әкімшілік қызметкер және басқарушы құрамның 9 қызметкері кіргізілді, олардың арасынан 4 қызметкер жоғары лауазымдарға ауыстырылды.

Қор резервшілердің біліктілігін (оқуы, мансапта көтерілуі) дамыту бағытында белсенді жұмыс жүргізеді. Атап айтқанда, олар үшін Жеке даму жоспарлары құрылды.

Кадрлық резервтің құрамында болған уақыттың ішінде резервшілер олардың кәсіби және жеке құзыреттерінің дамуына себеп болатын оқыту шараларына жіберіледі. Сонымен қатар резервшілердің Қордың Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен, Басқарма

төрайымымен және Қордың Басқарма мүшелерімен бизнес-кездесулерді жүргізу бойынша жұмыс жалғастырылуда.

Корпоративтік мәдениетті дамыту

Корпоративтік мәдениетті дамыту – тиімділігі жоғары ұйымды құрудың аса маңызды элементі және компанияның стратегиялық мақсаттарына жету үшін қажетті құрауыш, соған байланысты персоналдың қатыстылық дәрежесін талдау үшін жыл сайын персоналмен сұрақ-жауап жүргізіледі, іскерлік кездесулер, жұмыс топтарының және Қор Басқармасының жанындағы Кадрлық саясат жөніндегі Комитеттің отырыстары жүйелі түрде өткізіледі.

2020 жылдың нәтижесі бойынша Қор қызметкерлерінің тартылушылық деңгейінің агрегирленген мәні 78% құрады.

2020 жылы Қазақстан Республикасындағы COVID-19 пандемиясына байланысты күрделі эпидемиологиялық жағдайға байланысты Қор онлайн және қашықтан оқыту форматын белсенді пайдаланды. Бір жылдың ішінде Қор корпоративтік мәдениет пен корпоративтік рухты нығайту мақсатымен Қазақстан Республикасының барлық өңірлері бойынша Қор қызметкерлерімен құттықтау кездесулерін онлайн өткізді.

Ынталандыру және сыйақы беру

Қордағы еңбек тиімділігін арттыру саясаты Қордың стратегиялық мақсаттарын, Қордың стратегиясы мен бизнес-жоспарларын еңбекті қорғау, қызметкерлерді ынталандыру және көтермелеу саясатымен байланыстыру мақсатында құрылады.

Барлық қызметкерлер Қордың стратегиялық міндеттерінен туындайтын мақсаттар мен міндеттерге жетуді көздейді. Қызметкерлердің нәтижелілігін бағалау нақты міндеттердің орындалуына байланысты. Бұл қызметкердің қызметінің негізгі тиімділік көрсеткіштерімен расталу керек. Соған байланысты Қорда әкімшілік қызметкерлердің жұмысына тоқсан сайын бағалау жүргізіліп, соның негізінде қызметкерлердің атқаратын лауазымдарына сәйкестігі және қойылған мақсаттарға жету дәрежесі анықталады.

Қордың қызметкерлері Қор бюджетінде көзделген қаражаттың есебінен жыл сайынғы медициналық

сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Одан басқа Қор қызметкерлеріне жыл сайынғы еңбек демалысын берген кезде екі лауазымдық қызметіне мөлшерінде материалдық көмек, некеге тұру кезіндегі, бала туылған кездегі материалдық көмек көрсетіледі, сондай-ақ отбасы мүшесінің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек төленеді.

Оған қоса жүктілікке және босануға байланысты табыстан айрылған жағдайда әлеуметтік төлемді шегере отырып, орташа жалақыны сақтау арқылы жүктілік және босану бойынша ақылы демалыс беріледі.

Жүктілік және босану бойынша демалыстар, сондай-ақ бала күтуге байланысты демалыс туралы ақпарат

КӨРСЕТКІШ	МӘНІ (АД.)	СОНЫҢ ІШІНДЕ	
		ЕРЛЕР	ӘЙЕЛДЕР
2020 жылдың ішінде жүктілік және босану, сондай-ақ бала күтуге байланысты демалыс рәсімдегендер саны	12	0	12
2020 жылдың ішінде жүктілік және босану, сондай-ақ бала күтуге байланысты демалыстан қайтып келген жұмыскерлер саны	5	0	5
2019 жылдың ішінде жүктілік және босану, сондай-ақ бала күтуге байланысты демалыстан қайтып келген жұмыскерлер саны	21	0	21

Еңбекті қорғау

Қор жүйелі жұмысты, жұмыскерлердің қорғанушылығын арттыру және қауіпсіз еңбек мәдениетін енгізу жөніндегі бірізді қадамдарды көздейді.

Қор Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасын сақтайды, сондай-ақ апатсыз жұмысты арттыру бойынша қосымша шараларды енгізеді.

Қордың жұмыскерлері Қордың Кеңсе қызметкерлерінің еңбегін қорғау жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алады. Нұсқаулықтың талаптары жұмыс барысында Қор жұмыскерлері орындайтын барлық негізгі шараларда, Қордың кеңселерінде, қызметтік іссапарлар кезінде, сондай-ақ төтенше және апаттық жағдайларда қолданылады.

Кадрларды оқыту және дамыту жүйесін қалыптастыру

Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту олардың өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы және Қордың Даму стратегиясына сәйкес анықталатын міндеттерін шешу үшін теориялық және практикалық білімдерді, дағдыларды, біліктіліктерді және қызметкерлердің кәсіби және басқарушылық саласындағы дағдыларын жаңарту және қосымша меңгеру мақсатымен жүзеге асырылады.

Осы міндетті іске асыру мақсатында Қордың Кадрлық саясат жөніндегі комитетімен Қор жұмыскерлерін оқыту жоспары бекітілді (2020 жылғы 28 қаңтардағы № КҚП 05/2020 хаттама). Есепті жылдың ішінде Қордың 386 жұмыскері 43 оқыту іс-шараларында 1 337 рет оқудан өтті, олардың ішінде кейбір жұмыскерлер бір жылдың ішінде бірнеше рет, соның ішінде корпоративтік форматта оқытылды. Жылдық жоспар шегінде




оқыту жұмыскерлердің іскерлік, жеке-дара және кәсіби біліктіліктерін дамытуға бағытталды. Соның ішінде жұмыскерлер iOS мобильдік қосымшаларды әзірлеу, Creatio әзірлемесі бойынша оқудан өтті, ХҚЕС және Салық кодексіндегі өзгертулер, сондай-ақ қаржылық

талдау бойынша оқу, Power BI бойынша, MS Excel-де тәуекелдерді модельдеу, қазақ және ағылшын тілі курстары, жобаларды басқару және операциялық тиімділікті арттыру курстары және т. б. жүргізілді.

2020 жылдың ішінде қызметкерлерді оқыту бойынша көрсеткіштер

КӨРСЕТКІШ	БАРЛЫҚ ҚЫЗ- МЕТКЕРЛЕР БОЙЫНША	ГЕНДЕРЛІК ТОПТАР БОЙЫНША		ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ САНАТЫ БОЙЫНША		
		ӘЙЕЛДЕР	ЕРЛЕР	ЖОҒАРЫ БАСШЫЛЫҚ	ОРТА БУЫН БАСШЫЛАРЫ	ЖҰМЫСКЕР- ЛЕР
Ұйым қызметкерлерінің есепті кезеңнің ішінде өткен оқуының орташа сағаттар саны	206,00	210,91	200,59	25,00	176,98	213,30
Оқудан өткен қызметкерлердің саны	386,00	201,00	185,00	5,00	52,00	329,00
Оқу сағаттарының саны	79 503,00	42 393,00	37 110,00	125,00	9 203,00	70 175,00

13. Санаты бойынша бөлініп оқудан өткен қызметкерлер саны



Демеушілік және қайырымдылық

Қорда Қор Басқармасының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы (№104/2017 хаттама) шешімімен бекітілген, мақсаты Қордың бекітілген жоспарының шеңберінде демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге арналған жоспарлаудың ашықтығын және қаражатты

басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету болып табылатын демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету ережелері қолданылады.

2020 жылы Қор құрамдастырылған балалар үйін: балабақшаны, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ даму мүмкіндіктері шектеулі келіп оқу және тәрбие алу режимімен оқытылатын балалар білім алатын коррекциялық мектеп-интернатты құрайтын, Алматы қ. Білім басқармасының жанындағы «ЖАНҰЯ» мамандандырылған кешені Коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қайырымдылық көмек көрсетті.

«ЖАНҰЯ» МККММ 71 адамнан құралатын балалардың тізімін ұсынды. Қор спорттық костюм, аяқ-киім және рюкзак сатып алды. Тауарлар «ЖАНҰЯ» МККММ-не тапсырылды, барлық сатып алынған заттар балалар үйінің тәрбиеленушілеріне таратылып берілді.

2020 жылдың наурызында Алматы қ. карантиннің енгізілуіне байланысты қиын жағдайға түскен адамдарға мекенжайлық көмек көрсету үшін ерікті түрде ақша



AGRIMER-ASTYK

«БИЗНЕСІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2025»

Кәсіпорын астықты қабылдап, өңдейді. Атап айтқанда: кептіру, тазалау, сақтау, тарту және тауар партияларын дайындау, жұмсақ бидайды қайта өңдеу, қатты бидайды қайта өңдеу, автомобиль және т/ж көлігімен тиіп жөнелту жұмыстарымен айналысады. Кәсіпорынға келіп түсетін астық сапасы барлық қажетті жабдықтармен жарақтандырылған астық зертханасында тексеріледі.



жиналды. Жиналған ақшаға азық-түліктер сатып алынды және халықтың әлеуметтік осал топтарына апарылды.

2020 жылдың мамырында Қор қызметкерлері ақша жинап, 11 Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне және соғыс кезінде туған балаларға азық-түлік себеттері түрінде мекенжайлық көмек көрсетті.

2020 жылдың ішінде әлеуметтік жауапкершілік түрінде қол жеткізілген нәтижелер

КӘЖ САЛАСЫНДАҒЫ БАҒЫТТАР	КӨРСЕТКІШТЕР	2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТЫ МӘНДЕР	ОРЫНДАЛУЫ
Экономикалық көрсеткіштер	Демеушілік/қайырымдылық көмек көрсету үшін көзделген Қор бюджетіндегі қаражат көлемі	2020 ж. арналған Бюджеттің шегінде «Демеушілік көмек көрсету» бабы бойынша 10 млн теңге салынды	2020 жылға арналған Бюджет шеңберінде «Демеушілік көмек көрсету» бабы бойынша 10 млн теңге салынды. Көрсеткіштің нақты мәні 3,1 млн теңгені құрады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қызметті жоспарлау және бағалау комитетінің 15.12.2020 ж. шешіміне сәйкес (№ 22/20 хаттама) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетумен байланысты 1,9 млн теңге мөлшеріндегі шығындарға мораторий салынды.
	Қордың сыртқы мүдделі тараптарға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге жұмсаған жалпы сомасы	2020 жылға сыртқы мүдделі тараптарға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге жоспарланған мақсатты сома 10 млн теңгені құрайды	Бағалауды Ernst & Young Қазақстан тәуелсіз компаниясы Жалғыз акционердің тапсырысы бойынша жүргізді. 2020 жылдың ішінде қатысушылықтың және қанағаттанушылықтың агрегирленген мәні 0,78% құрады, бұл оң аймаққа жатады, қатысушылық деңгейі «Орташадан жоғары».
Персоналмен жұмыс жөніндегі көрсеткіштер	Персоналдың қатысушылық дәрежесі	Орташадан жоғары	
	Қор шегінде тәжірибеден және тағылымдамадан өткен жас мамандар саны	15 ад.	2020 жылы Қорда тәжірибеден/тағылымдамадан өткен жас мамандар саны 10 адамды құрады. Елдегі тұрақсыз эпидемиологиялық ахуалға байланысты мақсатты көрсеткішке қол жеткізілген жоқ.
	Оқудан өткен Қор қызметкерлерінің саны	185 ад.	2020 жылдың ішінде оқудан өткен жұмыскерлер саны 386 адамды құрады, олар 1 337 рет оқудан өтті (бірқатар жұмыскерлер бірнеше рет оқудан өтті).
	Қызметкерлердің Қор Омбудсменіне Іскерлік әдеп кодексін сақтамау мәселелері жөнінде жүгіну саны	7-ден артық емес	2020 ж. Омбудсменге жұмыскерлер жүгінбеген.

Іскерлік әдеп кодексі

Іскерлік әдеп компанияның табысқа жетуінің ажырамас алғышарттарының бірі, оның салауатты және тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Қордың Іскерлік әдеп кодексі әр жұмыскер үшін корпоративтік құндылықтар мен стандарттарды белгілейді. Қордың жұмыскерлері адалдық, сенімділік, кәсіпқойлық сияқты құндылықтарды ұстанады және Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына өз үлесін қосуға ұмтылады.

Жыл сайын Қор жұмыскерлері білімін, Қордың Іскерлік әдеп кодексінің негізгі қағидаттары туралы түсінігін анықтау үшін тексеруден және оқудан өтеді.

Корпоративтік шиеленістерді және мүдделер шиеленісін реттеу саясаты

Корпоративтік шиеленістердің алдын алу және олардың реттеу процедураларын анықтау, мүдделер шиеленісін дер кезінде айқындау және алдын алу (бұдан әрі – Шиеленістер), сондай-ақ корпоративтік шиеленіс немесе мүдделер шиеленісі туындаған немесе туындауы мүмкін жағдайда барлық органдардың іс-қимылдарын үйлестіру үшін Қорда Корпоративтік шиеленістерді және мүдделер шиеленісін реттеу саясаты бекітілген (Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі шешімі, №60 хаттама, бұдан әрі – Саясат).

Жалғыз акционердің құқықтарын сақтаудың және қорғаудың, сондай-ақ Қордың мүліктік мүдделері мен іскерлік беделін қорғаудың тиімді механизмдерінің бірі Шиеленістердің алдын алу және реттеу болып табылады.

Есепті кезеңнің ішінде Қордың Комплаенс-бақылаушысына жұмыскерлерден болуы мүмкін мүдделер шиеленісі туралы 2 өтініш келіп түсті:

1. Ақмола облысы бойынша өңірлік филиалға жұмыскердің жақын туысы қаржылық көмек туралы өтінішпен жүгінді;
2. Қор жұмыскерінің басқа жұмыскермен отбасы құру кезінде болуы мүмкін мүдделер шиеленісінің туындауы туралы ауызша жүгінуі.

Барлық өтініштерге Комплаенс-бақылаушы туындаған мүдделер шиеленісін реттеу үшін жасауға болатын іс-әрекеттерді ұсына отырып, туындаған мүдделер шиеленістеріне түсіндірме беру арқылы қорытынды берді.

Сонымен қатар Қорда адамгершілік, адалдық және сыбайлас жемқорлық белгілеріне төзбеушілік қағидаттарын енгізу әдістерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті құру бойынша іс-шаралар өткізіледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына өзгертулер мен толықтырулардың енгізілуіне байланысты жұмыскерлерге сыбайлас жемқорлық заңнамасының жаңа талаптары түсіндірілді. Қордың ішкі құжаттарына өзгертулер енгізілді және «Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты» тақырыбына оқу жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Қор сыбайлас жемқорлық белгілері тәуекелдерін азайту бойынша жұмыс жүргізеді. Жыл сайын Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегиясына сәйкес Сыбайлас жемқорлық жөніндегі ұлттық бюросының және Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің өкілдерімен бірге Қорда және оның өңірлік филиалдарында бейнероликтерді көрсете отырып лекциялар жүргізіледі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» заңның нормалары түсіндіріледі. Сонымен бірге Қорға қайта қабылданған қызметкерлерге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түсіндіру бойынша үздіксіз жұмыс жүргізіледі.

Саясаттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның белгілерін айқындау бойынша бақылауды күшейту, сондай-ақ Қорда оларды қатаң қабылдамау ахуалын қалыптастыру болып табылады. Қор жұмыскерлерінің өз еңбек міндеттемелерін орындауы кезінде адалдық және ашықтық қағидаттарын сақтауын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетін тәрбиелейді. Қордағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген белгілеріне төзбеушілік ахуалына жету үшін осы құжатқа қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде жұмыскерлердің құндылықтық және моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар енгізілген.

2020 жылдың қорытындысы бойынша келесі іс-шаралар іске асырылды.

1. Қордың барлық жұмыскерлері Қордың Корпоративтік алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен таныстырылады.

2. Қордың жұмыскерлері немесе өкілдері деп өздерін таныстыратын тұлғалардың тарапынан алаяқтық әрекеттердің алдын алу және ескерту мақсатында Қордың алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметі туралы корпоративтік сайтында Қор арнайы бөлім құрды. Сонымен қатар сайтта Қор жұмыскерлерінен және контрагенттер өкілдерінен алаяқтық әрекеттер белгілері және сыбайлас жемқорлық көріністері туралы ақпарат алып отыру үшін сайтта барлық байланыс арналарына сілтемелер («жедел желілер», арнайы электрондық пошта және т. б.) орналастырылған.
3. Өңірлік филиалдардың операциялық залдарында орнатылған телевизиялық панельдерде және Қордың сайтында көрсетілетін «Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбына бейнеролик жасалған.
4. Комплаенс-бақылаушы Қор жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде өткізіп тұрды.
5. Қордың болуы мүмкін сыбайлас жемқорлық және беделдік тәуекелдерін азайту мақсатында «Құпия сатып алушы» жағдаяттық тексерулері ұйымдастырылып, жүргізілді.
6. Болуы мүмкін сыбайлас жемқорлық және беделдік тәуекелдерді азайту мақсатында Қор жұмыскерлері үшін мыналар ұйымдастырылды және жүргізілді:
 - «Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбына әрі қарай тестілеу жүргізе отырып онлайн-курс өткізу;
 - сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша жағдаяттық әрекеттерді модельдейтін онлайн-ойын.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қор жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасау деректері тіркелген жоқ.



REISSWOLF KAZAKHSTAN

«ДАМУ-ӨНДІРІС»

«REISSWOLF Kazakhstan» ЖШС құжаттар мен деректерді кеңседен тыс сақтау және басқару, мұрағатқа сақтау және құжаттарды құпия түрде жою сияқты кең ауқымды қызмет түрлерін ұсынады. «REISSWOLF Kazakhstan» – REISSWOLF компаниялар тобына кіреді және осы саладағы қызметтердің еуропа нарығында жетекші орын алатын REISSWOLF International AG ресми серіктесінің штаб-пәтері Гамбург қаласында (Германия) орналасқан.



ЕҢБЕК

НЕСИЕЛЕУ*

МАКСИМАЛДЫ СОМА

8 000 АЕК Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Атырау, Шымкент

6 500 АЕК қалаларда, моноқалаларда

НЕСИЕ ПАЙЫЗЫ **6%-ДАН АРТЫҚ ЕМЕС**

МЕРЗІМІ **5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН**

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

1 118

ЖОБАЛАР САНЫ

13,5

МЛРД ТЕҢГЕ
НЕСИЕ СОМАСЫ

*қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау

8. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

Қор қоршаған ортаға жүзеге асырылып жатқан және жоспарланып жатқан қызметінің әсер ету көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылады. Операциялық қызметтің экологиялық әсер ету шараларын қабылдайды, «жасыл» өнімдерді әзірлейді, кәсіпкерлердің хабардарлығын арттырады, өз мамандарын Қордың тұрақты даму саласындағы Саясатына сәйкес оқытады, сондай-ақ экология және оған тигізілетін әсер тақырыбына оқу семинарларын жүргізеді.

2020 жылы Қор «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын енгізуге алғашқы қадамдарын жасады. Қорда қалдықтарды сұрыптауға арналған арнайы бокстар орнатылды. Қайта өңдеуге жататын қауіпсіз қалдықтар мен материалдарды «жасыл кеңсе» тұжырымдамасының аясында қаттап жинау және шикізатты қайта өңдеу орталықтарына шығару жүзеге асырылады.

2020 жылдың желтоқсанында Қор жұмыскерлері үшін экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалау мәселелері бойынша онлайн-форматта вебинар өткізілді.

Сонымен қатар 2020 жылдың соңында Қор бекітілуі 2021 жылдың басына жоспарланған Экологиялық және әлеуметтік саясатты әзірлеуді бастады. Қордың Экологиялық және әлеуметтік саясатының мақсаттары мыналар болып табылады:

1. әлеуметтік экологиялық және әлеуметтік әсерді азайту және Қор қызметінен болуы мүмкін оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерді арттыру;
2. тікелей қаржыландыру клиенттерін экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйелерін әзірлеуге және тиісті деңгейде ұстауға ынталандыру;
3. жобаларды қаржыландыру және оларды іске асыру туралы шешімдерді қабылдау кезінде жұртшылықтың жобаның қоршаған ортаға әсері саласындағы, сондай-ақ әлеуметтік әсер саласындағы мүдделерін ескеру.

Экологиялық, энергияны және материал үнемдейтін технологияларды қолдануға қатысты, жауапты тұтыну қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Қор ішкі қажеттіліктерге электр энергиясын тұтыну көлемін азайту мақсатын көздейді. Энергия үнемдейтін

технологиялардың қолданылуы 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы электр энергиясын тұтыну көлемінің 15,4% азаюына алып келді.

Бизнес-үдерістерді автоматтандырудың және электрондық бланкке өтудің есебінен қағаз тасығыштардағы құжат айналымы айтарлықтай азайды.

Қорда қауіпсіз қалдықтар қызметтерді жеткізушілермен жыл сайын жасалатын Қызметтерді сатып алу туралы шарттың негізінде шығарылады.

Сонымен қатар бір айта кететіні, Қор серіктестерінің экологиялық бағдарлануын арттыру мақсатында Қордың барлық серіктестеріне жеткізілген, тұрақты даму қағидаттары ескерілген Қор серіктестерімен үлгілік келісімдерге өзгертулер бекітілді.

2020 жылы экология саласында қол жеткізілген нәтижелер

КӨРСЕТКІШТЕР	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Алдыңғы жылдармен салыстырғанда Қордың энергия ресурстарын тұтыну деңгейі азайған, %	2017 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтыну деңгейінің нақты төмендеуі 10% құрады	2018 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтыну деңгейінің нақты төмендеуі 27,14% құрады *	2019 жылмен салыстырғанда Қордың 2020 жылдың ішінде электр энергиясын тұтынуы 15,4% төмендеді
Су тұтыну көлемі, текше м.	4 308 текше м.	5 181 текше м.	4 179 текше м.

*2019 жылы электр энергиясын тұтыну деңгейінің күрт төмендеуі Қордың жарықтандырудың энергия үнемдейтін жүйелеріне көшуімен байланысты. Одан кейінгі жылдары қосымша энергия үнемдеу технологиялары енгізілмегендіктен, электр энергиясы 2020 жылдың деңгейінде тұтынылады деп жоспарлануда.

ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР

Қазақстандағы БҰҰДБ бағдарламасы бойынша субсидиялар

МАКСИМАЛДЫ СОМА **350 МЛН ТЕҢГЕДЕН АРТЫҚ ЕМЕС**
СУБСИДИЯ МӨЛШЕРІ **СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНІҢ 10% ДЕЙІН**
НЕГІЗГІ МЕРЗІМІ **3 ЖЫЛҒА ДЕЙІН**

9. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Қор Корпоративтік басқаруды қызмет тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есеп берушілікті қамтамасыз ету, беделді нығайту және капитал тартуға жұмсалатын шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады. Қор корпоративтік басқарудың тиісті жүйесін заңнаманың Қазақстан Республикасындағы үстемдігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі және Қордың қазіргі экономикада және жалпы қоғамда алатын орнын анықтайтын фактор деп қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Қор органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктің арасын ажыратуды көздейді.

Корпоративтік басқарудың негізін қалайтын қағидаттары мыналар болып табылады:

1. өкілеттіктердің арасын ажырату қағидаты;
2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
3. Директорлар кеңесінің және Басқарманың Қорды тиімді басқару қағидаты;
4. тұрақты даму қағидаты;
5. тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты;
6. корпоративтік шиеленістерді және мүдделер шиеленісін реттеу қағидаты;
7. Қордың қызметі туралы ақпараттың ашықтығы және ашу объективтілігі қағидаттары.

9.1. Корпоративтік басқару жүйесі

Қор Жарғысына сәйкес оның басқару органдарына мыналар жатады:

1. Жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
2. Басқару органы – Директорлар кеңесі;
3. Атқарушы орган – Басқарма;
4. Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі;
5. Ішкі несиелік саясатты жүзеге асыратын орган – Несиелік комитет;
6. Активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру, қаржылық тәуекелдерді оңтайландыру қағидаттарына жету және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қордың активтерін және міндеттемелерін тиімді басқаруды арттыру жөніндегі орган – Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет;
7. Қордың несиелік, лизингтік, инвестициялық, құжаттық, шаруашылық қызметін жүзеге асырудың нәтижесінде туындаған күрделі дебиторлық берешекті қайтару бойынша жұмысты жүзеге асыратын орган – Күрделі активтермен жұмыс жөніндегі комитет;
8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған басқа органдар.

2020 жылы Қор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтады. Қордың 2020 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есебі Директорлар кеңесімен қаралды және Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 28 маусымдағы шешімімен (№05/2021 хаттама) бекітілді.

Қордың корпоративтік басқару кодексінің 2020 жылға арналған қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы қысқаша есеп жылдық есептің №1 Қосымшасында көрсетілген (есептің толық нұсқасы Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған).


Қордың Ішкі аудит қызметі өткізген корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелері бойынша корпоративтік басқару деңгейінің ең үздік практика талаптарына сәйкестігі 91,2% құрайды.

Қордың Жалғыз акционерінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен (№61/20 хаттама) Қордың Корпоративтік басқару кодексіне өзгертулер енгізілді. Қордың Корпоративтік басқару кодексі енгізілген өзгертулерімен бірге Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған.

9.2. Ұйымдық құрылым

Қордың Ұйымдық құрылымы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қорда 21 департамент, 2 қызмет, 17 өңірлік филиал, 2 өңірлік орталық, 9 дербес құрылымдық бірлік (Басқарушы

директорлар, Аппарат Басшысы, Корпоративтік хатшы, Комплаенс-бақылаушы, Басқарма төрағасының көмекшісі, Басқарма Хатшылығы) жұмыс істейді.



9.3. Жалғыз акционер

Қордың Жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (әрі қарай – Холдинг) болып табылады.

Холдингтің миссиясы Стратегия 2050-де қойылған міндеттерге жету мақсатымен Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуын ұстап тұру болып табылады. Холдинг мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыруда негізгі оператор болып табылады.

Холдингтің басты міндеттерінің бірі Холдингтің компаниялар тобының тиімді және өзара толықтыратын жұмысын қамтамасыз ету болып табылады.

Қор тек қана жай акцияларды шығарады. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Сонымен қатар жай акция Жалғыз акционерге Қордың таза кірісі болған жағдайда дивиденд алуға

және Қор таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДЫҢ ТҮРІ	ЖАЙ АКЦИЯЛАР
СЖН	KZ1C49420017
Шығарылымды тіркеу күні	09.04.2012
Номинал құны*	100 000 теңге
Жарияланған акциялар саны	27 962 244
Орналасырылған акциялар саны	27 762 244
Акционерге тиесілі акциялар саны	27 762 244
Акционер туралы ақпарат	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Орналасырылған акциялардан акционердің алатын үлесі	100%
Дауыс беретін акциялардан акционердің алатын үлесі	100%

* Соңғы орналасырылған акциялардың құны

9.4. Директорлар кеңесі

Қордың Директорлар кеңесі Қорды стратегиялық басқаруды және Қор Басқармасының қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.

Қордың Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қордың Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қор Жарғысына, Қордың Корпоративтік басқару кодексіне және Қордың басқа да құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Қордың директорлар кеңесінің құрамы Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердік өкілдері ретінде сайлануға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалардан, Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілі ретінде сайлануға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалардан құрылады.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің құрамы Қор қызметінің салалық ерекшелігіне, Қор қызметінің ауқымдарына, Қордың және Жалғыз акционердің мүддесінде тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдердің қабылдануын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Директорлар кеңесі комитеттерінің қарайтын мәселелеріне қарай олардың мүшелерінің дағдылар, тәжірибе және білім тепе-теңдігін көздеуге тиіс. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тек қана жеке тұлға бола алады.

Жалғыз акционер Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысы мен ішкі құжаттарында анықталған тәртіппен, үміткерлердің біліктіліктерін, жетістіктерін, дағдыларын, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып сайлайды.

2021 жылғы 1 қаңтарда Қордың Директорлар кеңесінің құрамында 6 мүше болды, оның 3 – тәуелсіз директорлар. Бұл корпоративтік басқарудың ең үздік практикасына сай келеді.

Директорлар кеңесінің құрамы



Смайылов Әлихан Асханұлы
Директорлар кеңесінің төрағасы



Карагойшин Рустам Тимурұлы
Директорлар кеңесінің мүшесі



Баталов Райымбек Ануарұлы
Тәуелсіз директор



Бахмутова Елена Леонидовна
Тәуелсіз директор



Елемесов Асқар Раушанұлы
Тәуелсіз директор



Бурибаева Гаухар Асылбекқызы
Директорлар кеңесінің мүшесі

Смайылов Әлихан Асханұлы

Директорлар кеңесінің төрағасы

1972 ж.т., Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2019 жылғы 13 наурыз, Директорлар кеңесінің төрағасы болып 2019 жылғы 17 сәуірде сайланды.

- «А-Инвест» инвестициялық-жекешелендіру қорының қызметкері (1993–1995);
- Алматы қаласы әкімшілігінің сауда және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы (1995–1996);
- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің тағылымгері (1996);
- Басқарма бастығының орынбасары, Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық агенттігі басқармасының бастығы (08.1996–03.1998);
- Қазақстан Республикасы Статистикалық жоспарлау және реформалар агенттігінің Статистика және талдау комитеті төрағасының орынбасары (03.1998–04.1998);
- Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімдігі Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас сарапшысы, бөлім секторының меңгерушісі, мемлекеттік инспекторы (1998–1999);
- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы (11.1999–02.2003);
- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер вице-министрі (02.2003–2003);

Карагойшин Рустам Тимурұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі

1983 ж.т., Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2019 жылдың 26 маусымы. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі.

- «Қазақстанның Даму банкі» АҚ («ҚДБ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құрылымына жатады) менеджері, бас менеджері, жобалық талдау департаменті басқармасының бастығы (2004–2007);
- «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарушы директоры – басқарма мүшесі (2007–2011);

- «Экспорттық несиелерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы (2003–2006);
- Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі (02.2006–01.2007);
- 2013 жылдың 16 қаңтарынан бастап – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен (№468) Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі лауазымына тағайындалды;
- «ҚазАгро» Ұлттық холдингі» АҚ Президенті (01.2007–11.2008);
- Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі (21.11.2008–10.2009);
- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы (27.10.2009–13.08.2014);
- ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы (08.2014–12.2015);
- Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі (11.12.2015–18.09.2018);
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрі (18.09.2018–25.02.2019);
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі (25.02.2019–05.2020);
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары (18.05.2020 ж. бастап).

- «Petroleum Operating» ЖШС Мұнай және мұнай өнімдері маркетингі департаментінің сыртқы экономикалық қызмет бөлімінің бастығы (2011–2012);
- «Credit Systems» ЖШС Басқарма төрағасы (2012–2013);
- «Сбербанк Лизинг» ЖШС Бас директорының орынбасары, Бас директоры (2013–2015);
- «КазАгроФинанс» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (2015–2019);
- «Қазақстан Астық Консорциумы» ЖШС Бас директоры (02.2019–05.2019)
- 2019 жылдың мамырынан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып табылады.

Баталов Райымбек Ануарұлы

Тәуелсіз директор

1970 ж.т., Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2020 жылдың 10 маусымы.

- 90-шы жылдары «Риддер Инвест» металлургия кешенінің басқарушы директорларының қатарында болған, «Новоджамбулский фосфорный завод» химия кешенінің жұмысына жетекшілік еткен, Тобыл элеваторын, Меркідегі қант зауытын, Шымкент ТЭЦ-3 басқарған.
- 1992 жылдан бастап «Райымбек» сауда фирмасының негізін қалаушы болып табылады, «Raimbek» холдингінің Директорлар кеңесінің төрағасы
- 2002 жылдан бастап Қазақстан Кәсіпкерлер форумы кеңесінің төрағасы болып табылады.
- 2005 жылдан бастап Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) Іскерлік кеңесінің қазақстандық ұлттық бөлігін басқарады.
- 2007 жылдан бастап – Қазақстан Республикасы мәжілісінің жанындағы қоғамдық палата мүшесі.

Бахмутова Елена Леонидовна

Тәуелсіз директор

1962 ж.т., Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні - 19 қыркүйек 2018 жыл.

- Алматысельстрой № 7 трестінің КСМК-1 аға инженері (1983–1984);
- Қазақ КСР Мемжоспар жанындағы жоспарлау және нормативтік экономикалық ғылыми-зерттеу институтының экономисі (09.1984-09.1989);
- Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің аға экономисі (09.1989-02.1991);
- «Елім-Ай» киношаруашылығы бірлестігінің экономисі (02.1991-05.1992);
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджет департаментінің жетекші, бас экономисі, бөлім бастығы, әлеуметтік сала жөніндегі департамент бастығының орынбасары, директордың орынбасары (05.1992-12.1998);
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджет департаментінің директоры (12.1998-04.2001);

- 2009 жылдан бастап – Қазақстан су асты спорты федерациясының президенті.
- 2010 жылдан бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен бірыңғай үйлестіру Кеңесінің мүшесі. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы кәсіпкерлік жөніндегі кеңестің құрамына және Қазақстанның Ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумына кіргізілген.
- 2012 жылдан бастап Еуразия экономикалық комиссиясының (Мәскеу қ.) Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі консультативтік комитетінің тәуелсіз сарапшысы болып табылады.
- 2015 жылдың қыркүйегінен бастап бизнес пен ЖОО ынтымақтастығына бағдарланған аса ірі халықаралық коммерциялық емес ұйым - ENACTUS Қазақстан Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.
- 2015 жылы Қазақстан Велоспорт федерациясының бірінші вице-министрі болып сайланды.
- 2017 жылдың наурызында Азия велоспорт конфедерациясының вице-президенті болып сайланды.

- Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі (04.2001-09.2002);
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қаржылық қадағалау департаментінің директоры (09.2002-01.2004);
- Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі төрағасының орынбасары (01.2004-23.01.2008);
- Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің төрайымы (23.01.2008 ж. бастап - 04.2011, агенттіктің таратылуына байланысты);
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Қаржы және операциялар жөніндегі басқару директоры (01.2012-22.11.2016);
- Коммерциялық емес «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» АҚ Басқарма төрайымы (11.2016-08.2018);
- Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығы кеңесінің төрайымы (24.08.2018 ж. бастап).

Елемесов Асқар Раушанұлы

Тәуелсіз директор

1968 ж.т., Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні - 28 мамыр 2018 жыл.

- «Казахинторг» ӨБ қызметкері (1990–1991);
- «Корус Интернешнл КО ЛТД» фирмасының өкілдігінде басқарушы лауазымдар (08.1991-08.1992);
- «Казкоммерцбанк» АҚ; «Каспий Банкі» ЖАҚ; «БанкТұранӘлем» АҚ; «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ жетекші лауазымдар (09.1994–1998);
- «ДБ Секьюритиз Казахстан» ААҚ вице-президенті – брокер бөлімінің бастығы (08.1998-12.1999);
- «ДБ Секьюритиз Казахстан» ААҚ, неміс Deutsche Bank еншілес компаниясының Президенті (12.1999-02.2004);

Бурибаева Гаухар Асылбекқызы

Директорлар кеңесінің мүшесі

1983 ж.т., Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні - 24 сәуір 2019 жыл.

- Green Integrated Logistics Co. LTD Оңтүстік Корея көлік компаниясында менеджер (12.2003-12.2004);
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігінің «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ қаржы мониторингі жөніндегі бөлімінің бас маманы (01.2005-09.2006);
- «Қазақстанның Даму банкі» АҚ Жобаларды кредиттеу департаментінің бас менеджері, Жобалау дирекциясының бас фронт-менеджері (09.2006-05.2009);
- «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Инвестициялық жобаларды әкімшілендіру департаментінің бас менеджері (05.2009-10.2009);
- «Альянс Банк» АҚ Корпоративтік бизнес департаментінің бас менеджері (12.2009-03.2010);
- «Қазақстанның Даму банкі» АҚ Жобалау дирекциясы басшысының орынбасары (03.2010-08.2011);

Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың акцияларын, жеткізушілердің және Қор бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

Қордың Директорлар кеңесі туралы Ережесінің талаптарына сәйкес тәуелсіз директорларға үміткерлердің Қорда қандай да бір материалдық мүдделері немесе онымен қатынастары болмауға, оны басқармауға немесе объективті пайымдауды жүзеге асыруына қауіп төндіруі мүмкін оның меншігін иеленбеуге, тәуелсіз және объективті шешімдерді қабылдау үшін жеткілікті дәрежеде кәсіпқой және дербес болуға, Жалғыз акционердің, атқарушы органының және басқа да мүдделі тараптардың ықпалында болмауға тиіс.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына кіретін барлық тәуелсіз директорлар тәуелсіздік критерийлерін қанағаттандырады.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелілігіне үміткерлерді шығару және іріктеп алу тәртібі, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелілігіне үміткерлерді шығару кезінде қолданылатын критерийлер Корпоративтік басқару кодексінде және Қордың Директорлар кеңесі туралы Ережесінде регламенттелген.

2020 жылдың ішінде Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгерістер орын алды.

1. «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 10 маусымдағы шешімімен (№27/20 хаттама) Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі Б.Г. Мұхаметжановтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды. Директорлар кеңесінің мүшесі, Қордың тәуелсіз директоры болып, Қордың Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттіктер мерзімі аяқталғанға дейінгі өкілеттіктер беріліп Р.А. Баталов сайланды.


Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметі туралы есеп

2020 жылы Директорлар кеңесінің 9 күндізгі және 3 сырттай отырысы өткізіліп, 110-нан астам мәселе қаралды. Есепті жылдың ішінде Директорлар кеңесінің жанында 20 комитет отырыстары өткізілді, комитеттердің барлық отырыстары күндізгі тәртіппен өткізілді.

Қордың Директорлар кеңесінің отырыс саны

2020 ЖЫЛ	КҮНДІЗГІ ОТЫРЫС	СЫРТТАЙ ОТЫРЫС	БАР-ЛЫҒЫ
1 тоқсан	2	1	3
2 тоқсан	2	1	3
3 тоқсан	3	1	4
4 тоқсан	2	0	2
Жиыны:	9	3	12


14. 2020 жылдағы Директорлар кеңесі отырыстарының құрылымы



Директорлар кеңесінің отырыстарындағы қаралған мәселелер саны

2020 ЖЫЛ	КҮНДІЗГІ ОТЫРЫС	СЫРТТАЙ ОТЫРЫС	БАР-ЛЫҒЫ
1 тоқсан	21	1	22
2 тоқсан	26	4	30
3 тоқсан	30	2	32
4 тоқсан	26	0	26
Жиыны:	103	7	110

15. 2020 жылдағы қаралған мәселелер құрылымы



Директорлар кеңесінің 2020 жылы қараған негізгі мәселелері

Есепті кезеңнің ішінде Директорлар кеңесі келесі мәселелерді қарады: өзі мүдделі ЕДБ-мен мәміле жасасу, 2019 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің қызметін Бағалау туралы Есепті қарау және кейіннен Жалғыз акционердің бекітуіне шығару, тәуекел-менеджмент саласындағы регламенттер мен есептерді бекіту, тәуекелдер туралы тоқсан сайынғы есептерді бекіту, жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту, Қордың таза кірісін бөлу тәртібінен ұсыныстарды құру, Даму стратегиясын іске асыру туралы есепті бекіту, Қордың жылдық есебін алдын ала бекіту, басқарушы қызметкерлердің қызметінің басты көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті бекіту, басқарушы қызметкерлердің қызметінің басты көрсеткіштер картасын және олардың мақсатты мәндерін бекіту, Қордың Даму жоспарының көрсеткіштерін өзгерту (түзету), Ішкі аудит қызметінің, комплаенс-бақылаушының, корпоративтік хатшының және т. б. жұмысына қатысты мәселелер.

Одан басқа, тәуелсіз директорлардың бастамасы бойынша 2020 жылдың желтоқсанында Жалғыз акционердің өкілдерінің, Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасы мүшелерінің қатысуымен Директорлар кеңесінің қызметін сырттан бағалау барысында Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) ұсынған мәселелерді, соның ішінде Қордың бизнес-моделінің стратегиялық тәуекелдерін талдауды, Қордың кәсіпкерлікті қолдау

Комитеттердің құрамы Директорлар кеңесінің келесі мүшелерінен бекітілген:

АУДИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитет төрағасы	Елемесов А.Р., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Бахмутова Е.Л., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Баталов Р.А., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Карагойшин Р.Т., Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі

ТАҒАЙЫНДАУЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитет төрайымы	Бахмутова Е.Л., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Елемесов А.Р., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Баталов Р.А., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Карагойшин Р.Т., Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі

құралдарының жалғыз операторы ретіндегі қызметі туралы мәселелері қарау үшін стратегиялық сессия отырысы өтті.

2020 жылы Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуы

№	ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ	ҚАТЫ-СУЫ	%
1.	Смайылов Әлихан Асханұлы	12/12	100
2.	Карагойшин Рустам Тимурұлы	11/12	92
3.	Баталов Раимбек Ануарұлы (2020 жылдың 10 маусымынан бастап)	6/12	50
4.	Бахмутова Елена Леонидовна	12/12	100
5.	Елемесов Асқар Раушанұлы	12/12	100
6.	Бурибаева Гаухар Асылбекқызы	12/12	100

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің жұмысы

Қордың Директорлар кеңесінің жанында 3 комитет жұмыс істейді: аудит және тәуекелдерді басқару, тағайындаулар, сыйақы беру және әлеуметтік мәселелер бойынша, стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму бойынша. Корпоративтік басқарудың ең үздік практикасына сәйкес Директорлар кеңесінің жанындағы бейіндік комитеттерді тәуелсіз директорлар басқарады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитет төрайымы

Бахмутова Е.Л., тәуелсіз директор

Комитет мүшесі

Елемесов А.Р., тәуелсіз директор

Комитет мүшесі

Баталов Р.А., тәуелсіз директор

Комитет мүшесі

Карагойшин Р.Т., Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі

Халықаралық қаржы корпорациясының (International Finance Corporation, IFC) ұсынымдарын орындау үшін 2020 жылы Қордың Директорлар кеңесі комитеттер туралы бұрын қолданылған бөлек ережелердің жоғалуын ескерте отырып, жаңа редакциядағы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы жалпы (бірыңғай) ережені бекітті. Осылайша, комитеттердің қызметі Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 26 мамырдағы шешімімен бекітілген бірыңғай ережесімен регламенттелген (№06/20 хаттама).

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитет қызметтің (дамудың) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарды (даму стратегиясын) құру мәселелері, корпоративтік даму мәселелері, оған қоса Қордың орташа- және ұзақ мерзімді перспективадағы қызметінің тиімділігінің артуына, оның рентабельді қызметіне және тұрақты дамуына жағдай жасайтын іс-шараларды әзірлеу бойынша мәселелер бойынша ұсынымдарды дайындайды.

2020 жылы Комитеттің 10 күндігі отырысы өткізілді, 38 мәселе қаралды, соның ішінде Қордың 2019 жылдың ішіндегі Жылдық есебі, Қор Стратегиясын іске асыру бойынша есептер, Қордың Даму жоспарлары (түзету) және т. б. алдын ала мақұлданды.

Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет қаржы-шаруашылық қызметті (соның ішінде, қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындауды мониторингтеу, сыртқы және ішкі аудиттің және комплаенс-бақылаушының тәуелсіздігін, Қазақстан Республикасы заңнамасының, қызметтің (дамудың) басым бағыттарын құру мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындау үшін ішкі құжаттардың сақталуын, және Қорда тәуекелдерді

басқарудың барабар жүйесінің қызмет жасауын бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін нығайту бойынша ұсынымдарды жасап шығарумен айналысады.

2020 жылы Комитеттің 10 күндігі отырысы өткізіліп, 67 мәселе қаралды, соның ішінде Ішкі аудит қызметінің тоқсандық есептері, Қор тәуекелдері бойынша тоқсандық есептері, Қордың 2019 жылдың ішіндегі жылдық қаржылық есептілігі және басқа да мәселелер алдын ала мақұлданды.

Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет кадрлық саясат, тағайындаулар және сыйақылар жүйесі саласындағы Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді тереңдетіп пысықтау және мониторингтеу, сондай-ақ жалпы қызметті және Қордың Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің, Қор Басқармасы мүшелерінің қызметін бағалау, Басқарма төрайымы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау арқылы Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындайды.

2020 жылы Комитеттің 11 күндігі отырысы өткізіліп, 26 мәселе, соның ішінде 2020 жылға арналған Қордың басқарушы қызметкерлерінің қызметінің негізгі тиімділік көрсеткіштерінің карталары (функционалдық ТКК), 2019 жылдың ішіндегі функционалдық ТКК орындалуы және т. б. қаралды.

Жалпы, Директорлар кеңесінің үш комитетінің деңгейінде 130-дан астам мәселе қаралды. Бұл ретте барлық мәселелердің жартысынан астам бөлігін (51%) Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті қарады.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін бағалау (бұдан әрі - Бағалау) Директорлар кеңесінің негізгі қызмет салаларына кешенді талдау алу мақсатында жүргізіледі және мыналарға мүмкіндік береді:

- Қордың Директорлар кеңесінің жұмысының күшті және әлсіз жақтарын (артықшылықтары мен кемшіліктерін) талдау және анықтау;
- жұмысқа түзету енгізу және Қордың Директорлар кеңесінің мақсатты қызмет бағыттарын түзету;
- Қордың Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамының қаншалықты Қордың стратегиялық міндеттерін шешуге жағдай жасай алатынын анықтау;
- Директорлар кеңесі төрағасының және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысының тиімділігін анықтау;
- Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру жүйесінің тиімділігін анықтау.

Директорлар кеңесі төмендегідей Бағалау жүргізе алады:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қордың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес өз күшімен;
- тәуелсіз кеңесшілерді, кәсіби қауымдастықтар мен корпоративтік рейтинг беретін ұйымдарды тарту арқылы;
- басқа жолмен.

Қор Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес жыл сайын Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметінің тиімділігіне кешенді бағалау, ең үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес директорлардың қызметіне жеке бағалау жүргізеді.

Корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикаларының ұсынымдарына сәйкес Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Директорлар кеңесі Комитеттерінің 2020 жылға арналған қызметінің тиімділігіне өз күшімен бағалау жүргізу және 2020 жылға жүргізілген бағалаудың нәтижелері туралы ақпаратты Қордың Жалғыз акционеріне ұсыну туралы шешім қабылдады.

2021 жылғы мамырда бағалауға қатысушылармен Қордың Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілген қосымшаларға сәйкес кешенді сауалнама жүргізілді.

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 28 маусымдағы шешімімен бекітілген өзін-өзі бағалау нәтижелеріне сәйкес, №05/2021 хаттама, Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қордың

Директорлар кеңесі Комитеттерінің 2020 жылғы қызметі тиімді деп танылды.

Өзін-өзі бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің стратегиялық міндеттердің атқарылуына, бюджеттің орындалуына және Қор қызметінің тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізетінін, Қордың Жалғыз акционерімен және Басқармасымен өзара тиімді әрекеттесуін көрсетті. Тәжірибені, құрамның алуан түрлілігін, тәуелсіздігін және т. б. ескере отырып, Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамы Қор алдында тұрған міндеттер тұрғысынан оңтайлы болып табылады, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі тиімді болып табылады, Директорлар кеңесімен, Басқарма мүшелерімен және т. б. өзара тиімді әрекеттестігі қамтамасыз етілген.

Директорлар кеңесінің орташа өзін-өзі бағалау нәтижесі – ең жоғары 4 баллдың 3,98 баллын құрады. Директорлар кеңесінің бейіндік комитеттерінің өзін-өзі бағалау нәтижелері 3,90-нан 3,96 баллға дейінгі мәнді құрады, бұл 2019 жылғы ұқсас бағалармен салыстыруға келеді.

Бағалау қорытындылары бойынша Қордың Директорлар кеңесі мен Комитеттерінің Қызметін жетілдірудің 2021–2022 жылдарға арналған жоспары әзірленді және бекітілді. Директорлар кеңесі бекітпес бұрын, бұл Жоспар бейіндік комитет деңгейінде келісілді және мақұлданды. Қордың Директорлар кеңесі мен Комитеттерінің қызметін жетілдіру Жоспары бойынша комитеттерді ақпараттандыру жүйесін жақсарту, комитеттер мен Қор қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды қамтитын іс-шаралар көзделген.

Сондай-ақ жүргізілген бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мен Комитеттердің өкілеттіктерін нақты айқындау, Директорлар кеңесі төрағасының қызметі, Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі мен комитеттердің отырыстарына ұйымдастырылуы мен белсенді қатысуы, Жалғыз акционер, Қордың атқарушы органы және басқа да мүдделі тұлғалар өкілдерінің қатысуымен тұрақты стратегиялық сессияларды өткізу бөлігіндегі тәуелсіз директорлардың бастамаларын қоса алғанда, тәуелсіз директорлардың тиімді қызметі мен белсенді ұстанымы сияқты мықты жақтарын атап өтті.

Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді жауапты орындайтынын, Қордың ағымдағы қызметін мұқият зерделейтінін және

Қордың ұзақ мерзімді және тұрақты өсуіне мүдделі екенін көрсетті. Жалпы, Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысы оң бағаланып, тиімді деп танылды.

9.5. Басқарма

Басқарма Қордың Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге есеп беретін, Қор Жарғысына сәйкес құрылған және Қордың ағымдағы қызметін Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүддесінде басқаратын алқалы атқарушы органы болып табылады.

Басқарма Қор қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Қор Жарғысында Қордың басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері, соның ішінде заңнамада және Қор Жарғысында оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарманың құрамы



Бурибаева Гаухар Асылбекқызы

Басқарма төрайымы

Қор Басқармасына жетекшілік етеді. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің жұмысына жалпы бақылауды, үйлестіруді және жетекшілікті жүзеге асырады, Басқарма мүшелерінің, Басқарма төрайымының көмекшісінің, Аппарат басшысының, Ішкі бақылау қызметінің, Комплаенс-бақылаушының, Корпоративтік хатшының қызметін тікелей бақылауды, үйлестіруді және басқаруды жүзеге асырады.

Бурибаева Гаухар Асылбекқызы

Басқарма Төрайымы

1983 ж.т., Басқарма төрайымы ретінде сайланған күні - 29 сәуір 2019 жыл

- Green Integrated Logistics Co. LTD Оңтүстік Корея көлік компаниясында менеджер (12.2003–12.2004);
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ қаржы мониторингі жөніндегі бөлімінің бас маманы (01.2005-09.2006);
- «Қазақстанның Даму банкі» АҚ Жобаларды кредиттеу департаментінің бас менеджері, Жобалау дирекциясының бас фронт-менеджері (09.2006-05.2009);
- «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Инвестициялық жобаларды әкімшілендіру департаментінің бас менеджері (05.2009-10.2009);
- «Альянс Банк» АҚ Корпоративтік бизнес департаментінің бас менеджері (12.2009-03.2010);
- «Қазақстанның Даму банкі» АҚ Жобалау дирекциясы басшысының орынбасары (03.2010-08.2011);

- «Көлік логистикасын дамытудың ұлттық орталығы» АҚ (қазіргі «КТЖ Express» АҚ) Даму жөніндегі атқарушы директоры (08.2011- 02.2013);
- «ҚТЖ ҰК» АҚ «Көлік логистикасын дамытудың ұлттық орталығы» филиалының Стратегия және аналитикалық зерттеулер басқармасының бастығы (02.2013-08.2013);
- Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының ведомствоға бағынышты ұйымының қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі вице-президенті (08.2013-03.2017);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Әкімшілік департаментінің директоры (03.2017-07.2017);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарушы директоры (07.2017-06.2018);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (06.2018-04.2019);
- 2019 жылдың сәуірінен бастап - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымы.



Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы

Басқарма төрайымының орынбасары

Басқарушы директордың, Тәуекел-менеджмент департаментінің, Бизнес-технологиялар департаментінің, Ақпараттық технологиялар департаментінің, Маркетинг және қоғаммен байланыс департаментінің, Клиенттік сервис және өңірлік даму департаментінің және Өңірлік филиалдардың жұмысын басқарады және үйлестіреді.



Сәрсекеев Фархат Қайнарұлы

Басқарма төрайымының орынбасары

Басқарушы директордың, Субсидиялау департаментінің, Кепілдендіру департаментінің, Бағдарламалық құралдар департаментінің және Апекстік департаментінің, Стратегиялық талдау және корпоративтік басқару департаментінің жұмысын басқарады және үйлестіреді.



Мақажанов Бақытжан Нығметжанұлы

Басқарма төрайымының орынбасары

Қазынашылық департаментінің, Қарыз алу және халықаралық қатынастар департаментінің, Бюджеттік жоспарлау департаментінің және Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің жұмысын басқарады және үйлестіреді.



Есқақов Ербол Амангелдіұлы

Басқарма төрайымының орынбасары

Басқарушы директордың, Мониторинг департаментінің, Қаржылық қолдау құралдарын әкімшілендіру департаментінің, Күрделі активтермен жұмыс жөніндегі департаменттің, Заң департаментінің және Қауіпсіздік қызметінің жұмысын басқарады және үйлестіреді.

Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы

Басқарма төрайымының орынбасары

1972 ж.т., Қордың Басқарма төрағасының орынбасары ретінде сайланған күні 15 желтоқсан 2017 жыл.

- «Азия Бизнес» ЖШС атқарушы директоры (02.1997–06.1997);
- «Жетісу» ОПЦ Директорының орынбасары, Бас директоры (06.1997-07.2000);
- «Даур Лимитед» ЖШС Президенті (12.2000-01.2001);
- Газ саласында 2001 жылдан бастап жұмыс істейді; «ҚазТрансГаз» ЖАҚ Бас менеджері, коммерциялық директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директордың орынбасары, Басқарушы директоры, Департамент директоры.

- ҚР Мұнай және газ министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары (01.2014-10.2014);
- ҚР Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры (10.2014-04.2016);
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Басқарма төрағасының орынбасары (04.2016-09.2017);
- «Азия логистик» ЖШС Қадағалау кеңесінің төрағасы (09.2017-12.2017);
- 2017 жылдың желтоқсанынан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарып келеді.

Сәрсекеев Фархат Қайнарұлы

Басқарма төрайымының орынбасары

1984 ж.т., Қордың Басқарма төрағасының орынбасары ретінде сайланған күні 4 мамыр 2019 жыл

- «Казкоммерцбанк» АҚ Шағын және орта бизнесті кредиттеу басқармасының кредиттік менеджері (2005–2006);
- «Демир Банк Қазақстан» АҚ Корпоративтік бизнес департаментінің кредиттік менеджері (2008–2009);
- «АТФ Банк» АҚ (UniCredit Group) Restructuring and workout бас маманы (2009–2010);
- «Қазақстанның Даму банкі» АҚ Активтерді қайта құру департаментінің бас фронт-менеджері (2010–2012);

Мақажанов Бақытжан Нығметжанұлы

Басқарма төрайымының орынбасары

1990 ж.т., Қордың Басқарма төрағасының орынбасары ретінде сайланған күні 7 қазан 2019 жыл

- «Қазгеология» АҚ Стратегия және корпоративтік даму департаментінің менеджері (2012–2013);
- «Активтерді сауықтыру және басқару компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары - Басқарма мүшесі (2014–2015);

Есқақов Ербол Амангелдіұлы

Басқарма төрайымының орынбасары

1982 ж.т., Қордың Басқарма төрағасының орынбасары ретінде сайланған күні 6 наурыз 2020 жыл

- Ақмола облысы Ішкі істер департаментінде тергеуші (2003–2006);
- «АТФ Банк» АҚ Заң бөлімінің бас маманы, Алматы қ. (2006–2011);
- «Қазақстанның Даму банкі» АҚ Құқықтық сараптама басқармасының бастығы, Астана қ. (2011–2014);

- «Сбербанк» ЕБ АҚ ЕБ Ұлттық компаниялармен және даму институттарымен жұмыс жөніндегі департамент директорының орынбасары (2012–2015);
- «Сбербанк» ЕБ АҚ Қарағанды қ. филиалының корпоративтік бизнес жөніндегі директордың орынбасары (2015–2018);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарушы директоры (2018-05.2019);
- 2019 жылдың мамырынан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

- «Активтерді сауықтыру және басқару компаниясы» АҚ Болжау, мемлекеттік сатып алулар, бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры (2015-2016);
- «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі (2016–2019);
- 2019 жылдың қазанынан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарып келеді.

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің Басқарма бастығы, Алматы қ. (2014–2016);
- «АФ Ипотека» АҚ Бас директорының орынбасары - Заң департаментінің директоры, Алматы қ. (2016-2017);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Күрделі активтермен жұмыс жөніндегі департамент директоры (2017–2020);
- 2020 ж. наурызынан бастап Қордың Басқарма төрайымының орынбасары болып тағайындалды.

DOLCE PHARM

«БИЗНЕСІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2025»

«Dolce-Pharm» компаниясы тоқылмаған материалдардан жасалған маска; стерильді және зарарсыздандырылмаған қолғап, бахил, хирургия жиынтығы, төсек-жайма, комбинезон секілді бір реттік медициналық бұйымдарды өндіреді.

Өзге компаниялардың ұқсас өнімдерімен салыстырғанда Компанияның медициналық өнімдері жоғары сапалы, қол жетімді баға артықшылықтарымен ерекшеленеді.



Қордың Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың акцияларын, жеткізушілердің және Қор бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

2020 жылдың ішінде Қор Басқармасының құрамында келесі өзгерістер орын алды.

1. Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 24 ақпандағы шешімімен (№02/2020 хаттама) Басқарма төрағасының орынбасары Джантелиев Дастан Темирәлиұлының өкілеттіктері тоқтатылды.
2. Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 6 наурыздағы шешімімен (№03/2020 хаттама) Басқарма төрағасының орынбасары Шәріпов Әсет Болатұлының өкілеттіктері тоқтатылды.
3. Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 6 наурыздағы шешімімен (№03/2020) Басқарма төрайымының орынбасары болып Есқақов Ербол Амангелдіұлы сайланды.

Басқарманың қызметі туралы есеп

Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Жарғыда, Басқарма туралы Ережеде және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарында анықталады.

Қор Басқармасы туралы Ереже Қор Басқармасын құру және оның қызмет жасауы тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, оның шешім қабылдау және оларды рәсімдеу, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау тәртібін анықтайды.

2020 жылдың басына қарай Қор Басқармасының құрамында мынадай 6 мүше болды, соның ішінде:

1. Басқарма төрайымы – Бурибаева Гаухар Асылбекқызы;
2. Басқарма төрайымының орынбасары – Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы;
3. Басқарма төрайымының орынбасары – Сәрсекеев Фархат Қайнарұлы;
4. Басқарма төрайымының орынбасары – Шәріпов Әсет Болатұлы;
5. Басқарма төрайымының орынбасары – Джантелиев Дастан Темирәлиұлы;
6. Басқарма төрайымының орынбасары – Мақажанов Бақытжан Нығметжанұлы.

2020 жылдың ішінде Қор Басқармасының құрамынан Шәріпов Әсет Болатұлы пен Джантелиев Дастан Темирәлиұлы шығарылды, Қор Басқармасының құрамына Басқарма төрағасының орынбасары Есқақов Ербол Амангелдіұлы кіргізілді.

2020 жылдың соңына қарай Қор Басқармасының құрамында 5 мүше болды:

1. Басқарма төрайымы – Бурибаева Гаухар Асылбекқызы;
2. Басқарма төрайымының орынбасары – Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы;
3. Басқарма төрайымының орынбасары – Есқақов Ербол Амангелдіұлы;
4. Басқарма төрайымының орынбасары – Сәрсекеев Фархат Қайнарұлы;
5. Басқарма төрайымының орынбасары – Мақажанов Бақытжан Нығметжанұлы.

2020 жылдың ішінде Қор Басқармасының 116 отырысы өткізілді, ол отырыстарда Қорды жедел басқару бойынша шешімдер қабылданды. Қаралған мәселелердің саны – 968.

Басқарманың 2020 жылдың ішінде қараған негізгі мәселелері

Есептік кезеңнің ішінде Қор Басқармасы операциялық қызметтің әртүрлі аспектілері бойынша мәселелерді, кепілдендіру және субсидиялау, серіктестерді қаржыландыру, сондай-ақ ішкі құжаттарды бекіту мәселелерін, қаржылық бағдарламалар бойынша мәселелерді, тұрақты даму және корпоративтік басқару саласындағы мәселелерді қарады.

Басқарма жанындағы Комитеттердің жұмысы

Несие комитеті, Активтер мен пассивтерді басқару комитеті және Күрделі активтермен жұмыс жөніндегі комитет Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға Басқарманың берген өкілеттіктері шегінде өз қызметін жүзеге асыратын Қор органдары болып табылады.

1. **Несие комитеті** – Қордың ішкі несиелік саясатын жүзеге асыратын және кепілдендіру және субсидиялау мәселелері бойынша шешім қабылдайтын алқалы орган. 2020 жылдың ішінде BPM online-да кепілдендіру мәселелері бойынша 3 042 өтінім, субсидиялау мәселелері бойынша 8 479 өтінім қаралды.
2. **Қордың активтерін және пассивтерін басқару жөніндегі комитет** – активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру қағидаттарына жету, қаржылық тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қор активтерін және міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру жөніндегі алқалы орган. 2020 жылдың ішінде 26 отырыс өткізілді, 48 мәселе қаралды.
3. **Күрделі активтермен жұмыс жөніндегі комитет** – Қордың несиелік, лизингтік, құжаттамалық (кепілдіктерді шығару), инвестициялық, шаруашылық қызметін жүзеге асырудың нәтижесінде туындаған күрделі дебиторлық берешекті қайтару бойынша жұмысты жүзеге асыратын алқалы орган. 2020 жылдың ішінде 27 отырыс өткізілді, 186 мәселе қаралды.

Кадрлық саясат жөніндегі комитет, Өзгерістерді басқару жөніндегі комитет және Бюджеттік комитет Қор Басқармасының жанындағы өз қызметін оларға Қор Басқармасының ұсынған өкілеттіктерінің шегінде жүзеге асыратын тұрақты қызмет жасайтын алқалы-кеңестік органдар болып табылады.

1. **Кадрлық саясат жөніндегі комитет** – кадрлық саясатты іске асыруды, еңбек мазмұнына және

жағдайларына, жұмыскерлердің біліктілігі мен құзыреттеріне талаптарды белгілейтін кәсіби стандарттарды әзірлеуді және енгізуді, кадрлық ресурстарды жоспарлаудың кешенді жүйесін дамытуды қамтамасыз ететін орган. 2020 жылдың ішінде 67 отырыс өткізілді, 635 мәселе қаралды.

2. **Өзгерістерді басқару жөніндегі комитет** – Қордың ағымдағы/жаңа бизнес үдерістерін жетілдіру, автоматтандыру және оңтайландыру бойынша жұмысты жүзеге асыратын, сондай-ақ жаңа өнімдерді қарайтын, алдын ала бекітетін орган. 2020 жылдың ішінде 32 отырыс өткізілді, 118 мәселе қаралды.

3. **Бюджеттік комитет** – тиісті қаржылық жылға Қор бюджетінің жобасының көрсеткіштерін анықтау бойынша ұсыныстарды жасап шығару және қамтамасыз ету, Қордың ағымдағы бюджетіне түзетулерді енгізу бойынша ұсыныстарды жасап шығару, Қор бюджетін орындауды бағалау нәтижелерін қарау жөніндегі орган. 2020 жылдың ішінде 53 отырыс өткізілді, 157 мәселе қаралды.

Комитеттің дербес құрамдары және мүшелерінің саны Қор Басқармасының шешімімен анықталады. Комитеттің қызметін басқаруды Комитеттердің төрағалары жүзеге асырады. Комитеттердің құрамдары Басқарма мүшелерінің ішінен, оған қоса Қордың басқа жұмыскерлерінен құралады (2 (екеуден) артық емес). Комитеттер Қор Басқармасының мүшесі болып табылатын Комитет төрағасынан, Комитет төрағасының орынбасарынан және Комитеттің дауыс беру, оған қоса кеңестік құқығына ие басқа мүшелерінен құралады.

Қор Басқармасының жанындағы Комитеттердің қызметі Қор Комитеттері туралы Ережеде регламенттеледі.

9.6. Сыйақы беру саясаты

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғысында, Қордың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінің ішінде сыйақы төленуі және (немесе) олардың Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерінің функцияларын орындауымен байланысты шығындар өтелуі мүмкін.

Жалғыз акционердің өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма төрайымы (Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі болған жағдайда) Қордың Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшесіне келесі сыйақы түрлері белгіленуі мүмкін:

1. Директорлар кеңесіндегі мүшелігі үшін белгіленген жылдық сыйақы;
2. Директорлар кеңесінің комитетінде Директорлар кеңесінің комитет төрағасы ретінде қатысқаны үшін белгіленген жылдық сыйақы;
3. Директорлар кеңесінің комитетінде Директорлар кеңесінің комитет мүшесі ретінде қатысқаны үшін белгіленген жылдық сыйақы.

Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақы мөлшерлемесін белгілеу кезінде Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, Қор қызметінің масштабтары, даму стратегиясында анықталатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Қордың Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, жеке меншік сектордың баламалы компанияларындағы сыйақы деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларды шолу) ескеріледі.

2020 жылдың ішінде Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленген сыйақының мөлшері (соның ішінде, тәуелсіз директорларға төленген) 14 325 000 теңгені құрайды.

9.7. Еншілес компаниялар

2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жарғылық капиталында Қордың қатысу үлесі бар компаниялар жоқ.

9.8. Ірі мәмілелер туралы ақпарат

2020 жылы Қор ірі мәмілелерді жасасқан жоқ.

Еңбекақы төлеу, Қордың басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы беру ережелері сыйақы жүйесінің келесі қағидаттарын көздейді:

- сыйақының Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне сай келетін мақсаттар мен міндеттерді орындаумен өзара байланысы;
- сыйақы мөлшерін анықтау қағидаттарының қарапайымдылығы және әділдігі;
- сыйақы мөлшерлемесінің Қор қызметінің нәтижелеріне және басқарушы қызметкерлердің жеке нәтижелілігіне тәуелділігі.

Басқарушы қызметкерлердің жұмысын бағалау үшін жоғарыда аталған қағидаттардың жұмыста қолданылуын барынша қамтамасыз ететін және Қордың қаржылық-өндірістік қызметінің тиімділігін мақсаттарды жоспарлаудың және қоюдың тиімді үдерісі, Қор Басқармасының жеке-жеке әр мүшесінің нәтижелілігін әділ бағалау арқылы артыруға жағдай жасайтын қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіштер жүйесі қолданылады. Бұл факторлар басқарушы жұмыскерлердің корпоративтік және жеке ҚНҚ жету дәрежесін арттырады.

2020 жылы «МКО «Эконом» ЖШС (жарғылық капиталы 12 млн теңге, қатысу үлесі – 16,6%), «МКО «Вест Финанс» ЖШС (жарғылық капиталы 5,06 млн теңге, қатысу үлесі – 39,5%), «МКО «Жайнар» ЖШС (жарғылық капиталы 5,5 млн теңге, қатысу үлесі – 36,0%) таратылды.



AILAND ASTANA

«БИЗНЕСІТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2025»

Ailand Astana – Қазақстан көлемінде ғана емес, сондай-ақ әлемдік ауқымдағы океанариум, Қазақстандағы ең үлкен шолу дөңгелегі, жабық аквапарк, аниматроникс театры, экзотериум секілді ерекше нысандардың басын бір жерге қосқан ойын-сауық кешені.



9.9. Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметі ішкі аудитті және Қор қызметін бақылауды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді, оның миссиясы Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасына олардың Қордың стратегиялық мақсаттарына жету бойынша міндеттерін орындауына қажетті қолдау көрсету болып табылады.

ІАҚ қызметіне Қордың Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет жетекшілік етеді.

Қордың Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы №12/2019 шешімімен бекітілген 2020 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарға (бұдан әрі - ЖАЖ) сәйкес 2020 жылға 15 аудиторлық тапсырма мен кеңес беруді жүргізу жоспарланды. Оларды, оған қоса ішкі бақылау жүйесін бағалауды, тәуекелдерді басқаруды бағалауды, әкімшілік шығындардың жекелеген түрлерінің шектеулерін мониторингтеуді, қызметтің стратегиялық негізгі көрсеткіштеріне, Қор Басқармасы қызметінің функционалдық негізгі көрсеткіштеріне жетуді тексеруді, қаражатты шартталып орналастыру бойынша бағдарламалардың іске асырылуына аудитті, бюджетті жоспарлаудың/орындаудың бизнес-үдерісіне аудитті, PR-қызметі үдерістеріне аудитті, қазынашылық операциялар бизнес-үдерістеріне және өтімділіктің басқарылуына аудитті, «БЖК 2025»-ң кепілдендіру бөлігінде іске асырылуына аудитті, Ақмола, Батыс Қазақстан, Жамбыл облыстары және Шымкент қ. бойынша өңірлік филиалдарға аудитті ІАҚ уақтылы, толық көлемде және ЖАД белгіленген мерзімде өткізді.

ІАҚ-ң 2020 жылдың ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша тәуекелдерді азайтуға, ішкі бақылау жүйесін және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін әрі қарай жетілдіруге бағытталған 76 ұсыным берілді. 2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ішкі аудиттің 23 ұсынымы және сыртқы аудиттің 5 ұсынымы орындалуда. Барлық берілген ұсынымдар бойынша

аудит объектілерінің Қор Басқармасы және Қордың Директорлар кеңесі бекіткен түзету және/немесе ескерту іс-қимылдары әзірленген.

Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің (ТБЖ), ішкі бақылау жүйесінің (ІБЖ) тиімділігіне бағалауды ІАҚ Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген тиісті Әдістемелердің негізінде жүргізді. Жүргізілген бағалаулардың нәтижелері бойынша тиісті балл берілді: ТБЖ (90%), ІАҚ (92%).

Тоқсан сайын ІАҚ сыртқы аудиторлардың және ІАҚ-ң ұсынымдарын орындауына мониторинг жүргізеді. Мониторингтің нәтижелері туралы ақпарат Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне және Қордың Директорлар кеңесіне ұсынылады.

ІАҚ жұмыскерлері Ішкі аудит стандартының талаптарына сәйкес біліктілікті арттыру мақсатымен тренингтерден және семинарлардан өтті.

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген қызметтің белгіленген негізгі көрсеткіштерінің негізінде өз қызметінің тиімділігіне жүйелі ішкі бағалаудың жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 қазандағы шешімімен (№09/2019 хаттама) бекітілген ішкі аудитті қамтамасыз ету және оны сапасын арттыру бағдарламасына сәйкес 2020 жылдың ішіндегі ішкі аудит қызметінің сапасына ішкі бағалау жүргізілді.

Бағалаудың нәтижелері бойынша Қордың ішкі аудит қызметінің Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына, Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 қазандағы шешімімен (№09/2019 хаттама) бекітілген Қордың Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге, 2019 жылғы 3 қазандағы (№09/2019 хаттама) Қордың Ішкі аудитін ұйымдастыру ережелеріне сәйкестігі, Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 25 шілдедегі шешімімен (№28 хаттама) бекітілген Әдеп кодексі ережелерінің сақталып жатқаны расталды.

9.10. Сыртқы аудит

Жылдық қаржылық есептілікті тексеру және оның дұрыстығын растау, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалау үшін Қор конкурстық іріктеудің негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады. Қаржылық есептілікке аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгіленген тәртіппен анықтау Қордың Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатады.

2020 жылға арналған қаржылық есептілікке аудитті «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС жүргізді.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-не 2020 жылға арналған қаржылық есептілікке аудит жүргізу қызметтері үшін төленген сыйақының мөлшері ҚҚС есептегенде 24 771 мың теңгені құрады.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС 2020 жылы жеке қызметтерді көрсеткен жоқ.

Қаржылық есептілікке аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Қорға жұмысқа қабылданған жоқ.

9.11. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Тұрақты даму саласында сәтті және тиімді саясат жүргізу үшін Қорда мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуге тиісті көңіл бөлінеді.

Мүдделі тараптар тізбесін, олардың Қордың мүдделеріне әсер ету дәрежесі мен саласын анықтау мақсатында Қордың Стейкхолдерлер картасы әзірленді.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің негізгі нысандары: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандум, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбаттар және басқалар болып табылады.

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесудің негізгі салалары: стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, жобаларды басқару, тауарларды, жұмыстарды және

қызметтерді жеткізу, заң шығармашылығы, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу болып табылады.

Әсер етудің маңыздылық дәрежесін екі х/у шкаласы бойынша бағаланады, мұндағы:

x = -5 : +5, қадамы 1 (немесе одан ұсақ) болып табылатын, Қор стейкхолдерінің қолдау/қарсы әрекет ету дәрежесін сипаттайды (-5 – шекті қарсы әрекет ету дәрежесі, +5 – жоғарғы қолдау дәрежесі),

y = 0 : 5, қадамы 1 (немесе одан ұсақ) болып табылатын, Қорға стейкхолдердің әсер ету дәрежесін сипаттайды (Стейкхолдерлер картасы Қордың ашық құжаты болып табылады және Қор оны кез келген мүдделі тұлғалардың арасында тегін таратады).

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ

мемлекеттік және салалық даму бағдарламалары, Қордың стратегиялық құжаттарын әзірлеу және бекіту арқылы Қордың ұзақ мерзімді басымдықтарын, стратегиялық даму бағыттарын анықтау

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қордағы жүйелі, стандартты үдерістерді басқару бойынша тұрақты күнделікті қызмет

НОРМАТИВТІК РЕТТЕУ

Қор қызметінің белгілі бір жақтарын тікелей немесе жанама түрде реттейтін нормативтік актілерді қабылдау

ЖОБАЛАРДЫ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ БИЗНЕС-ҮДЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ САПАСЫ

жобаларды және/немесе бизнес-үдерістерді басқару бойынша қызметтерді көрсетудегі персоналдың және Қор менеджментінің құзыреттілік және тиімділік дәрежесі


ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

Қордың операциялық қызметінің тиімділігінің сандық көрсеткіштері

БЕДЕЛ

сапа, артықшылықтар және кемшіліктер туралы қалыптасқан қоғамдық пікір

Стейкхолдерлер және Қор мүдделеріне әсер ету дәрежесі картасы



Қордың мүдделеріне әсер ету саласы

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР	ҚОРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ӘСЕР ЕТУ САЛАСЫ					
	СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	НОРМАТИВТІК РЕТТЕУ	ЖОБАЛАРДЫ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ БИЗ-НЕС-ҮДЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ САПАСЫ	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР	БЕДЕЛ
ӨКІЛЕТТІКТЕР/ЖАУАПҚЕРШІЛІК САЛАСЫ						
Жалғыз акционер	*		*			*
Басқару органы	*		*		*	*
Менеджмент	*	*	*	*	*	*
Персонал		*				
ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТУ САЛАСЫ						
Мемлекеттік органдар	*		*		*	*
Клиенттер, тұтынушылар		*			*	
Жеткізушілер					*	
Инвесторлар	*			*	*	*
Серіктестер				*		
Аудиторлар	*					*
Консалтингтік ұйымдар	*					
Қаржы институттары		*			*	
ЖАНАМА ӘСЕР ЕТУ САЛАСЫ						
Бұқаралық ақпарат құралдары						*
Бәсекелестер	*	*	*	*	*	*
Халық					*	
Қоғамдық ұйымдар						*

■ әсер ету дәрежесі жоғары

■ әсер ету дәрежесі жоғары емес

* мүдделілік дәрежесі жоғары



10. ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕН ҮЗІНДІЛЕР

Осы қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес тарихи құн бойынша есеп ережелерінің негізінде, қаржы құралдарын әділ құн бойынша бастапқы мойындауға және пайда немесе зиян арқылы әділ құн және басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалауға түзете отырып, дайындалған.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының қағидаттары Қордың интернет-ресурсында орналастырылған 2020 жылға арналған Аудиттелген қаржылық есептілікте көрсетілген.

Қаржылық жағдай туралы есеп

(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)	ЕСКЕР.	2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	7	87,151,266	40,771,790
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	8	229,441,142	274,617,302
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		162,139	16,779
Клиенттерге берілген несиелер және аванстар		556,967	97,495
Борышкерлік бағалы қағаздарға инвестициялар	9	21,829,298	7,930,294

(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)

	ЕСКЕР.	2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН
Негізгі құралдар	10	2,361,265	2,448,957
Материалдық емес активтер		234,391	218,076
Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу		7,430,331	9,231,239
Кейінге қалдырылған салықтық актив	24	2,978,187	199,965
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер		250,217	330,533
Басқа активтер	11	5,700,313	1,641,158
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ		358,095,516	337,503,588
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Қарыз қаражаты	12	175,824,905	234,302,199
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	13	209,139	-
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	14	24,201,336	5,865,771
Болашақ кезеңдер кірістері және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер	15	37,209,704	9,837,192
Басқа міндеттемелер	16	977,970	1,362,458
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ		238,423,054	251,367,620
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	17	102,920,273	72,920,273
Қосымша төленген капитал		10,735,627	10,735,627
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры		47,581	132,723
Басқа резервтер		316,430	316,430
Бөлінбеген пайда		5,652,551	2,030,915
КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНЫ		119,672,462	86,135,968
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНЫ		358,095,516	337,503,588

Пайда немесе зиян және басқа жиынтық кіріс туралы есеп

(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)	2020	2019
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер	25,811,844	22,597,000
Басқа баламалы кірістер	171,625	130,927
Пайыздық шығыстар	(10,814,186)	(10,247,867)
Таза пайыздық кірістер	15,169,283	12,480,060
(Аударым)/Клиенттердің несиелері мен аванстары және қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша несиелік залалға арнап бағалау резервін аудару	(1,190,264)	1,135,899
Несиелік қоржынның құнсыздануына резерв құрғаннан кейінгі таза пайыздық кірістер	13,979,019	13,615,959
Таза комиссиялық кірістер	5,704,966	3,812,698
Туынды қаржы құралдармен жасалған операциялардан түскен кірістерді шегергеннен кейінгі шығындар	-	(13,355)
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін мойындауды тоқтатудан болған шығындарды шегергеннен кейінгі кірістер	2,955,450	-
Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышкерлік бағалы қағаздардан болған шығындарды шегергеннен кейінгі кірістер	149,723	54,425
Шетелдік валютамен жасалған операциялар бойынша шығындарды шегергеннен кейінгі кірістер	1,822	(186)
Шетелдік валютаны қайта бағалағаннан кейінгі шығындарды шегергеннен кейінгі кірістер	325,787	(272,597)
Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлеме бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал	(82,300)	(8,118,537)
Борышкерлік бағалы қағаздардың (құнсыздануы)/қалпына келтірілуі	(10,544)	87,544
Басқа активтердің құнсыздануына резервке аударымдар	(39,975)	(6,618)
Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті (аудару)/қалпына келтіру	(11,344,898)	607,810
Таза басқа операциялық кірістер	(150,210)	63,199
Қор бағдарламаларын іске асыру бойынша шығыстар	(714,960)	(806,576)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(4,585,800)	(4,842,342)
Салық салуға дейінгі пайда	6,188,080	4,181,424
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	(1,425,201)	(377,281)
Бір жыл ішіндегі пайда	4,762,879	3,804,143
Басқа жиынтық кіріс:		
Кейіннен пайдалардың немесе зияндардың құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:		
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздарға инвестициялар:	(85,142)	(89,753)
Бір жыл ішіндегі басқа жиынтық зиян	(85,142)	(89,753)
Бір жыл ішіндегі жиынтық кірістің жиыны	4,677,737	3,714,390

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)	АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ	ҚОСЫМША ТӨЛЕНГЕН КАПИТАЛ	БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰН БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҚАЙТА БАҒАЛАУ ҚОРЫ	БАСҚА РЕЗЕРВТЕР	БӨЛІНБЕГЕН (ЗИЯН)/ПАЙДА	ЖИЫНЫ
2019 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	72,920,273	834,527	222,476	316,430	(1,773,228)	72,520,478
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	3,804,143	3,804,143
Басқа жиынтық зиян	-	-	(89,753)	-	-	(89,753)
Бір жыл ішіндегі жиынтық кірістің жиыны	-	-	(89,753)	-	3,804,143	3,714,390
Кейінге қалдырылған салықты ескере отырып, бас компаниядан алынған қарыздар бойынша дисконтты тану (4 және 12 еск.)	-	9,901,100	-	-	-	9,901,100
2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	72,920,273	10,735,627	132,723	316,430	2,030,915	86,135,968
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	4,762,879	4,762,879
Басқа жиынтық зиян	-	-	(85,142)	-	-	(85,142)
Бір жыл ішіндегі жиынтық кірістің жиыны	-	-	(85,142)	-	4,762,879	4,677,737
Капиталға жарналар	30,000,000	-	-	-	-	30,000,000
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	(1,141,243)	(1,141,243)
2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	102,920,273	10,735,627	47,581	316,430	5,652,551	119,672,462

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)	2020 ж.	2019 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты:		
Алынған пайыздар	18,861,348	15,310,499
Төленген пайыздар	(5,617,241)	(4,310,788)
Алынған комиссиялар	22,053,571	6,284,803
Төленген комиссиялар	(77,731)	(403,694)
Басқа операциялық қызметтен түскен ақша	53,910	75,088
Еңбекақы төлеу бойынша төленген шығындар	(2,470,280)	(2,288,064)
Төленген жалпы және әкімшілік шығындар	(2,586,275)	(3,336,537)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгертулерге дейінгі операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты	30,217,302	11,331,307
Таза (өсім)/азаяу:		
- қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша	44,654,286	(47,481,920)
- клиенттерге берілген несиелер және аванстар бойынша	(36,015)	296,260
- басқа қаржы активтері бойынша	(837,982)	(521,146)

(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)

	2020 ж.	2019 ж.
Таза (өсім)/азаю:		
- басқа қаржылық міндеттемелер бойынша	19,190,310	2,175,823
- басқа міндеттемелер бойынша	(4,232)	377,564
Операциялық қызметтен алынған/(қолданылған) таза ақша қаражаты	93,183,669	(33,822,112)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттары		
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(24,281,738)	(480,788)
Инвестициялық бағалы қағаздарды өткізуден және өтеуден түскен ақша	11,626,909	359,978
Негізгі құралдарды сатып алу	(202,596)	(100,048)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(95,910)	(93,650)
Сатуға арналған активтерді өткізуден түскен ақша	509,744	236,038
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттары	(12,443,591)	(78,470)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаты		
Қарыз қаражатын алу	4,825,113	67,554,359
Қарыз қаражатын өтеу	(68,501,059)	(27,296,933)
Қаржылық туынды құралдармен жасалған операциялар бойынша алынған түсімдер	-	12,567,830
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздардан түскен түсімдер	200,131	-
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздарды өтеу	-	(16,000,000)
Ұзақ мерзімді жалдауды өтеу	(171,448)	-
Акционерлерден капиталға түскен жарналар	30,000,000	-
Төленген дивидендтер	(1,141,243)	-
Қаржылық қызметтен (қолданылған)/алынған таза ақша қаражаты	(34,788,506)	36,825,256
Айырбастау бағамының өзгерістерінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	427,904	(106,558)
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза өсімі	46,379,476	2,818,116
Кезең басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	40,771,790	37,953,674
Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	87,151,266	40,771,790

Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

Тараптар ортақ бақылауда болған жағдайда немесе олардың бірінің екіншісін бақылау мүмкіндігі болса, немесе екінші тарап қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдаған кезде елеулі ықпал тигізе алатын болса, мұндай тараптар байланысты болып саналады. Барлық байланысты тараптармен өзара қатынастарды қарау кезінде мұндай өзара қатынастардың заңдық нысаны ғана емес, экономикалық мазмұны да ескеріледі.

Төменде байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша 2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдықтар көрсетілген:

(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)	ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР	ОРТАҚ БАҚЫЛАУДАҒЫ КОМПАНИЯЛАР	БАСҚА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР
Ақша қаражаты және олардың баламалары (шарттың пайыздық мөлшерлеме: 0%)	-	366,260	15,187,568
Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық борышкерлік бағалы қағаздар (шарттың пайыздық мөлшерлеме: (4.93%-7.68%))	-	-	1,405,461
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық борышкерлік бағалы қағаздар (шарттың пайыздық мөлшерлеме: 0%)	-	-	13,308,512
Қаржы мекемелеріндегі қаражат (шарттың пайыздық мөлшерлеме: 1%-8.5%)	-	-	8,952,492
Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу (Пайыздық мөлшерлеме: 15%)	-	-	7,430,331
Кейінге қалдырылған салықтық актив (пайыздық мөлшерлеме: 20%)	-	-	2,978,187
Басқа активтер	-	-	459,691
Қарыз қаражаты (шарттың пайыздық мөлшерлемесі: 0.1% – 5.5%)	90,549,594	-	85,275,311
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер (шарттың пайыздық мөлшерлемесі: 0%)	-	-	5,670,743
Басқа қаржылық міндеттемелер	-	71,430	-
Басқа міндеттемелер	-	-	357,614

Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

Төменде 2020 жылдың ішіндегі байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары көрсетілген:

(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)	ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР	ОРТАҚ БАҚЫЛАУДАҒЫ КОМПАНИЯЛАР	БАСҚА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР
Пайыздық кірістер	-	-	1,188,359
Пайыздық шығыстар	(6,006,567)	(7,774)	(1,082,792)
Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен кірістерді шегергеннен кейінгі шығындар	-	-	32,388
Таза комиссиялық кірістер	-	-	828,560
Қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша несиелік зиянға бағалау резервін қалпына келтіру	-	-	-
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша активтерді бастапқы тану кезінде туындайтын таза зиян	-	-	-
Несиелік сипаттағы міндеттемелерді құнсыздануға резервті қалпына келтіру	-	-	(123,253)
Әкімшілік және басқа операциялық шығыстар	-	(50,495)	(152,021)
Басқа операциялық кірістер	-	-	-
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	-	-	(1,425,201)

№1 ҚОСЫМША

2020 жылға арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры »АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын/ ережелерін сақтауы / сақтамауы туралы есеп

№	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ	САҚТАЛАДЫ/САҚТАЛМАЙДЫ	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ОРЫНДАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР
1	Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты	Сақталады	<p>Корпоративтік басқару жүйесі Корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін Қордың тиісті корпоративтік органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды көздейді.</p> <p>Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың қызметі, сондай-ақ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және басқарма арасында өкілеттіктерді бөлу оңтайлы және толық көлемде көрсетілген және регламенттелген:</p> <ol style="list-style-type: none"> «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен; Қордың Жалғыз акционерінің шешімімен («Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі) АҚ Басқармасының күндізгі отырысының 13.10.2016 жылғы №41/16 хаттамасы) бекітілген Қордың жарғысымен; Жалғыз акционердің шешімімен бекітілген Қордың Директорлар кеңесі туралы Ережемен («Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі) АҚ Басқармасының 28.11.2018 жылғы №53/18 күндізгі отырысының хаттамасы); Директорлар кеңесінің 05.03.2014 жылғы №49 шешімімен бекітілген Қордың Басқармасы туралы Ережемен, 09.07.2020 жылғы №07/2020 өзгерістер мен толықтырулармен. <p>2020 жылы Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма Қордың жарғысымен олардың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарап, олар бойынша шешімдер қабылдады.</p> <p>Алайда, сонымен қатар, Корпоративтік басқару кодексінің №22 тармағының «Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қордың Жарғысында көзделген Жалғыз акционердің және Қордың Директорлар кеңесіндегі өкілдіктің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана Қорды басқаруға қатысады» Қордың Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы жалпы (бірыңғай) Ережені бекіту бөлігінде «ішінара сақталуы» байқалады.</p> <p>Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты қорды корпоративтік басқарудың негіз қалаушы қағидаты болып табылады.</p> <p>2020 жылы Қор Жалғыз акционердің келесідей құқықтарының сақталуын қамтамасыз етті:</p> <ol style="list-style-type: none"> Қазақстан Республикасының заңнамасында және қордың жарғысында көзделген тәртіппен Қорды басқаруға қатысуға құқылы; Қордың қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде қордың жарғысында айқындалған тәртіппен Қордың қаржылық есептілігімен танысуға; Қордың тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға (қордың 100% акцияларының меншік иесі (яғни оларды ұстаушы) болып табылатын Жалғыз акционер өзінің шоты бойынша үзінді көшірме беру туралы талаппен Бірыңғай тіркеушіге тікелей жүгінуге мүмкіндігі бар); Қорға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және сұрау салу Қорға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға құқылы. <p>Жалғыз акционердің ең маңызды шешімдерінің қатарына мыналар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> атқарушы органның (Басқарманың) бірінші басшысын қоса алғанда, Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және оларды сайлау туралы шешім; жылдық қаржылық есептілікті, өткен 2020 қаржы жылы үшін таза кірісті бөлу тәртібін бекіту туралы шешім; Қордың 2019 жылғы қызметі туралы жылдық есепті бекіту туралы шешім. <p>01.01.2021 жылға Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Карагойшин Р.Т. болып табылады.</p>
2	Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты	Сақталады	

№	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ	САҚТАЛАДЫ/САҚТАЛМАЙДЫ	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ОРЫНДАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР
3	Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қорды тиімді басқару қағидаты	Сақталады	<p>Қордың Директорлар кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Директорлар кеңесі туралы Ережемен және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттелген.</p> <p>2020 жылы Директорлар кеңесі Жарғымен Қордың Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қарады және қабылдады.</p> <p>01.01.2021 ж. Қордың Директорлар кеңесінде 6 директор, оның ішінде 3 тәуелсіз директор болды: Смайылов Әлихан Асханұлы, Директорлар кеңесінің төрағасы;</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Смайылов Әлихан Асханұлы, Директорлар кеңесінің төрағасы; 2. Баталов Раимбек Ануарұлы, тәуелсіз директор; 3. Бахмутова Елена Леонидовна, тәуелсіз директор; 4. Елемесов Асқар Раушанұлы, тәуелсіз директор; 5. Карагойшин Рустам Тимурұлы, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі; 6. Бурибаева Гаухар Асылбекқызы, Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрайымы <p>2020 жылы тәуелсіз директорлар саны 3 адамға дейін ұлғайып, директорлар Кеңесі құрамының 50%-ын құрады, бұл корпоративтік басқарудың үздік қағидаттарына сәйкес келеді.</p> <p>Директорлар кеңесінің қызметі Директорлар кеңесін қалыптастыру тәртібін, Директорлар кеңесі мүшелерінің мәртебесін, құрамын, құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайтын, Директорлар кеңесі қызметінің, отырыстарды шақыру мен өткізудің, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеудің тәртібін белгілейтін Қордың Директорлар кеңесі туралы Ережемен реттелді.</p> <p>Белгіленген тәртіпке сәйкес жыл сайын Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары бекітіледі. Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес тұрақты негізде Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің күндізгі отырыстары өткізіледі.</p> <p>2020 жыл ішінде Директорлар кеңесінің 12 отырысы, оның ішінде 9 күндізгі, 3 сырттай отырыс өткізілді, онда 110 мәселе қаралды.</p> <p>Директорлар кеңесі даму стратегиясына жаңартуларды талқылау мақсатында тұрақты негізде тәуелсіз директорлардың бастамасы бойынша және мүдделі тараптардың қатысуымен стратегиялық сессиялар өткізеді.</p> <p>Стратегиялық сессияның 15.12.2020 жылғы №01/20 отырысында мына мәселелер қаралды: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бизнес-үлгісінің стратегиялық тәуекелдерін талдауды қарау туралы.</p> <p>Кәсіпкерлікті қолдау құралдарының бірыңғай операторы ретінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның рөлі мен функцияларын талқылау мәселесін қарау.</p> <p>Директорлар кеңесінің жанында 3 комитет құрылды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті. 2) Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті. 3) Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет. <p>Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекіткен тиісті Ережемен реттеледі. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес комитеттерді тәуелсіз директорлар басқарады.</p> <p>2020 жылы өткізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму Комитетінің 10 күндізгі отырысы, онда 38 мәселе қаралды. • Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің 10 күндізгі отырысы, онда 67 мәселе қаралды. • Тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің 11 күндізгі отырысы, онда 26 мәселе қаралды.

№	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ	САҚТАЛАДЫ/САҚТАЛМАЙДЫ	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ОРЫНДАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР
4	Тұрақты даму қағидаты	Сақталады	<p>Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде атқарады. Тәуелсіз директорларға сыйақыларды төлеу тәртібі тәуелсіз директорлардың сыйақыларын іріктеу, төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларына сәйкес айқындалады. Тәуелсіз директорларға сый-ақы төлеу туралы ақпарат Қордың жылдық есебінде ашылады.</p> <p>Алайда, сонымен қатар, Корпоративтік басқару кодексінің №50 ережесінің (№2 параграф «Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру») Қорды табысты басқару үшін талап етілетін Директорлар кеңесінің осындай деңгейдегі әрбір мүшесін тартуға және уәждеуге жеткілікті сыйақы мөлшерін белгілеу бөлігінде «ішінара сақталуы» байқалады.</p> <p>Қор Басқармасы Қордың алқалы атқарушы органы бола отырып, Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Жалғыз акционер мен Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерін міндетті түрде орындайды.</p> <p>Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және жүктелген міндеттердің орындалуы үшін оның алдын-да жауапты болады.</p> <p>Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Жарғымен, Басқарма туралы Ережемен және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.</p> <p>Басқарма туралы ереже Қор басқармасын қалыптастыру және оның жұмыс істеу тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеуді, сондай-ақ олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыруды айқындайды.</p> <p>Қордың Директорлар кеңесінің 24.02.2017 жылғы шешімімен (№01/2017 хаттама) құрамы Басқарма Басқарма төрайымынан және басқарма мүшелерінен тұрады, Қор Басқармасының өкілеттік мерзімі осы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жыл болып белгіленген. 31.12.2020 жылғы жағдай бойынша Қор басқармасы мынадай сандық құрамда жұмыс істейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бурибаева Г.А. – Басқарма төрайымы; 2. Есқақов Е.А. – Басқарма төрайымының орынбасары; 3. Мақажанов Б.Н. – Басқарма төрайымының орынбасары; 4. Нұрғазиев Ғ.Н. – Басқарма төрайымының орынбасары; 5. Сәрсекеев Ф.Қ. – Басқарма төрайымының орынбасары. <p>Қордың Басқарма мүшелеріне сыйақы беру және олардың қызметін бағалау қағидаттары Қордың Директорлар кеңесінің 30.10.2015 жылғы шешімімен (№65 хаттама) бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларында бекітілген.</p> <p>Директорлар кеңесінің шешімімен Қордың орнықты даму саласындағы саясаты бекітілді (17.04.2019 ж. №03/2019 хаттама). Саясаттың мақсаты тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін құруда қор ұстануға тиіс негізгі нормаларды, қағидаттарды, қағидалар мен тәсілдерді айқындау болып табылады. Саясат талаптарына сәйкес:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Басқарма орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын бекітеді және жыл сайынғы негізде жоспар іс-шараларының орындалуы бойынша есеп қалыптастырады; 2. Қордың құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады. Орнықты даму бойынша іс-шаралар Қордың 2014–2023 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2019–2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына енгізілген. <p>Сонымен қатар, стратегиялық интеграция шеңберінде Қордың орнықты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, Қордың даму стратегиясын өзектендіру жоспарлануда.</p>

№	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ	САҚТАЛАДЫ/САҚТАЛМАЙДЫ	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ОРЫНДАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР
5	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты	Сақталады	<p>Қорда стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізудегі ақылға қонымды сенімді қамтамасыз етуге бағытталған өзара байланысты компоненттердің жиынтығын (ұйымдастыру саясаттарын, рәсімдерін, әдістерін, тетіктерін, мінез-құлық нормалары мен іс-қимылдарын және т.б.) білдіретін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері жұмыс істейді.</p> <p>Қордың стратегиялық және операциялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу қабілетіне сыни әсер ететін тәуекелдер тіркелімі мен картасын өзектендіру жыл сайынғы негізде жүргізіледі.</p> <p>Ішкі аудит қызметі белгіленген кезеңділікпен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүргізеді.</p> <p>Қор тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін үнемі жетілдіріп отырады.</p> <p>2020 жылы Жалғыз акционерге, Директорлар кеңесіне және Қордың басқармасына есептер ұсынылды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарына арналған шектеулердің сақталуы жөніндегі есеп; 2) Қаражатты игеру құрылымы, теңгерім, ГЭП-талдау, қордың валюталық позициясы туралы ай сайынғы есеп; 3) Несиелік, қаржылық, операциялық және стратегиялық тәуекелдерді қамтитын 16 қосымшадан тұратын тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп (Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде ұсынылған). 4) Тәуекелдер картасы, тәуекелдер тіркелімі және негізгі индикаторлар панелі операциялық тәуекелдердің барлық тізбесін және сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтитын Директорлар кеңесімен 2020 жылға бекітілді. 5) Қордың контрагент-банктерінің қаржылық жай-күйінің жартыжылдық мониторингі. <p>Директорлар кеңесі келесі ішкі құжаттарды бекітті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Директорлар кеңесінің 04.09.2015 ж. шешімімен бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты (№64 хаттама); 2. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі бақылау жүйесі туралы саясат; 3. Қаржылық тәуекелдерді басқару Ережелері және т. б. <p>Тәуекелдерді басқару саясатының негізгі мақсаты тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті тұрақты жетілдіру болып табылады.</p> <p>Ішкі бақылау жүйесінің негізгі мақсаттары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. операциялық қызмет шеңберінде: активтер мен пассивтерді басқару тиімділігін қоса алғанда, қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету, активтердің сақталуын қамтамасыз ету; 2. қаржылық есептілікті дайындау шеңберінде: қаржылық, реттеушілік және өзге де есептіліктің толықтығын, анықтығын және уақыттылығын қамтамасыз ету; 3. нормативтік және заңнамалық талаптарды сақтау шеңберінде: Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ ішкі актілердің сақталуын қамтамасыз ету. <p>Қорда негізгі мақсаты рөлдер мен функцияларды нақты бөлу есебінен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі болып табылатын қорғаудың үш желісінің үлгісі пайдаланылады. Әрбір желінің міндеттері мынадай: тәуекелдерді жедел басқару бірінші желіде жүргізіледі; біріктірілген тәуекел мониторингі және бірінші қорғау желісін екінші желіде тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыру мәніне бақылау және үшінші қорғау желісі үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің қызметіне тәуелсіз кепілдік беру. Егер әрбір қорғаныс желісі өз рөлін тиімді орындаса, оның стратегиялық мақсаттарына сәтті жету ықтималдығы артады.</p> <p>Ішкі аудит қызметі бар. Қордың Директорлар кеңесінің 23.02.2018 жылғы шешімімен (№01/2018 хаттама) ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімі анықталды – 3 (үш) жыл 22.02.2021 жылға дейін.</p> <p>Қордың Директорлар кеңесінің 09.03.2021 жылғы шешімімен (№01/2021 хаттама) ішкі аудит қызметі өкілеттігінің жаңа мерзімі – 2021 жылғы 23 ақпаннан бастап 2024 жылғы 22 ақпанға дейін 3 (үш) жыл және ішкі аудит қызметінің сандық құрамы - 4 бірлік мөлшерінде (ІАҚ бастығы – 1 бірлік; бас аудитор – 3 бірлік) белгіленді.</p>

№	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ	САҚТАЛАДЫ/САҚТАЛМАЙДЫ	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ОРЫНДАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР
6	Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты	Сақталады	<p>Ішкі аудит қызметі аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетке, Директорлар кеңесіне тікелей бағынып, олардың алдында өз жұмысы туралы есеп береді. ІАҚ міндеттері, функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның қызметінің тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалған.</p> <p>Ішкі аудиторлар тексеру жүргізу және аудиторлық есепті жасау кезінде ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарының, Директорлар кеңесінің 25.07.2011 жылғы шешімімен бекітілген Іскерлік әдеп кодексінің (19.04.2021 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен), ІАҚ туралы Ереженің, Директорлар кеңесінің 03.10.2019 жылғы №09/2019 шешімімен бекітілген Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидалардың, Қордың ішкі нормативтік құжаттарының нормалары мен ережелерін қолданады.</p> <p>Ішкі аудит қызметі өз қызметін Директорлар кеңесі бекітетін жылдық тәуекелге бағдарланған аудиторлық жұмыс жоспары, өзекті тәуекелдерді ескере отырып, әрбір жеке тапсырманы жүргізудің тәуекелге бағдарланған бағдарламалары негізінде жүзеге асырады.</p> <p>Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықтаулар және тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.</p> <p>Қордың Директорлар кеңесінің 15.04.2015 ж. Шешімімен бекітілген корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты (бұдан әрі – Саясат) шеңберінде реттеледі.</p> <p>Саясат жанжалдарды сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде Қор органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің іс-қимылдарын регламенттейді.</p> <p>2019 жылы Комплаенс-бақылаушының бастамасымен саясатқа бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • саясат талаптары қолданылатын адамдар тобының кеңеюімен; • Заң департаменті мен Комплаенс-бақылаушы арасында функционалдық міндеттерді қайта бөлу; • мүдделер қақтығысының туындау тәуекелін азайту бойынша жаңа шараларды қолдану. <p>2019 жылы Комплаенс-бақылаушы Қор қызметкерлері үшін мүдделер қақтығысын реттеу мәселелері бойынша кеңес берулер өткізді. Бұл ретте қорда корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысының туындау жағдайлары тіркелмеген.</p> <p>Директорлар кеңесінің 17.06.2019 ж. №06/2019 шешімімен Қордың тәуелсіз омбудсмені - Холдинг Комплаенс қызметінің басшысы тағайындалды, оның рөлі оған жүгінген Қор қызметкерлеріне кеңес беру және еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ Қор қызметкерлерінің Іскерлік әдеп қағидаларын сақтауға жәрдем көрсету болып табылады.</p> <p>2020 жылы мүдделер қақтығысына байланысты жағдайларға жол беру жағдайлары тіркелген жоқ.</p> <p>Қорда Корпоративтік жанжалдарды және лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын реттеу саясаты әрекет етеді, ол жанжалдарды сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ органдардың, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің осы процестер шеңберіндегі іс-әрекеттерін реттейді.</p> <p>Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығысын анықтау мақсатында ай сайынғы негізде үлестес тұлғалардың тізімі және тоқсан сайынғы негізде қормен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізілімі жүргізіледі.</p>

№	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ	САҚТАЛАДЫ/САҚТАЛМАЙДЫ	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ОРЫНДАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР
7	Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары	Сақталады	<p>Қор корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік және аудиторлық есептер туралы ақпаратты, үлестес тұлғалардың тізімдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №189 қаулысымен бекітілген талаптарға сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашуға жататын өзге де ақпаратты ашады.</p> <p>Мүдделі тұлғалар тобына Қордың қызметі, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, оның қызметінің нәтижелері және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақтылы ашу қамтамасыз етіледі. Ақпаратты ашудың үздік тәжірибесіне сәйкес Қор жыл сайынғы негізде қызметі туралы жылдық есеп дайындайды. 2020 жылы Қордың 2019 жылғы қызметі туралы жылдық есеп шығарылды.</p> <p>Қорда ақпаратты ашудың жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай ішкі құжаттар қолданылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қор Басқармасының 31.05.2019 ж. шешімімен (№77/2019 хаттама) бекітілген қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру регламенті. 2. Қор Басқармасының 06.04.2018 ж. шешімімен (№35/2018 хаттама) бекітілген Қордың жылдық есебінде ақпаратты дайындау және ашу шеңберінде құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл регламенті. 3. Қор Басқармасының 15.12.2017 ж. шешімімен (№099/2017 хаттама) бекітілген ірі мәмілелерді және жасалуына Қордың мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу қағидалары. 4. Kase және AIX регламенті. <p>Қор ақпараттық қауіпсіздік саясатын сақтайды және басшылыққа алады. Саясат ақпаратты қорғау жөніндегі негізгі қағидаттарды, бағыттар мен талаптарды айқындайды, ақпараттық қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады, тиісті ережелерді, ережелерді, нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде басшылық ретінде қызмет етеді.</p>

№2 қосымша

Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетудің шоғырландырылған көлемдері туралы есеп

1-бөлім. Қаржылық

р/б №	Демеушілік/ қайырымдылық көмектің негізгі басымдықтары, заңды тұлғаның/ жеке тұлғаның атауы	2020 ж.		2020 ж.		АУ-ЫТ-ҚУЫ	ЕС-КЕРТ-ПЕ	теңгемен
		ЖОСПАР	НАҚТЫ ТӨЛЕН-ГЕН/АУДАРЫЛҒАН ҚАРАЖАТ	НАҚТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША	АУ-ЫТ-ҚУЫ			
1								
2								
3								
4								
5								
6								
7								
8								
9								
10								
11								
12								
13								
14								
15								
16								

1.	демеушілік көмек, соның ішінде:	0	0	0	0
	жиыны:	0	0	0	0
2.	қайырымдылық көмек, соның ішінде:	3 109 232 (ҚҚС есептегенде)		2 776 100 (ҚҚС есептегенде)	3 109 232 (ҚҚС есептегенде)
2.1.	«ЖАНҰЯ» мамандандырылған кешені коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3 109 232 (ҚҚС есептегенде)		2 776 100 (ҚҚС есептегенде)	3 109 232 (ҚҚС есептегенде)
	жиыны:	3 109 232 (ҚҚС есептегенде)		2 776 100 (ҚҚС есептегенде)	3 109 232 (ҚҚС есептегенде)

№3 қосымша

Қысқартулар

ҚЫСҚАРТУЛАР/АББРЕВИАТУРАЛАР

ҚНА
ЕДБ
ЖІӨ
«БЖК 2025»
Жалғыз акционер, Холдинг, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
ЛК
ЖАО
МҚҰ
МШОК
ШОК
ҚР ҰЭМ
«Еңбек» бағдарламасы
БҰҰДБ
ІАҚ
МШОКС
ШОКС
ЖКС
Қор, «Даму» қоры

АНЫҚТАМАСЫ

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
екінші деңгейдегі банктер
жалпы ішкі өнім
«Бизнесің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ
лизингтік компаниялар
жергілікті атқарушы органдар
микроқаржы ұйымдары
микро-, шағын және орта кәсіпкерлік
шағын және орта кәсіпкерлік
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы
Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы
Ішкі аудит қызметі
микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері
шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері
жеке кәсіпкерлік субъектілері
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

МЕКЕНЖАЙЛАР МЕН БАЙЛАНЫСТАР

Бас кеңсе:

А05С9У3, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь көш.,
тел.: +7 (727) 244–55–66,
e-mail: info@fund.kz,
Қордың сайты: www.damu.kz
Call-орталық: +7 (727) 244–55–77,
қысқа нөмірі: 1408 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)

Филиалдар желісі:

1. Нұр-Сұлтан қ. бойынша өңірлік филиал

Z05T2H3, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел көш., 55 «А»,
«Бәйтерек» БО,
тел.: 8 (7172) 55–91–99, 55–92–14, 55–94–34 (35, 36),
e-mail: astana@fund.kz

2. Алматы қ. бойынша өңірлік филиал

A05K7A5, Алматы қ., Наурызбай батыр көш., 8,
«Коба» бизнес-орталығы, 1-қабат,
тел.: +7 (727) 244–55–66, 244–55–77 (ішкі 3100),
e-mail: info@fund.kz, Gaini.Alimzhanova@fund.kz

3. Ақмола облысы бойынша өңірлік филиал

C00G9B9, Көкшетау қ., Ақан сері көш., 46/1,
тел.: +7 (7162) 55–11–16, 55–11–14,
e-mail: akmola@fund.kz

4. Ақтөбе облысы бойынша өңірлік филиал

D00K9D9, Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғ., 51/1,
тел.: 8 (7132)70–38–08, 70–38–10, 70–38–11,
e-mail: aktobe@fund.kz

5. Алматы облысы бойынша өңірлік филиал

B01G6D5, Талдықорған қ., Төлебаев көш., 86,
Біржан сал көш. қиыл.,
тел.: +7 (7282) 55–87–10,
e-mail: Korkem.Taukhanova@fund.kz

6. Атырау облысы бойынша өңірлік филиал

E01X8K9, Атырау қ., Азаттық даңғ., 17,
тел.: +7 (7122) 55–81–01, 55–80–91,
e-mail: atyrau@fund.kz

7. Шығыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиал

F00M3F5, Өскемен қ., Победа даңғ., 6,
тел.: +7 (7232) 56–05–90,
e-mail: damu-vko@mail.ru

8. Жамбыл облысы бойынша өңірлік филиал

H01X4X8, Тараз қ., Желтоқсан көш., 94,
тел.: 8 (7262) 99–94–70,
e-mail: taraz@fund.kz

9. Батыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиал

L02K7D7, Орал қ., Темір Масин көш., 67/2 құр.,
тел.: +7 (7112) 55–48–08 (05, 06, 09, 10, 02),
e-mail: zko@fund.kz

10. Қарағанды облысы бойынша өңірлік филиал

M01M7M3, Қарағанды қ., Ермеков көш., 29,
тел.: +7 (7212) 55–90–20,
e-mail: Ainur.Adilzhanova@fund.kz

11. Қызылорда облысы бойынша өңірлік филиал

N02B7B1, Қызылорда қ., Иван Журба көш., 12

тел.: +7 (7242) 55-11-12, 55-11-18,

e-mail: damu@list.ru

12. Қостанай облысы бойынша өңірлік филиал

P00F8C6, Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ., 65,

тел.: +7 (7142) 99-03-05 (06, 07),

e-mail: kostanay@fund.kz

13. Маңғыстау облысы бойынша өңірлік филиал

R00A7D3, Ақтау қ., 16 шағын ауд., 24,

тел.: +7 (7292) 70-10-51,

e-mail: akerke.oryn@fund.kz

14. Павлодар облысы бойынша өңірлік филиал

S03G9X0, Павлодар қ., Бұқар жырау көш., 109,

тел.: +7 (7182) 70-38-02,

e-mail: k.zhakiyanova@fund.kz

15. Солтүстік Қазақстан облысы

бойынша өңірлік филиал

T01E6A4, Петропавл қ., Жамбыл көш., 191,

тел.: +7 (7152) 55-98-10 (16),

e-mail: sko@fund.kz

16. Шымкент қ. бойынша өңірлік филиал

X08X2D1, Шымкент қ., Қонаев бульвары, 95/1,

тел.: +7 (7252) 99-70-49,

e-mail: Aigerim.montayeva@fund.kz

17. Түркістан облысы бойынша өңірлік филиал

X43D7G7, Түркістан қ., Қожанов көш., 7,

тел.: +7 (7252) 99-70-49,

e-mail: ardak.moldabek@mail.ru

18. Семей қ. Шығыс Қазақстан облысы бойынша

өңірлік филиалдың өкілдігі

F16T7G3, Семей қ., Абай даңғ., 5,

тел.: +7 (7222) 60-00-50,

e-mail: damu-vko@mail.ru

19. Жаңаөзен қ. Маңғыстау облысы бойынша өңірлік

филиалдың өкілдігі

R10D1K8, Жаңаөзен қ., Шұғыла шағын ауд., 51 А,

тел.: +7 (7292) 70-10-51,

e-mail: akerke.oryn@fund.kz



DAMU
ҚӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ